

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

**Н.Б. Ағалиева**

**ШӘКӘРІМ ЛИРИКАСЫНЫҢ  
ЖАНРЛЫҚ-КӨРКЕМДІК СИПАТЫ**

*Монография*

Павлодар  
2016

ӘОЖ 82.09(035.3)  
КБК 83.3(5каз)  
А 22

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының  
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған

**Пікірсауапшылар:**

**С.Н. Сүтжанов** – филология ғылымдарының докторы, профессор.

**Н.Қ. Жүсіпов** – филология ғылымдарының докторы, профессор.

**А.Қ. Тұрышев** – филология ғылымдарының докторы, профессор.

А 22 **Ағалиева Н.Б.** Шәкәрім лирикасының жанрлық-көркемдік сипаты:  
монография / Ағалиева Н.Б. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – 143 б.

ISBN 978-601-267-059-2

Еңбекте Шәкәрім шығармаларының жанрлық, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері, ақын лирикасының идеялық-тақырыптық негізі қарастырылды. Шәкәрімнің лирикалық шығармаларындағы ұлттық сана мен қазақтың ұлттық мінезінің берілуіне, поэтикалық және тілдік бейнелілік қуатына әдеби-теориялық тұрғыда талдау жасалды.

Жұмысты студенттер әдебиеттану, қазақ әдебиеті пәндерінде поэзиялық шығармаларды, оның ішінде лирика жанрын талдауда, жанрдың көркемдік-эстетикалық табиғатын ашуда көмекші құрал ретінде қолдана алады.

ӘОЖ 82.09(035.3)  
КБК 83.3(5каз)

ISBN 978-601-267-059-2

© Н.Б. Ағалиева, 2016.

© Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, 2016.

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ поэзиясында көркемдік-эстетикалық жағынан қуатты, тілдік-бейнелілік жағынан өрнекті ерекше жанр – лирика. Қазақ лирикасы – ұлттық сөз өнерінің ең арналы, поэтикалық қуаты ерекше жанры ретінде көрініс тауып отырғаны әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттелініп келеді. Қазақ лирикасына ерекше өрнек әкелген, даралық стилімен көрінген ақындардың бірі – Шәкәрім. Шәкәрім шығармашылығы – ХІХ ғасырдың екінші жартысы және ХХ ғасыр басындағы тарихи-қоғамдық өзгерістермен, қазақ өнерінің мәдени серпіліс кезеңімен, халқымыздың тарихи-мәдени өмірімен тығыз байланысты. Ойшыл-суреткердің лирикалық шығармалары қазақ халқының ұлттық әдебиеті мен мәдениетінде, көркем философиясында ерекше орын алады. Шәкәрімнің лирикалық шығармалары – ұлттық және әлемдік сөз өнерінің жетістіктерін өз бойына жинақтаған әрі оларды бойына сіңіріп, ақынның даралық стилін айқын танытқан туындылар. Шығыс пен Батыс мәдениетін терең меңгеруі, ұлттық танымы мен көркемдік қуаты оның шығармашылығының маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу жұмысында Шәкәрім лирикасының жанрлық-көркемдік мәселесі жан-жақты, кешенді түрде қарастырылады.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ лирикасының тарихы мен жанрлық-көркемдік ерекшелігі туралы сөз қозғағанда, қазақ лирикасын қалыптастырушылардың бірі ретінде Абайдың дәстүрін жалғастырушы әрі ақындық мектебінің ірі өкілі Шәкәрімнің есімі ерекше ілтипатпен аталары сөзсіз. Оған басты себеп, ақынның поэзиялық шығармалары ұлттық әдебиетіміздегі лирика жанрының көркемдік биігін асқақтатып және қазақ лирика жанрын әлемдік үлгідегі туындыларымен қатарластыра алған поэзиялық қуаты мен ақындық мұратына қатыстылығы. Шәкәрім лирикасының ерекше қуаттылығы ғалымдар назарын өзіне бірден аудартқан еді. Ақын лирикасының өзгешелігі, даралық сипаты туралы академик Зәки Ахметов алғашқылардың бірі болып толымды пікір айтқан болатын: «Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның лирикасында көңіл күйі, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да елеулі орын алған. Алайда, Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті. Шәкәрімнің ойшылдығының, ақындығына тән фәлсапашылдығының сыры неде десек, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған» [1, 3 б.]. Шәкәрім есімі ақталысымен оның шығармашылығы, әсіресе, эпикалық шығармалары жүйелі түрде зерттелгенімен, лирикасы бүгінгі таңға дейін жүйелі де арнайы зерттеудің объектісі болмады.

Сондықтан зерттеу жұмысына арқау болған Шәкәрім лирикасының жанрлық-тақырыптық, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері бүгінде қалыптаса бастаған шәкәрімтану ғылымының негізгі зерттеу объектілерінің біріне айналып, осы ғылым аясында ғылыми аспектіде жүйелі қарастыруды қажет етіп отыр. Зерттеуде Шәкәрім лирикасының табиғатын оның шығармашылық өмір жолымен және ақын ғұмыр кешкен заманның тарихи-әлеуметтік жағдайымен бірлікте алып, ақынның ойтаным тереңдігі мен көркемдік көру қуаты контекст тұрғысынан талданады. Ақын өлеңдеріндегі Шығыс поэзиясы дәстүрі, фольклорлық үлгілер мен өрнектер, Абай дәстүрі және қазақ поэзиясындағы лирикалық жанрды дамыта жалғастырудағы даралық стилі ғылыми дәлелді тұжырымдармен зерттеледі.

Шәкәрімнің бай, мол мұрасын жарыққа шығаруға алпыс жылға тарта уақыт тыйым салынып келгеннен кейін оның ақталып халқымен қайта қауышқанына көп уақыт болмағаны әдебиеттану, жалпы гуманитарлық ғылымдар тарихынан белгілі. Шәкәрімнің ардақты есімі ақталып, шығармалары мен еңбектері халықтың рухани байлығына айналған соңғы он-жиырма жылдар шамасында Шәкәрім шығармашылығын зерттеу қарқынды дамып, Шәкәрімтану ғылымының қалыптаса бастағаны байқалады. Шәкәрім шығармашылығын зерттеу әдебиеттану ғылымы саласында ғана емес, сонымен қатар, философия, дінтану, мәдениеттану, тағы басқа гуманитарлық ғылымдар салаларында қарқын ала бастады. Алғашқылардың бірі болып ғалым Шәмшиябану Сәтбаеваның «Шәкәрім» атты еңбегі жарық көрді. Оның бір тарауы Шәкәрім еңбектеріне арналған (2). Шәкәрімтану мәселелері саласында диссертациялар қорғала бастады. Әдебиеттану саласында Б. Әбдіғазизұлы (3), Р. Құсақбаева (4), С. Ізтілеуова (5), Г. Аюпова (6), А. Үсенова (7), К. Бейбітова (8), Ж. Ахметова (9), А. Сейсекенова (10) Қ. Құрмамбаева (11), А. Тілеуханова (12), С. Қанаева (13). Ғұлама ойшылдың дүниетанымын философиялық тұрғыдан зерттеген А. Әліпбаев (14), А. Айтбаева (15), Г. Әбдірасылова (16), Б. Рақымжанов (17) және тағы басқа ғалымдар диссертациялық жұмыстар қорғады. Сонымен қатар Шәкәрім шығармашылығы жайында жазылған Ә. Бөкейханов (18), Ж. Аймауытов (19), М. Әуезов (20), Қ. Мұхаметханов (21), М. Мағауин (22), Ә. Дербісәлин (23), М. Қаратаев (24), З. Ахметов (25), М. Базарбаев (26), Т. Кәкішұлы (27), Р. Бердібай (28), Ш. Елеуқенов (29), Ж. Әбділдин (30), Р. Нұрғали (31), М. Жармұхамедұлы (32), М. Мырзахметұлы (33), Н. Келімбетов (34), Ғ. Есім (35), Ө. Күмісбаев (36), Т. Жұмажанова (37), З. Бисенғали (38), А. Ісмақова (39), С. Сүтжановтардың (40), жекелеген еңбектерін Шәкәрімтану ғылымына қосқан сүбелі үлес деп білеміз. Сондай-ақ, соңғы он-он бес жыл көлемінде мерзімді баспасөзде

де көптеген зерттеу мақалалар жарық көрді. Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми зерттеу еңбектерді жүйелеген «Шәкәрімтану мәселелері» сериялық ғылыми жинағының алты томдығы жарық көрді.

Монографиялық жұмыстың мақсаты Шәкәрім лирикасының идеялық-жанрлық және көркемдік-бейнелілік ерекшелігін, эстетикалық қуатын айқындап, қазақ әдебиетінде алар орнын қарастыру. Ақын лирикасының жанрлық-көркемдік табиғатын зерттеген ғылыми еңбектерге сүйене отырып, Шәкәрім лирикасының жанрлық ерекшеліктерін, әрі олардың көркемдік, эстетикалық қуатын қарастыруды мақсат еттік.

Зерттеуде ақын шығармаларының көркемдік дәстүрлермен сабақтастығы, лирикалық шығармаларының көркемдік-эстетикалық қуаты, идеялық-тақырыптық мазмұны лирикалық жанрдың сипатын ашар құрамды бөліктер ретінде қарастырылды. XX ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік жағдай мен әдеби даму сабақтастығы, қазақ лирикасындағы әдеби ағымдар мен көркемдік әдістер, лирикалық кейіпкер туралы тұжырым-түйіндер лирикалық өлеңдеріндегі фольклорлық дәстүрлер мен философиялық толғаныстар, көркемдік өрнектер тұтастықта алынып зерттелді.

Шәкәрімнің лирика жанрындағы шеберлігін айқындау, ақын өлеңдерінің жанрлық табиғатын, тақырыптық-көркемдік мазмұнын ашу, лирикалық шығармаларының көркемдік қуаты, ондағы көркемдік «Меннің» сомдалуы мен халықтық және ұлттық танымды танытатын категорияларды, олардың ерекшеліктерін ашуды басты назарда ұстадық.

Осы мақсатты орындау барысында төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

– Шәкәрім лирикасының идеялық-тақырыптық, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін жанр контекстінде қарастыру;

– Шәкәрімнің лирикалық шығармаларындағы ақындық «Мен», лирикалық тұлғаны көркемдік-эстетикалық феномен ретінде кешенді-жүйелі түрде зерделеу;

– Шәкәрімнің лирикалық шығармаларындағы ұлттық сана мен қазақтың ұлттық мінезінің берілуін қарастыру;

– Шәкәрім өлеңдерінің жанрлық табиғатын, ішкі жанрлық түрлерін анықтау;

– ақын лирикасының поэтикалық және тілдік бейнелілік қуатын саралау;

– Шәкәрім шығармаларындағы соны пәлсапалық сарынның философиялық лириканың қалыптасуына ықпалын қарастыру.

Монографиялық жұмыстың теориялық және методологиялық негізі ретінде әдебиеттану, филология және өнертану ғылымдарының

жетістіктері, ғылыми әдістер алынды. Негізінен, ұлттық әдебиеттану ғылымының байыптаулары, лирикалық шығармалар табиғатын, ондағы жанр мәселесін қарастырған ғылыми еңбектер диссертациялық жұмысымыздың негізгі методологиялық әрі теориялық тірегі болды. А. Байтұрсынов (51), М. Әуезов (52), Қ. Жұмалиев(53), З. Ахметов (54), З. Қабдолов (55), М. Базарбаев (56), М. Дүйсенов (57), Ә. Байтанаев (58), Т. Әбдірахманова (59), А. Сейдімбек (60), Р. Нұрғали (61), Ә. Тәжібаев (62), А. Еспенбетов (63), Қ. Жүсіпов (64), С. Дәуітов (65), С. Негімов (66), Б. Кәрібозұлы (67), Т. Көшенова (68), Т. Тебегенов (69), Қ. Бұзаубағарова (70), Б. Кәрібаева (71), тағы басқа да ғалымдардың еңбектері методологиялық негізі ретінде алынды.

Шәкәрім шығармашылығындағы лирика жанрын, ондағы тақырыптық-идеялық мәселелерін көркемдік-эстетикалық категориялар контексінде қарастыра отырып, ақынның даралық стиліне назар аудардық. Зерттеуге объекті ретінде алынған мәселені қарастыру барысында жүйелі-кешенді, тарихи-салыстырмалы әдістерді басшылыққа алдық. Жүйелі-кешенді және тарихи-салыстырмалы әдістер аясында Шәкәрімнің поэзиясын, ондағы лирика жанрын зерттеудегі негізгі нысана – көркемдік және эстетикалық қуатын, сондай-ақ, ондағы бейнелілік мәселесін, шығармашылығы контексінде қалай ашылғанын даралық стилі аясында айқындау; басқа да ұлт әдебиетіндегі лирикалық көркем шығармалармен салыстыра отырып, Шәкәрім поэзиясындағы лирикалық шығармалардың ұлт мәдениетіндегі орнын айқындау.

– Шәкәрім шығармаларының ішінде лирика жанры тұңғыш рет жеке диссертациялық тақырып ретінде алынып, кешенді түрде жан-жақты зерттелді;

– XX ғасыр басындағы қазақ лирикасындағы Шәкәрімнің лирикалық өлеңдерінің жанрлық, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері тарихи-теориялық аспектіде қарастырылды;

– Шәкәрім лирикасы ұлттық және әдеби дамудағы көркемдік дәстүр мен үндестік, сабақтастық жағдайында әдеби теориялық тұрғыда жан-жақты талданды;

– Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының метафоралық-бейнелілік қуаты әрбір ұғымдар аясында жан-жақты сараланды;

– Шәкәрім лирикасының жанрлық-тақырыптық, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері ұлттық әдебиеттану ғылымындағы лирикалық жанрдың даму типологиясымен тұтастықта алып қарастырылды;

– Шәкәрім лирикасының ауыз әдебиетімен байланысы, ақынның стильдік ерекшеліктері, лирикалық қаһарман болмысы, лирикалық әсемдік, асқақтық сипаты сияқты лирикалық жанрдың табиғатын құрайтын қуатты элементтер мен факторлар айқындалып, ақын

лирикасы жанрлық, көркемдік-эстетикалық жағынан жан-жақты сараланды.

Шәкәрім өлеңдерінің жанрлық-тақырыптық, бейнелілік-тілдік ерекшелігін зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер жұмыстың теориялық мәнін анықтайды. Зерттеудің практикалық мәні – әдебиеттану, қазақ әдебиеті пәндерінде поэзиялық шығармаларды, оның ішінде лирика жанрын, жанрдың көркемдік-эстетикалық мәселесі туралы оқылатын дәрістер мен арнаулы курстарда қолданыла алады.

# І ТАРАУ

## ШӘКӘРІМ ЛИРИКАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ЖАНРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 1.1 Ақын өлеңдерінің идеялық-тақырыптық негізі

Сөз өнерінде, жалпы өнерде идеяның алар орны ерекше. Идея бәріне басшы. Адам өмірінде, өнерде, ғылымда идеяның орнын айқындауда қаншама ой, пікір таласы болып жатады. Бәрінен идея қымбат деген ғылымда қанатты сөз де бар. Поэзияда, оның ішінде лирикалық шығармадағы идеяның орны туралы да пікірлер айтылып отырады. Сол шығарма дүниеге келген соң да, оның айтар идеясы не деген сауал зерттеушінің де, оқырманның да ойын мазалары сөзсіз. Көркем идея көркем оймен қабысып жатады. Идея туралы, оның мазмұн мәні жайында академик Зейнолла Қабдолов мынадай тұжырымды пікір айтады: «Идея, көркем идея – әдебиет пен өнер шығармасының өзегінен алынған жинақтаушы, эмоциональды, образды ой. Көркем ойдың нысанасы болып көбінесе белгілі бір дәуір шындығы неғұрлым айқын көрінетін өмірдің жекелеген құбылыстары алынады. Идея жазушының осы өмір құбылыстары туралы айтқысы келген ойы мен беретін бағасын білдіреді. Әрбір әдеби шығармада көркем шешім тапқан идеяның терең тамыры сол шығарманы тудырған суреткердің дүниетанымына, әлеуметтік көзқарасына жатады. ...Көлемді шығармаларда бірнеше тақырып және соған сәйкес идея да кездеседі. Мысалы, М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы шәкірт Абайдың ауылына келе жатқан эпизодындағы тақырып – тақырып туған жер болса, идеясы сағыныш, ал оның әжесі Зере мен анасы Ұлжанға, ана-жеңгелеріне амандасу эпизодының тақырыбы ана да, идеясы сағыныш. Көркем шығарманың идеялық-тақырыптық күрделілігі, яки көп проблемалылығы да осында. Көркем шығармада тақырыптар мен идеялар қанша көп болғанымен, олардың бәріне ортақ жері – бірлік болады» [71, 292 б.]. Ал, лирикалық шығармаларда, әрбір өлеңде өзіндік идея болады. Сонымен қатар, ақынның даралық стилі қалыптасқан, ұлттық идеясы айқын болса тұтас поэзиясының циклдік шығармаларын біріктіріп тұратын да идеяның болары анық. Онда халық тағдыры, адамзат қоғамы, жер бетіндегі экологиялық мәселелер көрініс табуы мүмкін. Жалпы көркем шығарма ең алдымен өзінің идеялылығымен құнды. Көркем шығарманың идеялылығы туралы академик Зәки Ахметов мынадай пікір айтады: «Шығарманың идеялық әсерлілігін арттыратын, оқушыны толғанып, тебірентетін – көркемдікпен көрсетілген өмір шындығы, сол шындықтың неғұрлым терең, тегеуірінді болуы. Әдеби шығармада суреттелген жағдайлардан өзінен



өзі ешбір күштеусіз еркін туатын қорытынды-түйіндер ғана нағыз қуатты көркемдік идея деп санауға ылайық. Мұндай нағыз көркемдік идеялар жасанды, жаттанды идеялар емес, шығарманың өн бойынан көктеп, жабыстырған жанама нәрсе де емес, сол шығарманың жаны, бойындағы қаны секілді, бөліп алуға келмейтін ажырамас ішкі қасиеті, оқушыға беретін идеялық әсері, шығарманың ішкі құрылыс-бітімімен біте қайнасып, кірігіп кеткен ой-пікірлер, идеялық нысаналар, шығармадағы толғаныстардың тоғысында туатын ой-түйін» [72, 292 б.].

Идея қашан да тақырыппен үндестікте дамиды. Сол шығарманың тақырыбынан, мазмұнынан оның идеясы көрініс тауып отырады. Идея тіпті суреткердің тұтас стилінен де көрініс табады. Идея барлығына жолашар тірек, қуат. «Сөздің ішкі формасын қарастырғанда стильдің идеялылығы айқындалады» [73, 361 б.], – дейді ғалым А.В. Чичерин. Идеяны танудың қиындығы сонда, онда ақынның арман-мұраты, ой-сезімі үндесіп келіп жатады. Өлеңнің өз ерекшелігі туралы айтқанда, лирикалық поэзияның жанр ретіндегі ерекшелігін де естен шығармауымыз керек. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Оған тартымды күш-қуат дарытатын – алғыр оймен суарылған жалынды сезім. Өмір, дүние, адам тағдыры жайлы үлкен толғаныстан тумаған, жай сезімшілдік поэзияны жандандыра алмайды. Лирикада үлкен ойтаным жатыр. Жай ғана сезімшілдік, мақсатсыз идеясыз дүние адамзат танымына терең әсер етуі неғайбыл. Шәкәрімнің лирикасындағы ең басты идея, негізгі тақырып – адамдық тақырыбы, адамгершілік мұраты. Шәкәрім адам баласын бөліп қарамаған. Сондықтан болар ақынның лирикалық шығармаларында адамдық қасиет негізгі алтын желінің бірі ретінде көптеген адам бойындағы жақсы қасиеттермен өріліп отырады. Мәселен, оның көп өлеңі осы тақырыпқа арналған: «Адамдық борышың...», «Адамнан артық жәндік жаралмаған...», «Адам немене?», «Адамның ең жақсысы...», «Адамның еркі қайда, – деп сұрағаным...», «Кісіге адамшылық неге керек...» т.б. Міне, осы өлеңдерінде Шәкәрім адамның болмысын, оның табиғатын түсінуге ұмтылған. Және осы өлеңдерде жеңіл үгіт жоқ, терең насихат бар. Шәкәрімнің «Адамдық борышың...» деген өлеңіне назар аударайық:

Адамдық борышың,  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай,  
Ар сақта, оны біл [115, 267 б.]

Бұл, Шәкәрім сияқты ақындық диапазоны кең, биік тұлғаның айтар сөзі. Өлеңнің дидактикалық маңызы ерекше. Яғни, адам үшін негізгі борыш халқыңа еңбек қылу екен. Еңбек етудің ең дұрыс жолы

ақ жолмен еңбек ету. Арбап, алдап көзбояушылықпен, қиянатпен ол жолға жету мүмкін емес. Өлеңнің идеясында адамның алдына мақсат қою, соған талпындыру идеясы жатыр. Бұл өлеңде Шәкәрім адамның өзіне емес, адамды биікке көтеретін адамдық қасиеті екеніне оқырман назарын аударып тұр. Шәкәрім сол адамды тіршілік иелерінің ішіндегі ең артығы деп қабылдаған, артық етіп тұрған осы адамшылығы екенін ескерткен. Осы тақырыпқа арнаған тағы бір өлеңі былай басталады: «Адамнан артық жәндік жаралмаған...». Ақын адамнан артық жәндік жаралмаған деп келіп, солай бола тұра барлық қиянат та адамнан шығатынын айтқан. Қиянат адамнан қай уақытта шығады. Адамшылықты жоғалтқан уақытта деген ой түйеді. Өлең мынадай жолдармен басталады:

«Адамнан артық жәндік жаралмаған», –  
дейді жұрт, айуан жоқ иттен жаман.  
Бұл туралы менде бір бөтен ой бар,  
Анық ұқсаң, айтайын, достым, саған [115, 151б.].

Міне, ақын алғашқы шумағында осылай ерекше ой түйеді де, өлеңді досқа қаратып айтады. Өлең сюжетті. Онда иттің иесіне достығы, оны жаудан қалай құтқарғаны, иесі алдында өз итінің неге үргенін байқамай ұруы бейнеленеді. Бұдан терең ой түйеді, яғни нағыз дос жақсылықты ұмытпаған дос деген ой айтады. Осы өлеңінде Шәкәрім жақсы адамның бейнесін жасайды:

Адамның айуаннан айласы мол,  
Қит етсе қиянатқа қояды қол.  
Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, –  
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол [115, 151б.].

Ақын өлеңдерінде сыншылдық басым. «Адамның айуаннан айласы мол, қит етсе қиянатқа қояды қол», – деген жолдардан, шынымен де адам табиғатындағы мінез ерекшелігін көреміз. Шәкәрім адамның адамдық қасиетін ашатын басты төрт қасиетіне ден қояды. Ондай адам мыңнан бір дейді. Жақсылығыңды ертең ұмытып кететіндер, қит етсе өкпелеп теріс бұрылатындарды сынайды. Бұл тұрғыдан алғанда иттің өзі мінезі кемшін адамнан әлдеқайда озық екенін айтады:

Әйтпесе өзге адамнан ит ілгері,  
Достықты ит ұмытпайды – артық жері.  
Қолыңнан сорпа жалап өскен күшік,  
Өлгенше есігінде жүргендері.

Осы өлеңінің алғашқы шумағының өзінде адам мінезін хайуан болса да иттің «мінезімен» салыстыра отырып, адамның қайсыбірінен иттің артық екенін көрсетеді. «Өлгенше есігінде жүргендері» деуі арқылы оның тұрақтылығын суреттейді. Соншалықты тұрақтылыққа негіз болып тұрған күшік кезінен бастап, қолыңнан бар-жоғы сорпа ішкендігінде жатыр. Оның тек қана есікте жүрмей, өзінің қызметін адал атқаратындығын мына өлең жолдары айқындай түседі:

Түнде тыным көрмейді қораға үріп,  
Шарқ ұрады ауылды шалып жүріп.  
Кетпейді дәмін татқан досын тастап,  
Қуалап анда-санда қойсаң да ұрып.

Тоқтамас өзге ауылға сыйласа да,  
Кек қылмас иесі ұрып қинаса да.  
Жүз жылдық дос бір күнде жау болады.  
Көңіліне бір қылығың сыймаса да [115, 151б.].

Шәкәрім адам бойындағы кемшін мінездерді итпен салыстыра отырып дәл басып анықтаған. Ол адамның достыққа тұрақсыздығы. Қанша жақсылықты тез ұмытатын, өзгермелілікті сынаған. Тұрақсыздық сияқты кемшін қылықтар да бой көтерген. Ақын поэзияда адам болмысын кең бейнелі түрде баяндаған. Өлеңнің негізгі тақырыбы – адам, негізгі идеясы – адамдық қасиет.

«Ақын тақырып таңдауға ерікті. Негізгі мәселе – ақынның сол алған тақырыбын идеялық-эстетикалық тұрғыдан шеберлікпен шеше алуында. Әрбір көзқарастағы, әрбір идеялық позициядағы ақындардың бір тақырыптың өзіне әр түрлі мазмұндық-көркемдік шешімдер беріп отыратындары да сондықтан» – дейді ғалым Мырзабек Дүйсенов [109, 12-13 б.]. Осы бағдарда, Шәкәрімнің 1879 жылы жазылған сексен тоғыз шумақтан тұратын «Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық...» деп басталатын өлеңіне назар аударайық. Бұл, Шәкәрімнің идеялық көру қуаты ерекше көрініс тапқан шығармасы. Шәкәрім осы өлеңінде:

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,  
Әртүрлі асылы көп өтпей жатқан.  
Тегін білсең – аласың бос береді,  
Тұтасымен ешкім жоқ мұны тапқан [115, 32 б.].

Ақынның осы өлеңге «Жастарға» деп тақырып қоюы кездейсоқтық емес. Жастарға арналған бұл өлеңде қуатты насихат бар. Ал, сол жастардың үлгі алатын адамы Абай екені өлең жолдарынан айқын көрініс тапқан. Данышпан ақынның жастар деп отырғаны тек қана сол

кездегі жастар емес, болашақ жастарына деген мағынаны да білдіреді. Сол болашаққа жол сілтейтін бірден-бір адам бар болса, ол – хакім Абай екен. Өлеңде қазақтың дүниетанымдық түсініктері кең таратылып айтылған:

Арам ақыл үйрендік айла, амалдық,  
Құлық пен өтірікті сайлап алдық.  
Ынсап, рақым, ұяттан жүген ұстап,  
Өзіміз ең түбінде қайда бардық?

Елірдік, ерегестік, елді жардық,  
Байлаусыз пайдасы жоқ іс шығардық.  
Бүгін дос, таң атса қас бола қалып,  
Бұлт еттік, «мен болдым» деп, ат аралық [115, 34 б.].

Шәкәрім осылай мінездегі өзгермелі құбылыстың табиғатын дәл танып ашады. Өлеңнің негізгі тақырыбы «Жастар» болғанымен ішкі ой желісін, өлеңнің идеясын нақтылайтын өзекті тақырыпшалары бар. Ол осы өлеңнің идеясына бағынған тақырыпшалар: ақыл, білім, ой, және өнер. Ақын осылардан жастардың құр қалмауын қалап, терең насихаттайды. Шәкәрім жастардың өмірлік мақсаты туралы айта отырып, өзінің өнерпаздық бағытын да айқындайды. Мәселен, «Қазақта қай жақсы бар сөз саларлық?» деген сұрақ қойып, оған жауапты өзі беріп «білімді, данышпан», шынайы хакім – ғалым Абай дейді. Өлеңнің негізгі идеясы – жастарды Абайдың жолымен жүруге шақыру, ал Абайдың жолы адамдыққа бастайтын арлылықтың жолы, білімге даналыққа құштарлықтың жолы. Абайдың арман-мұраттарын – білім, ғылым үйренуді, адал еңбек етуді, адамгершілікті, әділдікті ту етіп көтеру, надандыққа, жалқаулыққа, алауыздыққа қарсы күресу. Шәкәрім өзіне Абайды өмір бойы ұстаз тұтып өткен. Шәкәрімнің лирикалық шығармаларын зерттеу барысында байқайтынымыз тақырыптың сан алуандылығы: заман көрінісі, жастардың болашағы, адам болмысы, адамзаттың келешегі туралы философиялық толғам, өнер тағдыры, халық қамы, ел күйзелісі т.б. бәрі-бәрі данышпан ақынды толғандырады. Адамның көңіл-күйі, ой мен сезімінің үндесуі лирикалық жанрлардың басты ерекшелігі болып табылады. Абайдың осы өлеңіне терең талдау жасай келіп, академик Ғарифолла Есім өзгеше бір ой ұсынады. Ғалымның пайымдауынша, Шәкәрім бірінші абайтанушы және ондай қорытындыға осы өлеңді талдау барысында келеді: «Абай ақыл сатқан саудагер, бұл метафора астында шындық жатыр. Абай ақылды адам, бірақ оның ақылы жеке өз қазынасы емес, ол өзгелерге керекті ақыл. Шәкәрім Абайды әлі білмей жүрміз, оны

өтпей жатқан асылдары көп дейді. Абайдың өтпей жатқан асылдарын қабылдау ол заман түгіл бүгінгі күннің жеңіл шаруасы емес. Шәкәрім абайтануда сол кездің өзінде-ақ бір нәрсеге оқырман назарын нақты аударған, ол Абайға бастайтын жол туралы. Тегін білсең, Абай ақылын бос береді дейді, ол үшін, мәселе тегін білу, яғни Абайша ойлау дәстүріне түсу, даналыққа құштар болу, қысқаша айтқанда, Абайға жол табу. Шәкәрім осы өлеңін жазып отырған шағында Абайды тұтасымен ұққан ешкім жоқ дейді, демек, бұл істің басындағы ең алғашқы абайтанушы – Шәкәрімнің өзі. Ол Абайды тұтасымен ұққандықтан, арнайы өлең жазып отыр. Сондықтан абайтану саласындағы Шәкәрімнің бұл өлеңін тұңғыш еңбек деуге болады. Бұған дейін Абай туралы дәл Шәкәрім сияқты терең әрі ауқымды ойды ешкім айтпаған еді» [74, 61 б.]. Шәкәрімнің Абай поэзиясын терең танығанын ғалым нақты ашып беріп отыр. Шәкәрім өзін толғандырған қандай да бір тақырыпты алмасын, одан философиялық түйін жасауға өте шебер ақын.

Мәселен, ақын «Жігіттер, қор да емеспін, кедей де емен...» деп басталатын өлеңін «Қулар» деп атаған. Осы он төрт шумақтан тұратын өлеңнің идеясы ерекше. Бұл өлеңде қулардың жемі болып отырған бай адамдар. Байлық еңбекпен келген. Қулар түрін жүз құбылтып келеді. Ол былай бейнеленген: «Байлардың қу білмеген сыры қалмас, Тамам қудың бірімен-бірі жалғас». Қулық жағымсыз қасиет, ол адам бойындағы кесапат. Сондықтан ол әлеуметтік сипатына қарамай, адамдық қасиетін жоюымен көрінеді. Ол бірден байқалмайды. Ақын осындай елдің ішін жайлаған теріс мінезден қорқады, содан сақтандырады. Сондықтан өлеңде мынадай түйін жасайды:

Жігіттер, қор да емеспін, кедей де емен,  
Кемдік көрген жерім жоқ ештемеден.  
Құдай жолын біле алмай, қу билеген,  
Елден басқа қайғым жоқ, мұныма сен [115, 78 б.].

Қулық жай ғана адам мінезіндегі кемшілік емес екен. Ол әлеуметтік апат. Онымен барлығы тұтаса күрескені жөн.

Шәкәрім өлеңдерінің тағы бір тақырыбы ойлылық, философиялық толғаныспен астасып жататынын шәкәрімтанушы ғалым Балтабай Әбдіғазизұлы да атап көрсеткен: «Шәкәрімнің реалистік лирикасына тән ендігі бір қасиет – терең ойлылық, философиялық астарлылық. Бұл тақырыпта жазылған «Тура жолда қайғы тұрмас», «Тау басындағы ой», «Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық», «Кетті, келді», «Тіршілік, жан туралы», «Анық пен танық», «Махаббат пен құмарлық», «Пайғамбар Мұса жолықса», «Тәңірі мен жан», «Шыннан өзге құдай жоқ», «Шымды

жерде көресіз кара топырақ», сияқты көптеген өлеңдері Шәкәрім философиясының кең қанаттылығын, зор тынысын танытады» [75, 59 б.].

Мәселен, Шәкәрім «Ойлаңыз, ақыл, білім қайда болмақ...» деп басталатын он үш шумақты өлеңіне «Анық пен танық» деген тақырып қойған. Бұлай антонимдік мазмұнда тақырып қою Шәкәрім лирикасында жиі кездеседі. Ол өлеңнің жанрлық табиғатына да қатысты. Оған кейінгі тарауларда тоқталамыз. Тек тақырыптық жағынан қарасақ, ақын біріне-бірі қарсы екі ұғымды тақырып қылып алған. Өлең мына жолдармен басталады:

Ойлаңыз, ақыл, білім қайда болмақ,  
Денеде қандай орын, жайда болмақ?  
Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,  
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?

Тән – сезіп, құлақ – естіп, көзбен көрмек,  
Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек.  
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,  
Жақсы, жаман әр істі сол тексермек [115, 58 б.].

Біз Шәкәрімнің «Үш анық» деген философиялық трактатын білеміз. Яғни, анық деген сөз Шәкәрімнің қазақ поэзиясына енгізген тақырыбы. Ол кездейсоқ сөз емес, «анық» оның көркем шығармасында ғана емес, дүниетанымдық шығармасында да кездеседі. Оған қарама-қарсы ұғым «танық» болған. Осы арқылы Шәкәрім адам бойындағы жақсы мен жаманды айыратын ұғым ретінде қолданғанын байқаймыз. Академик Зәки Ахметов Шәкәрім лирикасындағы философиялық сарын туралы мынадай терең пікір айтқан: «Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның лирикасында көңіл күй, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да елеулі орын алған. Алайда Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті. Шәкәрімнің ойшылдығының, ақындығына тән фәлсапашылдығының сыры неде десек, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған. Сонымен қатар ол көп ізденіп, өте көп оқыған. Қазақтың белгілі ақын, жыршы-жырауларымен қатар арғы-бергі түрік ақындарының, шайырларының, араб, парсы, орыс және батыс ақындарының шығармаларын өте жақсы білген» [76, 8 б.]. Шәкәрім бес сезім мүшесін, олардың қызметін атай келіп, соның бәрі мидағы ойға хабар береді дейді. Дегенмен, негізгі шешімді жүрек шығарады дейді ақын:

Ой сонда неше толғау шимай салмақ,  
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.  
Дәл сондай қылайын деп ұнағанда,  
Ғаділетті жүрегің бір қозғалмақ.

Бар билік сол жүректен шығарылмақ,  
Денеге ол шымырлап әсер қылмақ.  
Ойыңды дұрыс деме, теріс деме,  
Сол арасын анықтап, қара бірақ [115, 58 б.].

Яғни, жүрекке салып өлше деген терең идея жатыр. Ақыл-ой қатты кетуі мүмкін, жүрек қашанда кешірімді деген де идея жоқ емес. Көркем шығарманың идеясын тану қашанда қиынның қиыны. Бұл өлеңнің идеясы Абай дәстүріне жалғасып жатыр. Шәкәрім лирикалық шығармаларында жүрек ұғымының мәнін ашуға күш салады. Ақын осы өлеңінде қолданған «ғаділетті жүрек» тіркесінен басқа жүрекке қатысты «таза жүрек», «нұрлы жүрек», жан жүрек», «жаралы жүрек», «шерлі жүрек», «сау жүрек», «аптыққан жүрек», «тайғақ жүрек», «жалынды жүрек», «тас жүрек», «мұңлы жүрек», «ыстық жүрек», т.б. тіркестерге кеңтарапты анықтама береді. Ойшыл ақын қарастырған жүрек ұғымы – адам мүшесінің ең асылы, рухани өмірдің тірегі. Сондай-ақ, имандылықтан бастау алатын адамгершілік қасиеттердің барлығы жүрекке келіп тіреледі. Жүректі рух игермей, нәпсі жеңген жағдайды «Сайтанмен ойнас жүрегі» деп, қатты сынайды. Ақын «ақ жүрек пен таза ақыл» ұғымдарын қатар қолдана отырып, ақ жүрек ұғымының мәніне ерекше тоқталған. Ақ жүректі Аллаһ жолы деп метафоралық символ деңгейіне көтереді.

Шәкәрім поэзияда қандай да бір тақырыпты алмасын тереңдетіп алып кетеді. Ақынның қайсыбір өлеңі көп тақырыпты болып келеді. Бірнеше ұғым тақырыпқа бір өлеңде жауап беретіні де бар. Мысалға, Шәкәрімнің «Білімділер насихат көп жазады...» деп басталатын өлеңінің осындай ерекшелігі бар. Осы өлеңде қайғы, дүние, өмір, бейнет, рахат деген ұғымдар лириканың «сюжетіне» тақырыптар ретінде алынып, олардың табиғаты ашылады. Ақын қайғы жайында ойын өлеңде былай таратады:

Қайғы көрсем: «Дүниенің жалғандығы, –  
Дедім, – алдап, мінеки алғандығы».  
Ол не десең, бұрынғы жазғандардың,  
Сөзі орнығып көңіліме қалғандығы.

«Мен де соққы жедім, – деп, – сұм дүниеден»,  
Көп жазып ем, оныма өкіндім мен.  
Ойласам, көрген бейнет, тартқан қайғы,  
Болыпты не біреуден, не өзімнен [115,63 б.].

Шәкәрімнің айтар ойы қайғыны адам баласы өз басына көбіне өзі тілеп алады. Оны тағдырынан көру ағаттық дейді. Шындығында, адам көбіне өзінің теріс қылығының жемісін көреді, сол үшін сазайын тартады. Адам баласы бір қайғыға түсіп кетсе, одан шығуы қиын. Сондықтан қазақ танымында «қайғы келсе, қарсы тұр», «қайғыға ешқашан мойыма» деп, жігерлендіріп, рух беретін ұғымдар қатар қолданылады. Адам сол қайғыдан арылуға, бейнетін зейнетке айналдыруға міндетті. Өйткені сенің адам деген атың бар. Қайғысы үшін тағдырды кінәлау тіпті жаратушының өзіне қарсылық дейді ақын:

Кімде-кім қайғы тартып, бейнет көрсе,  
«Сұм жалғанның қылғаны – бұл» – дей берсе.  
Әлбетте, бұл – тағдырға наразылық,  
Түбі Аллаға наразылық, ондайға ерсе [115, 63 б.].

Шәкәрімнің осы өлеңінің терең танымында имандылыққа шақыру жатыр. Ақын поэзиясындағы метатақырып ол – имандылық тақырыбы. Шәкәрім имандылықтың адам бойындағы ең биік қасиет екенін қазақ поэзиясында жан-жақты ашқан ақын. Оған төменіректе кеңірек тоқталамыз. Шәкәрім жоғарыда аталған өлеңінде тағы басқа өлеңнің ішкі тақырыбында бірнеше ұғымдарға тоқталған. Соның бірі – өмір тақырыбы:

Кейбіреулер жазады: «Қу өмір», – деп,  
«Тұрағы жоқ, алдамшы, су өмір», – деп.  
«Көрген қызық, қылған іс – бәрі де ұмыт,  
Иә, көлеңке, яки түс, у өмір» – деп.

Бұған да еріп көп жаздым түшіркеніп,  
Білімділер сөзі деп ентеленіп.  
Өмір емес, алдаған өзінді-өзің,  
Пәленшекем айтты деп қалма сеніп [115, 63 б.].

Шәкәрім өмірдің алдамшы, тұрақсыздығын, көрген түстей өтпелілігін сынға алуға қарсы шығады, өмірді кінәламауды, кемшілікті өзіңнен іздеу керек екенін насихаттайды. Оқығандардың өзін ой





Адамзат тірілікті дәулет білмек,  
Ақыл таппақ, мал таппақ,  
адал жүрмек.  
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,  
Не қорлық құр қылжаңмен күн  
өткізбек? [127, 15 б.].

Шәкәрім өмірдің заңдылығына қарсы шығу күнә екенін ескертеді. Тумақ, өлмек, қартаймақ тағдыр ісі, оны өзгерте алмайсың. Абай да, Шәкәрім де адал жүруге, тіршілікті босқа өткізбеуге шақырады. Дүниені жамандатқан сенің өз мінезіндегі кемшілік. Ол – тоймастық дейді ақын. Шындығында, өмірде адам сабыр сақтауы қажет. Сабыр – иманның жартысы дейді мұсылмандар. Шәкәрім поэзиясындағы ең қастерлі тақырып – имандылық тақырыбы. Шәкәрім лирикасында 28 өлеңнен тұратын «Иманым» деген циклмен өлең жазған. Басқаша айтсақ, осы имандылық тақырыбына арнайы өлеңдер жазған. Имандылық – Шәкәрімнің өмірлік кредосы. Адамзат баласын ақын осы өлеңдері арқылы имандылыққа, адамгершілік жолына шақырған. Осы циклдың идеясы – адамшылықты жоғалтпау, ар ілімімен өмір сүру. Шәкәрім бұл тақырыпқа тереңдеп барған. Ол туралы ғалым Ерлан Сыдықов мынадай пікір білдірген: «Шәкәрім адамгершілік идеясын ақындық нысанына алып, тарихи әділеттікті, нақты деректерді көркемдік деталь ретінде пайдаланып, шынайы оқиға жүйесінен ауытқымай оны тари жыр дәрежесіне көтерген» [77, 38 б.]. Дүние деген не, ондағы адамның орны, тіршілік пен өмірдің арасында үндестік тағы басқа көптеген сауалдарға имандылық тақырыбында жазылған өлеңдерінде жауап іздейді. Ол ақиқат тарихты әздеген, керісінше уақыттың, саясаттың өзіне бұрмалаған жасанды тарихына қарсы шыққан. Шәкәрімді өмірдегі жақсы не, жаман не, адал кім деген сауалдар ерте ойлантқан. Шәкәрім бұл циклдегі өлеңдерге үлкен дайындықпен келгенін өзі де жасырмады:

Қырықтан соңғы иманым,  
Отыз жылдай жиғаным.  
Көп ғалымның сөзінің,  
Ақылға салдым сыйғанын.

Молдалардың әдісін,  
Пайғамбардың хадисін.  
Әулиелік жадысын –  
Алмадым ақыл тыйғанын [115, 235 б.].

Шәкәрімнің осы циклді өлеңдерінде «Молда айтсын, бәлкім әулие айтсын, егер менің ақылыма қонбаса, оны алмаймын» деген идея жатыр.

Шәкәрім ақыл ұғымын ерекше құрметтеген адам. Шәкәрімнің «Пайғамбар қыл ақылды» деп оның орның ерекше биіктетететін сәттері бар. Сондықтан да осы өлеңінде «Алмадым ақыл тыйғанын» дейді. Мұсылман әлемінде қасиетті Құран Кәрімнен кейін, шындық сөз хадистер екені белгілі. Бірақ соның өзін теріс бұрып, өзін әулиемін деп өзгертпекші болғандарды сынап отыр. Ол не нәрсені болсын ақылға өлшеп қарауға насихаттаған. Өлеңнің негізгі идеясы осы. Өлеңнің келесі жолдарында өзінің өмірлік ұстанымын айқындап береді:

Айтса да қандай ғалым зат,  
Дәлелсіз болса, бәрі – оғат.  
Даусыз таза хақиқат,  
Жолында жанды қиғаным [115, 235 б.].

Шәкәрім қандай да бір нәрсенің дәлелі болуын талап етеді. Ақиқат шындық жолында тіпті жанымды қиюға да дайынмын дейді. Бұл – данышпанның сөзі. Шындығында, Шәкәрім аласапыран заманда да шындықтан қайтпай, адамзат баласын адастырар жолға түспеген. Бірақ райынан қайпай, соның құрбаны болды. Сондықтан ақын «Даусыз таза хақиқат, Жолында жанды қиғаным», – дейді. Өмір бойы адамзатқа ар жолын сілтеумен өмір сүрді. Имандылық жолына түсірсем деген арман тілекте болды. Ол туралы ойын ақын былай жалғастырады:

Үйретсем иман адамға,  
Әлімге, мейлі наданға,  
Қолы жүйрік, көзі өткір,  
Көңілі соқыр шабанға.

Түзетсем оның тілегін,  
Тірілтіп өлген сүйегін.  
Жұлып алсам жүрегін,  
Кеудесін басып табанға [115, 235 б.].

Бұндай «қолы жүйрік», «көңілі соқыр» сияқты метафоралық образ қазақ лирикасында сирек кездеседі. Шәкәрім адам баласын бөліп қарамаған. Ол жақсыға да, нашарға да иман үйретсем деген ниетін білдіреді. «Қолы жүйрік» тіркесін адам баласының пысықтығын білдіруге қолданса, «көңілі соқырды» кеудесінде сәулесі жоқ, надандығын білдіруге пайдаланады. Қазақ танымындағы не нәрсеге де күш

көрсетуде табанға салып тарту ғадеті барлығын ойлап, ақын кірлеген жүректі солай жұлып алғысы келеді. Бұндай қуатты, бұндай әсерлі әрі толқынысты бейне адресатты бей-жай қалдырмасы анық. Шәкәрім бұл өлеңін жетпіс жасында жазған. Яғни, отыз жылдай толғандырған тақырып. Өзін үлгі ете отырып ақылға симағанын алма, ешкімнің айтқанына көзің жетпесе, ерме деген насихат ұсынады. Шәкәрім өлеңдерінде шындық шамырқанып шығатын сәттер көп. Мысалы, «тірілтіп өлген сүйегін» деген жолдар қаншалықты терең мағынаға тартып тұр. Қазақта «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген таным бар. Жоғарыдағы өлең жолдар сол таныммен реминисценциялық шарпуысқа түскен. Жеті-сегіз буынды өлең тармақтары аралас өрнекті құрылым ерекеше интонация беріп тұр. Шәкәрімнің бұл өлеңінде иман сөзі ақылмен астасып өміршең кең мағынада қолданылған. Ақынның бұл айтып отырғаны құрғақ үгіт емес, терең насихат. Ақылға өлшетіп, өмірде салмақтап барып айтылған сөз. Ол туралы суреткер былай дейді:

Философ сөзін оқыдым,  
Талайын ойға тоқыдым.  
Кітабын да көргемін,  
Әулие мен сопының.

Бәрін де сынға саламын,  
Керектісін аламын.  
Ашып алып тастадым,  
Таз басының қотырын [115, 236 б.].

Ақын ойын айқын жеткізген. Философты да оқыдым, әулиенің де, сопының да кітабын оқыдым дейді. Бірақ соның бәрін оқып қана қоймай, ойыма тоқыдым дейді. Сондықтан керектісін алып, керексізін жай қалтырмайтынын айтады. Оны емдеуге ұмтылатынын айтқан. Бұл жай ақынның сөзі емес, кемеңгер тұлғаның сөзі. Жалпы Шәкәрім өлеңдерінде авторлық тұлғаның орны ерекше, басқаша айтсақ, ақын тұлғасымен астасып жатады. Абстракциялық жалпылай айту Шәкәрім лирикасында сирек кездеседі. Бұл бағдарда шәкәрімтанушы ғалым Балтабай Әбдіғазидың мына бір тұшымды пікірі біздің ойымызды нақтылай түседі: «Заман тақырыбын тебірене тұрып толғайтын рухани күш-қуат, ширақ сезім, қуаныш пен мұң, күлкі мен күрсініс, балдай тәтті жан ләззаты мен ырқына көндірмей қоймас көңіл серпілісі, таңғы шықтай, тау бұлағының суындай мөлдір сезім мен сергек те сенгіш жүрек, өз заманының кеселдері мен барша адамзат басындағы

проблемаларға деген күйзеліс, сәбиге тән пәк көңіл мен көпті көрген қарияға лайық ақыл толқындары бәрі-бәрі Шәкәрім лирикасынан табылатын тамаша қасиеттер. Түйіп айтқанда, Шәкәрімнің лирикасы сол заманның айнасы болды» [78, 65-6]. Ақын өзі таңдаған жолдан айнымайтынын түйін шумақтарда анық қылып айтқан. Бұл оның даралық стилінің көрінісі:

Саяз ақыл бас ұрған,  
Мақтауын көкке асырған.  
Жаба тоқып жасырған,  
Талайдың жардым шиқанын.

Ақылдан адас қалмайын,  
Бос жетекке бармайым.  
Дәлелсіз сөзді алмайым,  
Көтермеймін қиқаңын [115,236 б.].

Өзінің адамдық позициясында осынша нақты тұрып сөйлеу ақынның көзқарас қуатын айқындайды. Бұл жерде Шәкәрім жаңалықтың жөні осы екен деп халық танымынан, өзінің өмірлік ұстанымдарынан алыстамайды, қайта оны түрлендіріп, әрлендіреді. Оған мысал «жаба тоқып жасырған» тіркесі. Ақын осы ұлттық танымда бар тіркесті өз қалауына қарай өзгертіп пайдаланған. Шәкәрімнің «Иманым» циклінде жазылған өлеңдері философиялық тереңдігімен, өрнекті айшығымен ерекшеленеді. Ақын өмірде өзіне тірек қылған ой-танымды ерекше жүйемен берген. Бұндай терең тақырыпқа осыншама мол өлең арнау қазақ поэзиясында Шәкәрімге дейін болмаған. Шәкәрім «Иманым» цикліндегі өлеңдерінде адам болмысына мол тоқталған. Ол туралы шығыстанушы Абдулғалым Маралбек былай дейді: «Шәкәрім – Шығыс шайырлары желісін үзбей келген ізгілік ілімінің, Исламның ішкі мазмұнының мәнін бізге жеткізуші ұстаз» [79, 311 б.]. Бір өлеңінде сол адамның көптеген мінез қырларын ашса, енді біреуінде соның нақты біреуіне тоқталады. Мәселен, «Залымдық қылып елді жеп...», – деп, басталатын өлеңі осы жолда аталып тұрған, адам бойындағы аса қатерлі теріс мінез залымдықтың табиғатын ашуға бағытталған. Назар аударайық:

Зұлымдық қылып елді жеп,  
Ойладың әбден байырды.  
Атану үшін мырза деп,  
Кәріпке бердің қайырды.

Құлшылық қылдым деме құр,  
Қобызға жаққан шайырды.  
Жазалы жаның сезіп тұр,  
Жасырған мен зайырды [115, 254 б.].

Шәкәрім поэзиясынан адам бойындағы қандай да бір қылық көрініс таппай қалмайды. Залымдықтың тамыры тереңде екенін білген ақын оның болмысын сәтті теңеулермен дәл басып көрсетеді. Осындағы «Құлшылық қылдым деме құр, қобызға жаққан шайырды...» деген жолдар қуатты да уытты. «Жаққан шайыр» ол тұз жалатқанмен бірдей. Нағыз мырзалық қылғың келсе, халқыңа көмектес. Ал, сен болсаң өз елінді өзің жеп, мырза атанғың келеді. Сондықтан да сенің жаның жазалы. Бұл қылығың сенің шынайы болмысыңды жасыра алмайды, бәрібір байқалып көрініп тұр дейді. Ол мына жолдарда ашыла түскен: «Жазалы жаның сезіп тұр, Жасырған мен зайырды.». Жалпы, Шәкәрім лирикасында сын аса өткір келеді. Осылай деп залымдықтың қайда жасырынып жатқанын анықтап алған соң, Шәкәрім өткір сатирамен залымдық жолдағы берекесізді түйреп тастайды:

Құдайға пара бересің,  
Лақ пен қотыр тайыңды.  
Жоғалтқандай көресің,  
Ел жылатқан жайыңды.  
Олай емес шырағым,  
Мұның түбі уайым-ды.  
Параға берген лағың,  
Ар, иманнан айырды.  
Елден кешу алмасаң,  
Жалмауыздай жалмасаң.  
Тәңіріні малмен алдасаң,  
Алдыңда көрің дайын-ды [115, 254 б.].

Адамзат қоғамы өз басынан қаншама зұлымдықты кешірді. Соның басы адамзат баласы өзін-өзі алдауынан басталады. Сол алдаудың ауыры «Ел жылату екенін», елді зар илетіп, одан кейін берген пітір-садақадан қайыр жоқ екенін айтады. Ең алдымен адам баласына жамандық жасамай, ізгілік жолында жүру керек. Сондықтан да шын ниеттеніп халыққа еңбек қылмай, көзге көрсетіп берген малың парамен тең дейді. Шәкәрім бұл жерде де даралық стилімен өзге суреткерден ерекшеленіп тұр. Ақын қай тақырыпқа бармасын оны барлық қырынан толық ашып көрсетуін классикалық стильдің көрінісі

деп танымыз. Шәкәрім «Иманым» цикліне кірмейтін өлеңдеріне де тақырып беруді дәстүр қылған. Мәселен, «Білгенімді жазушы ем...» деп басталатын көлемді өлеңінде ақын адам бойындағы ашу мен ынсап сияқты мінез өзгешеліктерін ашу барысында, басқа мінез өзгешеліктеріне анықтама беретіні бар. Анықтама дегенде поэзиялық бейнелі тілмен сол мінез ерекшеліктерінің образын жасаған деп те түсінуге болады. Жалпы Шәкәрім поэзиясы адам болмысына тереңдеп үңілуімен ерекшеленеді. Ол адамзаттың сол кемшін мінездерін азайтуға күш салады. Өлеңнің алғашқы шумағынан-ақ автордың мақсаты айқындалған:

Білгенімді жазушы ем,  
Бекем буып белімді.  
Мінін айтып қазушы ем,  
Түзетпек боп елімді,  
Бұлдарлық ой менде жоқ,  
Бұған шыққан терімді.  
Ұқтырарлық пенде жоқ,  
Қате басқан жерімді [115, 51 б.].

Шәкәрім «Түзетпек боп елімді» дей келе, кейінгі шумақтарда осы жолда көрген қиыншылықтарын айтады. Қайсы бір шақтарда налығанын да жасырмайды: «Ел тіліме көнбеді, жыладым да қамықтым» дейді ақын. Ақынды өзінің жеке басының әлдебір қиындығы қинамайды, халықтың тағдыры, оның жағдайы толғандырады. Бұл үлкен жүректі ақынға тән қасиет. Өзіне қаратып айтатын жолдар да кездеседі: «Енді қайда барасың, Түрі мынау халықтың?» дейді. Осы өлеңде лирикалық қаһарман бейнесі ерекше тебіреністе көрініс тапқан:

Айла таппай адастым,  
Қайғы артылып мойныма.  
Ақылымнан шатастым,  
Жас төгілді қойныма.  
Ойландым да сандалдым,  
У жайылды бойыма,  
Мұңдасуға қамдандым,  
Қайратым мен Ойыма [115, 51 б.].

Міне, осылай лирикалық қаһарман, өзімен сырласуға ұмтылады. Жауап іздейді, осылай келіп, лирикалық қаһарман өз бойына адам мінезінде көрінетін қылықтарды беріп, солармен сұхбатқа түседі.

Ақын лирикасындағы рефлексия, яғни, өз санасында ойланып, толғанып, көп нәрсені еске түсіру үрдісі айқын көрініс тапқан. Бұл – Шәкәрім поэзиясындағы өзіндік сөз саптаудың, даралық стильдің көрінісі. Сол кезде тақырыптың ішінен тақырып өріс тауып дамып отырады. Ақынның өзі осы өлең тақырыбында атаған ашу ұғымына назар аударайық. «Ашу» – дерексіз ұғым, адамның мінез көрінісі екені белгілі:

«Болмаймын, – деп, – келіншек», –  
Ашу келді арсылдап [115, 51 б.].

«Елді сөк те жаманда, –  
Деп ұрысты Ашуым, –  
Жамандықтан аман ба,  
Шыннан қалай қашуың?»  
Қиын болды баяндап,  
Аяқты қалай басуым [115, 52 б.].

Шәкәрім дерексіз ұғымдарды лирикалық бейне түрінде қолданады. Ашу – бірінші лирикалық бейне. Ақын ашуды сөйлетіп, шарттылықты қолданады. Арсылдаған келіншекке теңей отырып, ашудың мәнін ашады. Ашу мінезінен адам табиғаты көрініс табады. Ашуға ілессең елді сөгіп жамандауың керек. Оның ішінде жамандар көп қой сондықтан бұл шындық, сен одан жалтарма дейді. Бір қарағанда ашуды дұрыс сияқты болғанымен, оның ұстанған жолы қауіпті. Долданып елдің берекесін кетіретін ұрысқа шақырып тұр. Ашудың адамға абырой әпермесі анық. Осы ұғымдарды поэзияда жанды тұлғадай бейнелеуі Шәкәрімнің шеберлігін көрсетеді..

Ақынның осы өлеңде ашуға қарсы қойған ұғымы әрине – ынсап. Бірақ ақын ынсап пен ашуды бірден кездестірмейді. Алдымен ашуға қарсы сабырды жібереді. Сұхбаттың осы сәті өлеңде былай берілген:

Сабыр келді аяңдап:  
«Жарамас, – деп, – сасуың,  
Бәріне де хабар сал,  
Рахым, ұят, ар қайда?  
Қаруыңды жиып ал,  
Құр ашудан не пайда?  
Қайратың мен сақтығың,  
Көріне ме маңайда?  
Өлше істің ақтығын,  
Ынсап бар ма оңайда» [115, 52 б.].



Өлеңде «Сабыр» – екінші лирикалық бейне, «Ынсап» – үшінші лирикалық бейне ретінде берілген. Мұнда лирикалық қаһарман жасырын тұр. Шәкәрім сонымен қатар, «Қайрат», «еріншек» сияқты дерексіз ұғымдарды да лирикалық бейне түрінде қолдана отырып, өлеңнің мазмұнын ашады. «Өңкей асау, мас халық» олардың бәрін қашырған. Сол мастықтың салдарынан рақым, ұят, ар дегендер топыраққа басылып қалған екен. Кәрінің қайраты қайтқан, сөйтіп оны да қайғы басқан екен. Не істеу керек? Осы кезде сабыр тағы да аренаға шығады. Сабырымды сақтайын дейді. Дегенмен «қайратты тап» – деп, ақылды жұмсайды. Яғни, не нәрсені ақылға салып барып, адам қайраттанса жолдың оң болатынын ескертеді. Лирикалық шығармада ұғымдар жүйесін мақсатты түрде кең тарапта қолданған Шәкәрім болды. Осы арқылы адам болмысының сопылық мәнін ашуға ұмтылды. Ынсапқа келмес бұрын ақын еріншектің бейнесін толық ашып кетеді:

Жалт қарасам бетіне -  
Баяғы құрғыр Еріншек.  
Көзім түсті етіне –  
Бір уыздай келіншек.  
Құры көзбен қарасам,  
Қызығады ой тентек.  
Ақылмен өлшеп санасам,  
Қозады оған ескі кек [115, 53 б.].

Шәкәрім осылай адам бойындағы ең қауіпті мінез еріншекті келіншекке теңеп, сынға алады. Еріншек – шартты бейне. Ақын «уыздай» теңеуін пайдалана отырып, келіншектің жастығын, ақтығын, балғындығын көрсетеді. Әрине, оның уыздай балғын денесі көптің көзін байлағанын айтады. Ойдың өзі тентек қырымен шатасады. Адам бойындағы еріншектікті «уыздай келіншекке» теңеу бұрын қазақ поэзиясында болмаған. Жастық шақтағы құмарлық адамды қаншалықты шатастырса, адам болмысына еріншектік кірсе де өмірдің соншалықты сүреңсіз болатынын ақын ашып көрсетеді. Шәкәрім бейнелі түрде адам баласына еріншектіктің қауіптілігін суреттеп берген.

«Ей, Еріншек, кара жүз,  
Не қылмадың сен маған?  
Енді менен күдер үз,  
Жақындама бер таман.

Сенің қылған ісің ғой,  
Харекетсіз көп надан.  
Рахымы жоқ жәдігөй,  
Қойып едің кімді аман? [115, 54 б.].

Сөйтіп, лирикалық қаһарман «Көп наданды харекетсіз қалдырған сенсің еріншек, сен адам бойына енсең ешкімді де аман қалтырмайсың», – деп, ашық айтады. Ақын «Әй, Еріншек, қара жүз, Не қылмадың сен маған?» деген жолдарда, «уыздай» теңеуіне «қара жүз» сөзін қарсы пайдаланады. «Қара жүз», «жүзі қара» тіркестері, қазақ ұғымында ұятсыз, арсыз дегенді білдіріп, адам бойындағы жаман қылықтардың жиынтығы түрінде суреттеледі [80, 22 б.]. Осындай, еріншектік сияқты, қиын да қауіпті жолдан адам баласын ашу құтқара алмайды. Адамға ынсап берсін деген идея өлеңде айқын көрініс тапқан. Шәкәрім ынсаптың бейнесін осындай мінез табиғатындағы көрініс табатын келеңсіз қылықтарды айта келіп, соларға қарама-қарсы жағымды қасиет ретінде ашып берген. Енді сол ынсаптың бейнесіне, оның «мінез» ерекшелігіне тоқталайық:

...Бәрі ынсапқа сынатты,  
Ынсап өлшеп көрді де,  
Былайша деп ұнатты:  
«Ел саңырау надан ғой,  
Естіле ме құр айғай,  
Емделмеген адам ғой,  
Ем бола ма құр ойбай,  
Құлағы мен көзін аш,  
Оқу оқыт, ғылым жай,  
Насихатты сөйтіп шаш... [115, 55 б.].

Мақтағанға мәз болма дейді. Кітап оқып, газетке жазыл дейді. Шәкәрім халқының білімге ұмтылуын армандағаны осы өлеңде айрықша байқалған. Ол арманын ынсаптың аузына салып айтып тұр. Ынсаптың бұл тілегін жүрек те құптайды. Шәкәрім қараңғылықты ауру ретінде қабылдайтыны бар. Содан, яғни қараңғылықтан емдел деген ой айтады. Құр бос сөз ем болмайды дейді, құлағын аш дейді, көзін аш, әйтеуір халқыңа қызмет қыл дейді. Азаматтың халқына қызмет қылуы, ең басты парызы екенін поэзия тілімен насихаттаған. Дана ойшыл қазақ халқының басқа дамыған халықтардан кем болмауын армандаған. Өлеңнің сентенция шумағында ақын өзінің авторлық ойын былай түйіндейді:

Жұқпайды екен айтқан сөз,  
Ғылымы жоқ наданға.  
Кеудесінде болса көз,  
Жұғар мұндай адамға.  
Ондай адам қазақтан,  
Көп туса осы заманға,  
Босар еді-ау азаптан,  
Қазақ шығып самалға [115, 55 б.].

«Қазақтың самалға шығуы» – Шәкәрімнің арманы. Бүгінгі тәуелсіздік алған елін Шәкәрім көрмей кетті. Бірақ үмітін үзбепті. Оны осы өлең тақырыбы, ондағы қуатты идея айқын көрсетіп тұр. Елдің алдыңғы қатарға шығуының негізгі тірегі білім мен ғылым екенін Шәкәрім өз шығармаларында талмай насихаттаған. Сондықтан Шәкәрім өлеңдерінің тақырыбының күшті жағы осы деп айта аламыз. «Адамдық борышын, Халқыңа қызмет қылу» деген Шәкәрім өзі де осы жолдан соңғы демі қалғанша айнымай өткен. Өзінен болған бейнетті дүниеге жала қылып жаппа, «Дүниенің ол туралы жасасы жоқ. Біз сөкті деп тоқтай ма Алла атқан оқ» дейді. Өмірдің, мына дүниенің заңы өз дегенімен жүреді, сен де сонымен үндестікте өмір сүр деп насихаттайды.

Шәкәрім «Білімділер сөз жазып, зарлағанда...» деп басталатын өлеңіне «Адам немене?» деген сауалды тақырып қояды. Осы кең панорамалы өлеңінде адам болмысының табиғатын тануға ұмтылыс жасаған:

Ойласаң, барша адамзат – туған бауыр,  
Бірін-бірі шұқылап қылды жауыр.  
Балалық, айуандықтан шыққан ел жоқ,  
Бұл сөзім талай жанға тисе де ауыр [115, 179 б.].

Адамзат баласының бірінің-біріне бауыр екенін ескертеді. Сырттан адамзат баласына келген жау жоқ, өздері түсіністікпен өмір сүрмегендіктен бір-біріне азап әкелетінін айқындап берген. Дүние жүзінде қаншама соғыс, оның қаншама зардабын адамзат баласы көріп жатыр. Ақын жеңіл тақырып алмаған. Қашанда адамзат баласының тағдырын ойлаған. Күрделі тығырықтардан шығарудың жолдарын іздеген. Өлеңнің идеясында адам баласы ақылға салып өмір сүрсе, көптеген азаптан құтылар еді деген тұжырым бар. Адамзат баласын көп азаптан оның ақылы құтқаратынына сенгені байқалады:

Ар түзейтін ғылым іздейді:  
Адамның сыртқы дене жаралысы,  
Нәпсісі айуанмен анық теңдес,  
Бөлектігі – жалғыз-ақ таза ақылда,  
Әлің келсе, жол тап та осыны емдес [115, 181 б.].

Ақылмен тапқан жол қажет деген идея Шәкәрімнің лирикасында алтын желідей жалғасын үзбей тауып отырады. Ғылымның дамуы адамзат баласына неше түрлі бірін-бірі атып, қырып-жоятын қару жасатты. Сондықтан соларды нокталайтын ар білімі қажет екенін айтады. Шәкәрім шығармаларындағы негізгі тақырып адам қоғамын қалай да түзеу, дұрыс жолға салу. Ғалым Мырзабек Дүйсенев мынадай пікір айтады: «Қандай қоғам болмасын қаламгерге өзінің өзекті тақырыптарын, проблемаларын ұсынып отырады. Заманмен, халықпен тығыз байланысты ақын сол қоғамның озық идеологиясының жаршысы, насихатшысы болам десе, уақыт талап етіп отырған көкейтесті тақырыптарынан, әлеуметтік мәселелерінен бой қашырмайды, керісінше, соның дәл ортасында жүреді. Сонда ғана ақын өз ортасының азаматы бола алады» [109, 12 б.]. Әлемдік поэзияда бұндай жүйелі түрде адам баласының тағдырын тақырып қылып алған, соған өмірін арнаған ақын көп деп айта алмасaq керек. Сондықтан Шәкәрім шығармаларындағы тақырып жан-жақты терең ізденісті талап ететін поэзия. Оның негізгі арнасы Абай мен Шәкәрімнің шығармашылық байланысы болмақ. Бұл сала әлі толық зерттелмегенін ғалым Бауыржан Ердембеков атап айтқан: «Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани байланыс туралы тамыры тереңге кететін тақырыптың тек көбігі ғана сыпырылды десек қателеспейміз» [81, 189 б.]. Мәселен, Шәкәрім кейде адам қоғамындағы әлеуметтік топтарға қаратып айтып, оны өлеңіне тақырып қылатын кездері бар. Сондай өлеңдерінің бірі «Жуандар, елді билеп не қылмақсың...» деп басталатын өлеңі. Ақын бұл өлеңіне «Жуандар» деп ап-анық қылып тақырып қойған. Он бес шумақтан тұратын өлеңін былай бастайды:

Жуандар, елді билеп не қылмақсың,  
Өздеріңе айтқызса, әділ-ақсың.  
Мен қарасам сендердің бетің теріс,  
Әбден асып ақ жолдан адаспақсың [128, 71 б.].

Өзің өмір сүріп отырған заманның «жуандарын» сынау, оларға қаратып сөз айту қай қоғамда болмасын оңайға түспеген.. Оған үлкен жүрек керек пен табандылық керек, сонымен қатар «аузың дуалы

болуы» керек. Өзінің басын бәйгеге тіккен тұлғалар ғана осындай ерлікке шыдас берген. Сондай өткір ойлы ақын Шәкәрім болды. Осының бәрі, өз басынан табылған.

Мықты жайын айтайын тыңдап қара,  
Ел алып, жауды жеңіп шықпақ дара.  
Партияның басшысы – батырың сол,  
Қайраты мол, ішкені ант, шашқаны пара [128, 71 б.].

Шәкәрімнің өлеңінде көтерілген мәселе бүгінгі күні де өзекті. Ақын жуандардың «шашқаны пара» дейді. Ол өзінің жуандығын басқаны жеңбекке бағыттайды, өзінің халқын жауды жеңгендей табалайды. Ал, халықтың қамын ойлау әсте ойына келмейді. Мықтың да, партия басшысы да өз еліне, халқына батыр деп, сынап, олардың төңірегінде өзі сияқты «шаш ал десең, бас алатындар» топтасатынын да ашып айтқан:

Қанға тойған иті көп қарсы келсең,  
Жаның қалар, тақсыр-ау, сен біл десең.  
Көз көрмеске кетерсің, көтіңді қыс,  
Күдеріңді үз жаныңнан, тек жүрмесең [128, 71 б.].

Ақынның қатты ашуға мінгені, халық тағдыры сол кезде ойыншыққа айналғаны осы өлең жолдарынан анық байқалып тұр. Тыныш жүрмесең жуанның өзі де қауіп, жаныңды алар, тақсыр деп иіл дер, әйтпесе көз көрмеске кетерсің дейді. Шәкәрімнің олай өткір айтуы жуаннан қатыгездік шықса оның салдары да қиын болатынын ескертуі деп түсінеміз. Жуанның негізгі мақсаты – жуандық қылып елдің қамын ойлау емес, керісінше тырнағын батыру екенін осы өлеңінде өткір бейнелеген:

Мақсұты тамам жанды өзі білмек,  
Жуансып дырылдайсың сен де көпке.  
Дос болсаң да айтқанын қате қылма,  
Бәрің соның құлы бол тесік өкпе.

Мынаны қыр дегенге қырып таста,  
Ол айтқан соң лажың жоқ қырылмасқа.  
Жанның бәрін жүргізбек жарлығымен,  
Жуандардың ойы жоқ онан басқа [128, 71б.].

Жуандық жолы адамдыққа негізделмесе аса қауіпті екенін ескерткен. Көрегендік жол. Шындығында, XX ғасырда жеке басқа табынушылық миллиондаған боздақтардың басын алды. Адамзат баласына қасірет әкелген қаншама соғыстың ар жағында жуандық жатыр емес пе? Жуандық кісілік пен адамдыққа негізделмесе өте қауіпті жол екенін осы өлеңнен байқаймыз. Шәкәрімнің бұндай өлеңі барометр секілді. Бірақ оны тыңдар құлақ ол кезде болмады. Бұндай терең ой ол кезде қажет болмады. Шәкәрімнің осы мәселеге поэзияда жүйелі түрде келуінің себебі де осы. Ақынның өзі де надандыққа негізделген жуандық жолының құрбаны болды. Жуанның өзінен емес, олардың жаналғыштарының қолынан қаза тапты. Қоғам өзін-өзі емдемесе, жуандар жуандығын қыла берсе жер бетінде әділетсіздік ойран саларын ақын қатты сезінген, адамзат баласын сақтыққа шақырған:

Қарсы келсең басыңды кесіп алды,  
Ұнаса арамнан да ішіп алды.  
Жанның бәрін бір өзі құлданбақшы,  
«Мен де құдай» деген несі қалды?!

А, құдай, сондай жаман ойдан сақта,  
Өзің кеш, қара болсақ, өзің ақта.  
Бір құдайға құл болсақ – жетеді сол,  
Біреуді құлданбаймыз құтырсақ та.

Шәкәрім адамзат қоғамындағы төңкерісшіл ойдың, жеке басқа табынудың қауіптілігін тамыршыдай дәл басқан.

Жігіттер анау ойдың түбі жаман,  
Ондай жолға кірген жан шықпайды аман.  
Кім біледі, тәңірінің өзіне аян,  
Оларға өлгеннен соң қандай заман?»... [128, 72 б.].

Шәкәрім жуандықтың аса қауіпті дерт екенін сол кезде ашып айтқан. Тұтас адамзат баласына, Еуразия кеңістігіне жайылған дертті сезінген. Содан сақтандырған. Жуандықты имандылыққа шақырған. Өлгеннен соңғы өмірің қандай болады деп тәубасына келуін күткен. Жаратушыны ұмытқан, адамдықтан кеткен жуандық адамзат баласына екенін бейнелеп берген. Бұл мәселенің бүгін де өзектілігін өз зерттеуінде Априза Айтбаева мынадай пікірмен түйіндеген: «Мұндай жағдайда Шәкәрімнің қазақ діліндегі жақсы жақтары мен жаманын айқындауы, адамгершілігі мен зұлымдығын суреттеуі кейінгі жастарды

тәрбиелеудегі маңызды құралға айналғалы отыр. Осы құнды құралды дұрыс пайдалана білудің қажеттілігі, жалпыадамдық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың ара қатынасы, діни имандылық пен халықтың адамгершілік түсінігін ұштастыра білу – қазіргі заман талабы екені көрсетілген» [15, 23 б.].

Шәкәрімнің ақындық диапазоны өте кең. Мәселен, адамның жас мөлшері де арнайы тақырып етіп алынып жазылған өлеңдері де бар. Мысалы, басқасын айтпағанда «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» деген өлеңдері осы айтылған ойға дәлел бола алады. Бұл қазақ поэзиясында дәстүрлі тақырып. Дегенмен Шәкәрім бұл тақырыпқа да даралығымен келген. Жастық туралы өлеңі өзінің ырғағымен елітіп әкетіп, жастықтың жалынын байқатады:

Боз үйге кіріп,  
Буының құрып.  
Жарыңның барсаң қасына.  
Сипалап жүріп,  
Төсегін біліп.  
Тигенде қолың басына,  
Ақылың кетіп жан қалар,  
Ғашығың сонда аңғарар.

Ақын жастық шаққа жарасымды құмарлықты, шын ғашықтардың ынтықтығын, ынтазар көңілін, өмірдің динамикасын өлең жолдарына айна қатесіз түсірген.

Қолыңнан тартып,  
Білегін артып,  
Ақ тамақтан шөп етіп,  
Тал бойың еріп,  
Тіліңді беріп,  
Сүлдерің қалар ес кетіп,  
А, дүние, дүние,  
Ақылға сонда кім ие?! [115, 28 б.].

Жастықтың жалыны, ақылдың сезімге басшылық бергені шынайы суреттелген. Ақын «Ақылға сонда кім ие?», «Ақылың кетіп жан қалар» деу арқылы көп нәрсені аңғартқан. Ақыл кеткенмен жан қаларын ескерткен. Жан мәңгілік жалғасын таппақшы. Жастықтың жалынын, жастықтың қызығын, жастықтың қызуын бейнелеп берген қуатты өлең. Жастық шақ поэзиядағы ең мол көрініс тапқан тақырып.

Дегенмен, біздің ойымызша, жастықтың өзіне тән ерекшелігін жалынымен бейнелеуде Шәкәрім өзгеше дарынын байқатқан. Барлық қимыл, қозғалыс адресаттың көз алдында өтеді. Оқырман өзінің қатыстылығын сезінеді. Оқиғалар тізбегі өріс тауып дамып отырады, бір солғындамайды. Ақын шеберлігі дегеніміз осы, алған тақырыбын толық меңгерген. Ақын жастықтың ләззатына бірден бой ұрғызбайды, ынтықтырып барып қолын жеткізеді. Оны мына жолдар аңғартады:

Ауылды барлап,  
Айнала шарлап.  
Баруға тура бата алмай,  
Кезеңнен бағып,  
Жүрегін қағып,  
Далада шыдап жата алмай,  
«Барып кел» – деп жолдасқа, –  
«Бір хабар алсақ болмас па?!» [115, 27 б.].

Осы үрдіс шарықтау шегіне жеткенше бір сарында дамиды. Қуатты теңеулер тіпті ынтықтыра түседі, мәселен «гауһардай көзі», «бұлбұлдай сөзі» деу бәрі-бәрі жастық шақтың, оның өз ерекшелігін ашуға қызмет етіп тұр. Өлеңнің түйін шумақтарының өзінде құмары қанбаған, жалыны басылмаған жастық өз шуағын молынан төгеді:

Жатайын десең таң қиын,  
Тастайын десең жар қиын.  
Боз үйден шығып,  
Дөң асып, бұғып.  
Ертіп алып жарыңды,  
Шығарып салып,  
Аулаққа барып,  
Асыққа айтып зарыңды.

Шәкәрім ғашықтардың жай-күйін шынайы бейнелеген. Уақыт болса тар, таң болса атып қалды. Ал, жарды тастап шығу одан да қиын мәселе болып тұр. Шығарып салып тұрған сүйіктісіне ішкі сезімді айтып тауысу мүмкін емес. Сол сәтті «Асыққа айтып зарыңды» – деген жолдармен беруі, ақынның махаббат лирикасын биік үлгіде жырлағанын көрсетеді.

Кетесің таңнан тұра алмай,  
Жарыққа қайла қыла алмай.



Шыққан соң белге,  
Көз салсаң елге,  
                    Қарап тұр әлі жарыңыз,  
Жолдасқа айтып,  
Ат басын тартып,  
                    Жүгіртіп қайта барыңыз,  
Бір сүйіп алып тамақтан,  
Асарсың азар қабақтан [115, 29 б.].

Ақын екі асық жастың мына дүниеге сыймаған жалынды сезімін бір өлеңге сыйғызған. Өмірге құштарлық, сезімге ынтызар көңілдің шарпысуы мейлінше қою бояумен терең суреттелген. Өлең терең лиризмге, сезімді психологизмге құрылған. Тебіреніссіз оқи алмайсыз. Жастықтың жалынына, оның мұхиттай шалқыған шырынына сіз бірге шомыласыз. Шәкәрім қай тақырыпқа бармасын оны мейлінше иін қандырып, қанық бояумен береді. Ақынның суреткерлік қуатының бұл бір қыры деп танимыз.

Шәкәрімнің «Жастық туралы» өлеңіне қарама-қарсы тақырыпта жазылған «Кәрілік туралы» өлеңі бар. Әдебиеттану ғылымының тарихынан белгілі бұл өлең Абай тарапынан сынға ұшыраған. Біз оған тоқталмаймыз. Бәріне белгілі жайт. Ұстаз кәрілікті сынап, «жігіт арсыз» болсын дегенім жоқ деп өлеңмен сын айтқан. Дегенмен Шәкәрім адам өмірінде міндетті түрде келетін кәріліктің болмысын нақты ашып берген. Ақын өлеңнің алғашқы шумақтарының өзінде жастық пен кәрілікті әдейі біріне-бірін қарсы қойып алады: «Жас көңілде жарық бар, Кәріде кемдік анық бар». Осылай деп жастық пен кәрілікті салыстырып алған соң, өзі тақырып қылып алған кәрілікті бейнелейді:

Азайып күшің,  
Саудырап тісің.  
                    Шалбардай боп бет кетсе.  
От басын бермей,  
Үй ішін көрмей.  
                    Сүйегің қалып ет кетсе,  
Далаға барып сие алмай,  
Киімің жөндеп кие алмай.  
                    Қуарып мұртың,  
                    Суалып ұртың.  
                            Түздегі қу бас жақтанып,  
Тұра алмай жатып,  
Былылдап шатып.

Өткен күнді айтып мақтанып,  
Жарығың өшіп көңілден,  
Кәрілік жаман өлімнен [115, 30 б.].

Шәкәрімнің бұл өлеңі жастық шағында жазылған, екіншіден, натуралистік элементтер көрініс тапқан. Дегенмен өлеңнің реалистік элементтерін ешкім теріске шығара алмас. Әйтсе де, өлеңнің сатиралық қуаты күшті. Ол мына жолдардан анық байқалады: «Ет жеген сайын қақалып» т.б. Әрине, ауыр сурет. Бірақ өмірде кездесетін сурет. Ақын өлеңнің түйінінде «Алпыстан әрі бармаңдар, байқамай шал боп қалмаңдар» дейді. Ақынның өзі алпыстан көп асып барып дүниеден озды. Бұл өлең Шәкәрімнің жастық шағында жазылған өлең ретінде бізге қымбат. Шәкәрім ұстазы Абайдың сынынан кейін бұндай көзқараста өлең жазбаған. Шәкәрім мысал өлеңдер де жазған. Олардың қатарына «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене» тағы басқа шығармаларын жатқызуға болады.

Осындағы «Қаншыр мен бөдене» атты мысал өлең осы екі құстың сұхбат құруынан басталады. Бұл дәстүрлі мысал жанрына тән құрылымдық жүйе. Мысалы:

Бір қаншырға айтыпты бөдене кеп,  
– Сен үшін қатты уайым қыламын, – деп,  
– Солаңдаған байғұссың ұшуға олақ.  
Бір күні кетеді ғой тұрымтай жеп.

Мысал жанрының басты көркемдік ерекшелігі диалогқа құрылғандығы. Ақын осы жанр табиғатына тән стильдік ерекшелікті сақтаған.

Қаншыр айтты:  
– Қауімім жоқ тұрымтайдан,  
Шықпаймын қалың қамыс, қопа сайдан.  
Мен сендей жалтаң жерге оттамаймын,  
Тығылған соң мені алып жейді қайдан? [115, 120 б.].

Осы алғашқы сұхбаттан-ақ, Қаншырдың аңқаулығы көрініс табады. Бөдененің ішіне қулық сақтап тұрғанынан бейхабар Қаншыр оған жауапты сауал ретінде қояды. Мен қамыстың ішінде болсам, мені Тұрымтай қалай жейді деп таңырқайды. Бөденеге керегі осы, ең алдымен сөзге тарту қажет. Және Қаншырдың аңқаулығын байқаған бөдене бірден шабуылға көшеді:

Бөдене айтты:  
– Қамысың тыныс емес,  
Босқа арықтап жүргенің дұрыс емес.  
Айламен-ақ алғызбай кетіп жүрміз,  
Тұрымтайың біздерге жұмыс емес [115, 120 б.].

Осыны айтады да Бөдене жүз құбылып, қаншырды айланың тұзағымен шырмап тастайды. Оның майда тіліне ерген Қаншыр басы айналады. Айтқаны рас шығар деп ойлайды. Шын маған жаны ашып тұр ғой байғұсың деген ойға келеді. Артынан еріп жазыққа жайылымға бірге еріп шығады. Аяғында бөдененің алдауымен тұрымтайдың тұяғына ілігеді. Дегенмен мысалдың ғибраты күшті, кім біреуге қастандық жасаса өзі де сазайын тартады деген идея бар. Шәкәрімді осы жағы қызықтырған сияқты. Өйткені Қаншырды алдап, өзі бұғып қалған бөденені ақырында ат басып кетеді. Мысал өлеңнің соңында берілген қорытынды сөзде ақын мынадай түйін жасайды:

Жігіттер! Осы сөзге құлағың сал,  
Басыңда миың болса, мұны ұғып ал.  
Алды-артын ойламаған аңқауменен  
Алдампаз арам достан ғибрат ал! [115, 121 б.].

Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының дені ғибраттық сарынымен ерекшеленеді. Жақсылық пен жамандық арасындағы бітіспес арпалыстар түрлі реңкте суреттеледі. Бұл ақынның адам ретіндегі кредосы. Мысалдың мақсаттық бағыты туралы Выготский Л.С. былай дейді: «Суть басни, следовательно, заключается в том, что она должна быть рассказана как некий частный случай» [82, 111 б.]. /«Мысалдың мәні мынада, онда айтылатын жайбір оқиға сияқты қабылдануы қажет»/. Қандай да мысал өлеңге сюжетті жеке оқиға береді. Ол белгілі бір мақсатқа қызмет істейді. Жоғарыдағы ғалымның пікірі ойымызды негіздей түседі. Шәкәрім мысал жанрына көп бармаған.

Шәкәрімде қайсыбір тақырып мотив деңгейіне көтерілген. Мәселен, жалғыздық мотивін алайық. Ақын «Сәлемім: елден кешу сұрап...» деп басталатын өлеңіне «Кешу сөз» деп тақырып қойған. Негізінен бұл өлеңдегі басты мотив – Жалғыздық. Ойшылдың эстетикалық концепциясындағы жалғыздық асқақтығымен ерекшеленеді. Шәкәрім жалғыздықты ойға, іс-әрекетке еркіндік, тәуелсіздік беретін сый, құт ретінде қабылдайды. Шәкәрім табиғат аясында оңашаланып, туған-туыс, ауыл-аймақтан алыс тұруды осындай еркіндікті алудың жолы ретінде қабылдағанға ұқсайды:

Өкініш емес өлім маған,  
Өткізіп қолдан қоштаспаған.  
Жалғыздық – осы арман-ай! [128, 146 б.].

Тұлғаның бұл арманын түсіну қиынның қиыны. Бірақ ол жалғыздыққа қуғын көріп емес, өзінің қалауы бойынша кеткен. Шәкәрім поэзиясындағы жалғыздық еркіндікке ұмтылыс деп түсінген жөн. Қаламгер жалғыздықтың тек аллаға тән қасиет екенін білген. Соған ынтазар сезімді поэзия тілімен бейнелеген. Ол өзінің жалғыздығына ешкімді кіналамайды, керісінше елден кешу сұрап оны түсінулерін, сөз қылмауын сұрайды:

Сәлемім: елден кешу сұрап,  
Жалынып, тілеп, кеттім жылап,  
Жақын деп, жат деп талғамай.

Артымнан аяп дұға қылсын,  
Елсізде өттім, ойлай жүрсін.  
Алғыс айтсын, қарғамай [128, 146 б.].

Шәкәрімде жалғыздық мотиві өмір мақсатымен байланысты. Яғни, жалғыздық ойлануға, толғануға жол ашады деген түсінік қоғамдық санада бұрыннан бар. Яғни, жалғыздық – еркіндік, тіпті қажет десеңіз тыныштық. Бұл ақынның терең ойға деген құрметінің көрінісі. Шәкәрім лирикасында жалғыздық мотивінің көрініс тапқан тағы бір өлеңі «Жапанда жалғыз жаттым елден безіп...» деп басталатын өлеңі:

Жапанда жалғыз жаттым елден безіп,  
Жалықсам аң қараймын тауды кезіп.  
Оңашада жатқанды ұнатамын,  
Елімнің ел болмасын ерте сезіп,  
Жауға – қатын, жақынға – жалмауыздар.  
Жалықпай көк малтасын жүрсін езіп [115, 148 б.].

Шәкәрімдегі жалғыздықта протест, яғни көпке қарсылық бар. Ол жек көру қарсылығы емес, түзелсін, дұрыс жолға түссін деген ниеттен туған қарсылық. Бұл тек дана тұлғаларға жарасатын қылық. Ойлансын деп, елдің қамын ойлаған харекет. Шәкәрім поэзияны аса құрметтеген ақын. Мысалы «Мұны оқыған ұландар...» деп басталатын өлеңі осындай ерекшелікке ие. Ақын осы өлеңіне тосын тақырып

қойған «Ескі ақындық» деп. Көп ақындар өз алдында өткен поэзияға сынмен қарап, оны жаңарту барысында олардың бойынан кемшілік көрсе, Шәкәрім керісінше олардың жақсылығын айтқан. Жыраулар поэзиясының өзіндік құдыретіне құрметпен қарауға шақырады. Ақын алдымен адресатты дайындап алады:

Мұны оқыған ұландар,  
Үмбетей жырын сынаңдар.  
Байқап отыр әрбірін,  
Ақылға салып бар сырын.  
Не деп отыр, – көр түрін,  
Абылайдың алдында,  
Салып отыр, көрдің бе,  
Басынан кешкен тағдырын,  
Сыртын ұқпа, мұны аңғар! [115, 140 б.].

Үмбетейді атау арқылы, оның Абылайдың алдында суырылып сөйлеуін, онда үлкен мәннің барын ескертеді. Сондықтан оның шығармаларының сыртқы пішініне ғана қарама, ішкі мазмұнына қара дейді. Шәкәрім қашан да поэзияда ойға салмақ салуға ұмтылып, танымның поэзияда да орны бар екенін көрсетеді. Мемлекеттік мәселелердің поэзия құдыретімен хан иеге жетіп жатқанын меңзеген. Ол поэзияның өз ұғымында сезімнің «көбелегі» емес екенін, жай ғана көңіл көтерудің құралы болмағанын ескертеді. Келесі дүбірлі шумақта ол ойын анық атап көрсеткен:

Бүгінгілер айтса жыр,  
Буыны бірдей, бәрібір.  
Үмбетейше құбылтып,  
Сала алмайды басқа түр.  
Тақылдатып айтсақ та,  
Ұйқасқа жылдам қайтсақ та,  
Аяқты бірдей бассак та,  
Шықпайды бізден терең сыр.  
Жырдың жайын білмейтін,  
Бізде осындай ылаң бар [115, 140 б.].

Шәкәрім жыраулық дәуірдің поэзиясын танып барып, әділ бағасын беріп отыр. Өлеңнің құрылымында, мазмұнында өзгеріс болғанмен жыраулық поэзияның өз биігі бар екенін ескерткен. Ақын «шықпайды бізден терең сыр» дейді. Ол қандай терең сыр еді. Елдік биіктікті айтып

отыр. Қажет болса ханның өзіне қасқайып айтатын қайсар поэзияны аңсап отыр. Жыраулық поэзияны «жүйрік тұлпарға», «шарықтап ұшқан қыран құсқа», «ақбөкеннің жүрісіне», «қарлы боранға», «арқыраған арыстанға», т.б. теңейді. Қазақтың өршіл поэзиясындағы әсірелеудің қуатын анық ашып көрсеткен. Ол жай ғана гипербола емес, сол поэзияда халықтың өр рухы жатқанына меңзеген. Бұл Шәкәрімнің еркін поэзияны аңсағаны деп түсінеміз. Сол жыраулардың талайының атын осы өлеңінде Шәкәрім атап өтеді:

Ескі ақындық бізден әлі артық,  
Ол кезде туған бала артық.  
Жасымыздан шалы артық,  
Тақпақ пен мақал тағы артық.  
Суырып салма жағы артық,  
Айтады олар ойланбай,  
Сыпыра жырау, Шортанбай,  
Үмбетей мен Марабай,  
Алды артына қарамай,  
Соққанда жырды суылдап,  
Жел жетпейтін құландар! [115, 141 б.]

Шәкәрім ол ақындарды «құландарға» жайдан-жай теңеп отырған жоқ. Құлан еркіндікті аңсайтын, қолға үйренбейтін даланың тағы жануары. Қазақтың жыраулық поэзиясынан еркіндіктің самалы еркін соғып тұрады. Бәлкім ақын соны меңзеп тұруы да ықтимал. Сонымен қатар жыраулық поэзия қазақ сөз өнерінің еркше серпілісті кезеңі. Шәкәрім сол дәуірдің баласы да, шалы да артық деуі өзі өмір сүріп отырған кезеңнің халқына қаншамалықты ауырлық әкеліп отырғанын сезгендіктен туған ой деп топшылаймыз. Осы өлеңнің түйінінде Шәкәрімнің жыраулық кезеңді үлгі етіп көрсететіні бар «Жақсы ақынның тілі бал, Өтірік демей ойға сал, Осыны жаттап ұғып ал, Ақындыққа құмарлар!», деп түйіндейді. Өлеңнің басында «Мұны оқыған ұландар» деп басталады. Яғни, бұл өлең болашаққа арналып отырғанын байқатады. Ақын келешектен үлкен үміт күтеді. Өнердегі дәстүр жалғастығына меңзеп отыр. Үмбетей, Сыпыра жырау, Шортанбай, Марабай сияқты атақты жыраулық өнердің тұлғаларын асқақтатып отыр. Солардың өнерін мейлінше жеріне жеткізіп бейнелеп берген. Жыраулық поэзияның табиғаты туралы ғалым Мұхаметрахым Жармұхаметұлы мынандай толымды пікір айтады: «Әдебиетімізде өзінің жанрлық белгі-сипаттары арқылы ертеден-ақ жеке сала болып дамыған ақындық және жыраулық поэзияның алатын

орны ерекше. Көне дәуірлерден бері фольклорлық туындылармен өзектесе, жарыса дамып келген бұл сала халқымыз бастан кешкен тарихи оқиғалардың көркем шежіресі іспеттес ел тұрмысының сан алуан қырларын қамтып бейнелеуге әр кез елеулі үлес қосып отырған» [83, 31 б.]. Шәкәрім әр өлеңнің тақырыбын қоя отырып өз ой идеясын дамытады. Сондай қуатты өлеңінің бірі «Кешегі өткен Ер Қорқыт...» деп аталады. Ондағы басты кейіпкер сол – Ер Қорқыт. Ол тарихта болған тұлға. Халықтың жадында сақталған адам. Өлең мына жолдармен басталады:

Кешегі өткен Ер Қорқыт,  
Кейінгі жанға болды ұмыт.  
Сарынын соның салайын,  
Ескі әуез демей құлақ тұт,  
Аңғармай кетпе арынмен [115, 224 б.].

Сана жаңғырту ақынның өз стилінің ерекшелігі. Қорқыт сарыны деген тұтас түркі жұртының өнеріне ортақ дәстүр. Шәкәрім соны еске салып тұр. «Аңғармай кетпе арынмен» деп, ой елегінен өткізуге шақырады. Ақын қазақ поэзиясындағы ойшыл лириканың бастау бұлағы аса тереңде жатқанын аңғартады. Шәкәрім жалпы дәстүр жалғастығын қатты ұстанған суреткер. Біздің осы айтқан ойымыз өлеңнің келесі шумақтарында анық айшықталған:

Қобызбен Қорқыт сарнаған,  
Болмады жері бармаған.  
Мұңлы әнмен өмір суреттеп,  
Сол әнін саған арнаған.  
Ашулы, зарлы сарынмен.

Қорқыт – түрік, қалмақ,  
Ойы – өмір мен өлім жайын.  
Әнге дәл салмақ.  
Ол ән аяғын сөзсіз сарынмен.  
Шер тарқатыпты зарлап [115, 224 б.].

Қорқытты Шәкәрім тек қана қазаққа теліп қоймайды, тұтас түрік пен қалмаққа ортақ дейді. Сол арқылы осы халықтардың түп жалғастығы барлығын меңзеп отыр. Сонымен қатар сөз өнерінен басқа музыка, яғни сарын, сондай-ақ өлім мен өмір жайын жырлаған деп философияға апарып жалғастырады. Осы жолдар ақынның

философиялық лирикаға қаншалықты маңыз бергенін көрсетеді. Абайдан бастау алған ойшылдық дәстүрді мейілінше тереңдетуге ұмтылған. Осындай тұлғаның өнері халық жадын оятатынын білген. «шер тарқатыпты зарлап» дейді. Зарлаудың қазақ әдебиетінде түрі көп. Ол халық қамын ойлаған тұлғадан шығатын шер. Жай көңіл көтеретін сөз емес екенін аңғартқан. Оны ояту менің міндетім еді дейді Шәкәрім. Оны көміп тастауға болмайтынын ескертеді:

Ескіден қалған бір жұрнақ,  
Жақпаса қойсын жастарға.  
Жырлаймын ойлы достарға,  
Мен өлсем, сарын жоғалар,  
Қимадым көміп тастауға [115, 225 б.].

Шәкәрім «ескіден қалған бұл жұрнақты» ойлы достарға арнайды. Философиялық танымның оянатынына көзі жеткен. Оның лирикасының тақырып аясы аса кең. Бұлай айту «Бұрыннан ойдағы арманым» дейді ақын. Бұл ақынның осы тақырыпқа үлкен дайындықпен келгенін байқатады. Шәкәрім поэзиясындағы Қорқыттың орны туралы ғалым Сейфитден Сүтжанов мынадай ой түйеді: «Шәкәрім поэзиясын суфизмдегі философиялық-эстетикалық ой тұрғысынан талдамас бұрын, мына нәрсеге басты назар аударғымыз келеді: Шәкәрім поэзиясына образды (бейнелі) тіл ғана тән болып келмейді, әр образға (бейнеге) белгілі бір философиялық категория тән, ол өз кезегінде образды философема, яғни философиялық білімнің дәрежесіне көтереді. Мысалы: «Қорқыттың сарыны» өлеңінде, Қорқыт образы жай ғана эпитет емес, бұл образға «Қобыз сарыны», «хақиқат сыры» тәрізді философиялық категория сәйкес келеді» [84, 85 б.]. Шәкәрімнің тағы бір сериялық лирикасы, Қожа Хафизден аударма циклі. Оны аударма деудің өзі шартты. Ақын Қожа Хафизбен жарысқа түсіп отырған. Мәселен, Шәкәрімнің «Кел аяқшы, қымыз құй...» деп басталатын аудармасы. Хафиз шығармаларын зерттеуші ғалым Ислам Жеменейдің зерттеулерінде ақынның шарап сөзін пайдаланғаны айтылады. Шәкәрім оны қазақ танымына ыңғайлап қымыз деген ұғымды қолданған. Осындай еркіндіктер Шәкәрім аудармасында мол кездеседі. Бірақ түпнұсқадағы идеяны сақтаған. Мысалы:

Кел, аяқшы қымыз құй,  
Кесемізді нұрландыр.  
Домбырашы, тартшы күй,  
Бізге уақыт берді қыр [115, 403 б.].



Осы жолдардағы айтылатын домбыра сөзінің Қожа Хафизде болмағаны анық. Шәкәрім қай тақырыпқа бармасын өзінің даралығын сақтаған суреткер. Жоғарыда аты аталған ғалым Ислам Жеменей біздің ойымызды негіздей түседі: «Шәкәрім Қожа Хафиз ғазалдарының қазақша аудармасын жасауда өлеңнің мазмұнына үніле отырып, қазақтың дүниетанымына, психологиясына да қатты көңіл бөліп отырғанын Хафиз ғазалдарындағы сопылық терминдерді қазақшалап отырғанынан-ақ аңғару қиын емес, яғни Шәкәрім өз аудармасының қазақ оқушыларының түсінігіне лайықтап, аздап әрлеп өзгертіп, негізінен түпнұсқадағы мағынасын сақтап қалу принципін ұстанып отыруға тырысқан» [85, 29 б.].

Шәкәрімнің Шығыстың классикалық әдебиетін терең білгені оның поэзиясынан терең таныммен байқалып тұрады. Ақын шығыс поэзиясына ерекше құрметпен қараған. Түп тамыры түрік әдебиетіне деген құрметімен шығыс әдебиетіне деген құрметін қатар айтатыны сондықтан:

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,  
Сол тілге аударылған барлық білім.  
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,  
Жарқырап қараңғыдан туып күнім.

Оятқан мені ерте Шығыс жыры,  
Айнадай айқын болды әлем сыры.  
Талпынып орыс тілін үйренумен,  
Надандықтың тазарып кетті кірі [115, 143 б.].

Жалпы, Шәкәрім шығыс поэзиясына деген сүйіспеншілігі, хакім Абайдың дәстүрін дамыта жалғастырғанынан байқалады. Ақын шығыс пен батысты өз өлеңдерінде ешқашан қарсы қоймайды. Шығыс жырын тілге тиек етіп отырғанда да, орыс тілінің қажеттілігін теріске шығармайды. Мәселен, Шәкәрімнің әлемге танымал жауһар эпос «Ләйлі – Мәжнүнді» жырлағанда ұстазы сияқты шығыстың атақты шайырларын атап кететіні бар:

Науайы, Сағди, Шәмси, Физули бар,  
Сейхали, Қожа Хафиз, Фирдоусилар.  
Бәйітші, елден асқан шешен болып,  
Әлемге сөздің нұрын жайған солар [115, 235 б.].

Шәкәрім Физулиді аса құрмет тұтып сол түпнұсқаны терең біліп, соның желісінде өзінше жырлаған. Бұл ақынның жалпы шығысқа мақсатты түрде ден қойғанын байқатады. Ол туралы ғалым С.Н. Сүтжанов мынандай пікір айтады: «Шынында, шығыс шайырларының шығармалары басқа ел әдебиеттерімен қатар қазақ әдебиетіне де зор ықпалын тигізді. Әсіресе, жазба поэзия жанрлары шығыстық дәстүрді бойына сіңірген канондармен толысты. Әсіресе, ХХ ғасыр басындағы жазбагерлердің шығармаларындағы шығыстық элементтер, соғылық сарындар осыны аңғартады» [40, 230 б.]. Шәкәрімнің шығысы дегенде, оның лирикасына назар аударғанда байқайтынымыз оның Хафизге ерекше терең барғандығы. Шәкәрімнің Хафизбен байланысын жан-жақты зерттеген шығыстанушы ғалым Ислам Жеменей болды. Оның 2008 жылы «Хафиз – Шәкәрім рухани үндестігі» деген зерттеуі жарық көрді. Ғалым И.Жеменей осы еңбегінде Шәкәрімнің Хафизге бойлай баруының сырын былай түсіндіреді: «...Абай мен Шәкәрімнің парсы, орыс тілдерінен тәржімалаған өлеңдерінің сәтті шығуының сыры, біріншіден, аударманың екі тілін, ішкі сырын жетік білген. Екіншіден, аудармада ұлтының ұғым – түсінігіне жете мән берген. Үшіншіден, сауаттылығы да сезімталдығы аударманың жақсы шығуына үлкен әсерін тигізген. Бұл орайда Хафиз ғазалдары ұлттық, адами һәм илаһи ұғымдардың қайнарынан бастау алғандықтан, кез келген тілге тәржімалануы оңайға түспейді. Әсіресе, аталмыш үш бағытта аударма жасауға дайындығы жоқ тәржімашы Хафиз ғазалының мазмұнынан ауытқуы әбден мүмкін. Ал, Шәкәрім қазақ қоғамының қайнаған ортасында Абай сынды ұлық ұстаздың саясатына ұлттық, адамдық қасиеттеріне һәм илаһи иманға, қаныға өскен, тәрбие алған жан. Сондықтан Хафизді оқып, танысқан соң оны сүйді, түсінде көріп, сырласты. Жанына серік етті. Сонымен қатар, Құран тілін, парсы тілін жетік меңгерді. Осындай артықшылықтар Шәкәрімге Хафиздің ой қазынасына еркін кіріп, керекті маржан ойларын алуға мүмкіндік берді» [87, 57 б.]. Шәкәрім шындығында көп тіл білген, қажылыққа барған сапарында шығыстың классикалық әдебиетімен терең танысып, көбін поштамен ауылына жіберіп отырған. Кейіннен «Саят қорада» ойымен оңаша қалғанда соларды оқып, көбін аударған. Сондай ақынның ерекше құрметіне бөленген тұлға Хафиз болатын. Шындығында Хафизді Абай ерекше құрметтесе, Шәкәрім оны ұстаз тұтқан. Шәкәрім Хафизден он өлең аударған. Бір өлеңін Қорқыт пен Қожа Хафизге арнаған. Басқа да лирикалық шығармаларында Хафиздің аты бірнеше рет аталады. Жоғарыда Хафизге арнаған өлеңінде:

Қорқыт, Қожа Хафиз  
Түсіме енді де,  
Осы әніне салып келді де,  
Ол үш қайрата мұны сайратып,  
Деді: «Көкейіңе енді ме?

Бұл әнге мынау жырды сал,  
Әні мен мынау ұғып ал,  
Ойыңмен қоштасар мезгілің таяу,  
Жыр жазбасаң тартар ой  
Күннен күнге жалқауланып баяу» [115, 222 б.].

Шәкәрім Хафизді адам үшін ең қасиетті, адамдықтың негізі ой туралы толғанғанда есіне алған. Бұл оған деген құрметтің биігі. Ал, жалпы Хафизден аударған өлеңдері мыналар: «Анық ерге жолдас бол...», «Егер сүйікті ол бала...», «Ей, Жарымыз, ай нұры...», «Кел, аяқшы, қымыз құй, Көпке бер де, маған бер...», «Кешегі басшы піріміз...», «Көңіл жібі қолымнан...», «Көрініске шоқынған...», «Мәжілісінде досыңның...», «Тұр, аяқшы бер қымыз...», «Кел аяқшы, қымыз құй, Кесемізді нұрландыр...». Осы шығармаларының ішінен «Анық ерге жолдас бол...» деген өлеңге тоқталайық:

Анық ерге жолдас бол,  
Нұқ кемесін ол білсе.  
Бір тамшыдай көрмес ол,  
Топан суы кез келсе.

Шәкәрім поэзиясындағы терең тарихтан хабар беретін, сопылық сарында жазылған өлеңдерін дайындықсыз түсіну, әрі оны талдау оңай емес екенін айтқымыз келеді.

...Жұпар шашқан тұлымың,  
Бір-біріне өрілген.  
Жете алмады білімім,  
Неге нұрлы көрінген.

Қуаныш қыл рахатта,  
Қайғысыз бол, іш шарап.  
Құранды оқып, ел аулап,  
Тұзақ құрма сен бірақ [115, 405 б.].

Алты шумақты өлеңде адамзат тарихына қатысты терең тарих тамырын байқатқан. Нұқ кемесі тарихтан белгілі, мифке тақырып болған, яғни жерді топан су басқанда содан құтқару үшін жіберілген. Шәкәрімде осы ой жаңаша түрленіп шығады. Яғни, Хафиздің таза ақылын терең танып аударған. Білім – адамзат баласын сол Нұқ кемесі сияқты түрлі азаптан құтқарушы құрал. Өлеңнің астарындағы терең ой осыған саяды. Шәкәрім «Қайғысыз бол, іш шарап дегенде» сол ойды қанып іш, білімді бол дегенді астарлап жеткізіп тұр. Құран сияқты қасиетті кітапты оқығанда, оны елді қанаудың құралына айналдырма дейді. Нағыз өткір ой осы жерде көрінген. Бұл өзі Шәкәрімнің он бәйіттен тұратын өлеңі екен. Шәкәрім оны толық алмаған. Дегенмен Шәкәрімнің шығысын зерттеген ғалым Ислам Жеменей мынадай тосын ой айтады: «Шәкәрімнің тәржімаларына қарап, оның парсы поэзиясының сопылық табиғатын жақсы білгенін сеземіз. Сол себептен де, маған Шәкәрім Хафиздің толыққа жуық, немесе біршама айтарлықтай ғазалдарын аударған болар деген ой келеді. Өйткені доктор Хусейінәлі Һеравидің «Хафиз ғазалдарына шарх» атты еңбегіне қарағанымызда Хафиз жырлаған 341 ғазал бар. Шәкәрім Һеравидің көрсеткіші бойынша 1, 4, 5, 6, 8, 10, 11, 12, 72-ші ғазалдарын тәржімасына негіз алған. Ал, басқасын айтпағанның өзінде кез-келген аудармашының тісі бата бермейтін ғазалдарын аударып, 1-ші мен 72-ші ғазалдар арасында не бір ұғымы жатық, пішімі тартымды, көпшілікке түсінікті қызық ғазалдарды аттап кеткеніне сену қиынға соғады. Соған қарап, Шәкәрімнің көзден ғайып болған қолжазба парақтары болған шығар дейміз» [86, 98 б.].

Ғалым Шәкәрімнің парсы тілін терең білгенін айтады. Бұл пікірінде ғалым өрісті ой айтып отыр. Бәлкім Шәкәрімнің бұдан да басқа аудармалары болуы мүмкін екенін ешкім теріске шығара алмаса керек. Шәкәрімнің Хафизден екінші аудармасы «Егер сүйікті ол бала...» деп басталатын өлеңі:

Егер сүйікті ол бала,  
Көңілімді алса мен үшін.  
Самарқан мен Бұқара,  
Бердім қара мең үшін.

Қалған қымызды әкел сен,  
Бер, аяқшы, кесемен.  
Гүлді жеміс, талды өзен,  
Табылмайды бейістен...

Осы жолдардан сопылық танымның тереңдігі, көркем поэзияның қуаты анық байқалады. Самарқан мен Бұқараны бергізген «менді», тек жай «нүкте» деп қана ұқпауымыз керек, сонымен бірге сұлулық деп түсінуге де мүмкіншілігіміз бар.

Насихатты, кел, есіт,  
Кәрі ғалым айтса зар.  
Есті, бақты жас жігіт,  
Оны жаннан дос тұтар [115, 406 б.].

Бұл шығармада да терең сопылық сарын бар. Түпнұсқада да, орысша тәржімеде де Хафиздің атақты түрік сұлуына деген құштар сезімі берілген. Және көп жылдар түріктердің үлкен империя құрғаны тарихтан белгілі. Сол кезеңдерде түрік қалалары Самарқан мен Бұқара шығыстың алтын қақпасы ретінде қабылданатын. Шәкәрім сол ұғымды сол түпнұсқадағы сопылық мағынасында қолданған. Сонымен оған тазалық үстеген. Сұлуды баламен ауыстырған. Бала қазақ ұғымында періште. Ендеше Аллаһ тағалаға жақындау жолында тазалық ең қуатты жол деп түсініп солай өзгерткен. Бұл Шәкәрімнің даралығын көрсеткіші. Мең – Аллаһ тағаланың метафоралық бейнесі. Ол туралы И. Жеменей: «Ал, «мең» немесе «қал» парсы тілінде «хал» делінеді. Иран Мұхаммед Мүйін сөздігінде «хал сөзінің бірінші мағынасы «мең», «қал» сөздерінің баламасы болса, екінші мағынасы сопылық ұғымға сәйкес келеді. Тұспал түрінде «шынайы бірігу нүктесі» екенін айтады» [87, 323 б.]. Шәкәрім терең философиялық мәні бар лирикалық шығармаларға назар аударатыны осы аудармаларынан байқалып тұрады. Сопылық танымдағы Жаратушыға жақындау, оның бейнесі қашанда дара екендігі «мең» арқылы бейнеленіп берілген. Мәселен, Шәкәрімнің «Ей, жарымыз, ай нұры...» деп басталатын аудармасы да қазақ лирикасына өзгеше мазмұн қосқан шығарма. Назар аударайық:

Ей, Жарымыз, ай нұры –  
Сіздің нұрдан шыққан бу.  
Сұлулардың бет суы –  
Иегіңнен тамған су.

Бар ма арнаулы күн маған,  
Мақсұтыма қол жетер.  
Жиюлы ойым тарқаған,  
Шашыңменен теңесер [115, 402 б.].

Шәкәрім бірден адресатты өзіне қаратып сөйлейді. Шәкәрімде не бір кемшіліксіз құдыретті сұлулық ол Жаратушыдан. Сондықтан да ай нұры Жардың нұрынан шыққан бу, ал сұлулардың бет суы да сол Жардың иегінен тамған су. Ақын жаратушының шексіз шеберлігіне шек келтірмейді. Шығарма еркін аударылғанмен түпнұсқадан алшақ кеткен емес. Оған парсы тілін терең білетін Ислам Жеменей жасаған жолма жол аударма дәлел бола алады:

Әсем айдың сәулесі жарқын жүздің тамшысындай,  
Жарқын сұлу бейнеңіз иегіңнен тамған судай [86, 106 б.].

Мақсатыма жететін күн бар ма екен е, Алла,  
Көңілім тыныш табады желбіреген шашына [86, 106 б.].

Осы жолма жол аудармамен Шәкәрім аудармасын салыстырсақ мазмұны жақын болғанмен, Шәкәрімнің даралық стилін бірден байқайсыз. Бұл тіпті аударма дегеннен гөрі лирикадағы нәзирагөйлік пе деп қаласың. Шәкәрімнің Хафизден тағы ерекше аудармасы «Кел, аяқшы, қымыз құй...» деп басталатын өлеңі. Классик ақынды аудару барысында Шәкәрім өзінің даралық стилін жоғалтпаған:

Кел, аяқшы, қымыз құй,  
Кесемізді нұрландыр.  
Домбырашы, тартшы құй,  
Бәзге уақыт берді қыр.

Жарқыраған кеседен,  
Жар суретін көрдік біз.  
Хабары жоқ еседен,  
Не біледі, сезіңіз.

Асыққа ажал келмейді,  
Қандай қаза көрсе де.  
Көңілі жанды өлмейді,  
Тәні жанды өлсе де [115, 403 б.].

Әрине, Хафизде домбырашы сөзінің жоқтығы айқын. Хафизді зерттеуші шығыстанушы ғалым Өтеген Күмісбаев «музыкант» сөзінің орнына қолданған десе, Ислам Жеменей «әнші» сөзінің орнына қолданған дейді. Қалай болғанда да Шәкәрім жолма жол аударма жасауға тырыспаған. Мазмұнын алып өз бетінше көркем аударма

жасаған. Дегенмен осы өлең ерекше танымдық тереңдігімен ерекшеленеді. Ажал асыққа келмейді дейді, тәні жанды өлсе де, «көңілі жанды» өлмейді дейді. Бұл қазақ поэзиясында бұрын сирек кездесетін, тіпті бәлкім жоқ та тіркес. Шәкәрім лирикасының даралығы осындай аудармаларының өзінен байқалып тұрады. Егер өлеңнің жанына аударма дегенді жазбаса оқырман оны төл шығарма ретінде оқуы анық. Осы өлеңнің сопылық сарыны туралы Ислам Жеменей мынадай тұшымды пікір айтады: «Ғазалда сопылық таным нақышталған. Екінші жолдағы кесе-шар айнаның тұспалы, шар айнадан жаратылыс сыры көрінеді. Жар суреті дегеніміз – Алла, сопы кеседен Алланың суретін көруге ұмтылады. Алланың сырына жету үшін масаң халге келу қажеттілік. Сау күйде Алла сырына жете алмайсың. Төртінші жолдағы ишара – рух өлімнен кейін де өз тіршілігін жалғастырып, мәңгілік өмірге жалғасады. Сопының ұлы арманы – мәңгілік өмір, оған илаһи махаббат арқылы қол жеткізу, сол себептен сопы илаһи махаббат пен жүрегін мәңгі сақтауға тырысады», деген тұжырым айтады [86, 113 б.].

Қазақ әдебиетіне шығыстың дәстүрлі әдебиеті мен мәдениеті мыңдаған жылдық қарым-қатынастың барысында түрлі жолдармен келгені анық. Оған мысал көп. Мысалы, атақты «Мың бір түн», «Қалила мен Димна», «Тотынаме», «Шаһнаме», «Ескедір», «Ләйлі-Мәжнүн» т.б. атасақ та жеткілікті. Бұның бәрі қазақ әдебиетінде Шәкәрімге дейін бар болатын. Ал, Шәкәрімнің ерекшелігі сол классикалық құндылықтардың қазақ әдебиетінде барларымен шектелмей өзі аударып, өрістетуінде болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда Шәкәрімдікі ерекше көркемдік-эстетикалық жаңалық болып табылады. Шәкәрім аудармаларын «еркін аударма» десе де болады. Ғалым Ислам Жеменей де өз зерттеулерінде осы көзқарасты ұстанған. Мысалы, Шәкәрімнің келесі бір Хафизден аудармасына назар аударайық:

Көңіл жібі қолымнан,  
Шықты, көңілі тазалар.  
Талай сырым жасырған,  
Болды, міне, елге жар.

...Қымыз құйған кеселер,  
Ескендірдің айнасы.  
Дара мүлкін білгізер,  
Тағы да көп пайдасы [115, 404 б.].

Шәкәрім Хафиз ғазалын толық аудармаған және осы өлеңде де еркін аударма әдісін қолданған. Оны дәстүрлі жеті, сегіз буынды өлшеммен жазғанынан байқаймыз. Өлең құрылымындағы осы дәстүр қазақ поэзиясына жақындатқан. Сондықтан да төл шығарма сияқты оқылады. Шәкәрімнің Хафизді аударуы, оның әлем жауһарларымен жарысқа түскенін байқатса, екінші жағынан халқының тұнық поэзиядан сусындағанын қалағаннан болған талпыныс деп түсінгеніміз жөн. Шәкәрімнің Хафизден толық аударған шығармасы «Кешегі басшы піріміз» деп аталатын өлеңі:

Кешегі басшы піріміз,  
Мешіттен кетті кабакка.  
Мүридтер, қалай жүреміз,  
Түсеміз қандай сабаққа.

Пірдің беті қарайды,  
Есек қора жағына.  
Біздікі неге жарайды,  
Құбылаға бақсақ тағы да [115, 407 б.].

Осы жолдарды тура түсініп қалмаған абзал. Сопылық поэзияда осылай астарлап жеткізу дәстүрі ертеден сақталған. Хафиз сол стильде жазып отыр. Сопылардың бас қосатын жері осылай астарланып беріледі. Тұспалды ұғымдары мол өлеңді дайындығы жоқ оқырман түсінбесі анық. Осындағы «есек қора» мысалы астарланып берілген сопылардың жиналатын жері. Нақтылы мына жолдар Алла Тағаланың құдыретін білдіреді:

Нұрлы жүзің есіркеп,  
Ашты бізге анық сыр.  
Жазылмайды сол себеп,  
Жазуымда – басқа жыр [115, 408 б.].

Шәкәрім осылай деп оқырманға саңылау қалтырады. Анық сыр сол Аллаһ тағаланы жүрекпен тануға талпыныс. Шәкәрімнің «Жазуымда – басқа жыр.» деуі сондықтан. Шәкәрімнің шығысы арнайы терең қарастыруды талап ететін арна екені белгілі. Біз оны лирикалық жанрлар тарапынан қарастырдық. Тамыры жағынан бұл шығармалардың жанрлық табиғаты ғазалға жатқанымен, біз оларды Шәкәрімнің діни-философиялық лирикасы аясында таныған жөн деген ұсыныс айтамыз. Әрине, ондағы сопылық сарын біздің төл әдебиетіміздің табиғатына орай осындай тұжырым айтуымызға жол ашады.



Шәкәрімнің қай шығармасында болмасын құрғақ үгіттің болмайтыны, онда терең насихаттың болатынын неше мәрте айттық. Тіпті Шәкәрім өзінің бір өлеңіне анық қылып «Насихат» деп тақырып қойған. Ол «Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сөзімді әбден ұқ...» деп басталатын өлеңі. Ақын осы өлеңінде неге насихаттайды екен соған тоқталайық:

Сен ғылымға болсаң ынтық,  
Бұл сөзімді әбден ұқ,  
Білгеніңнің жақсысын қыл,  
Білмегенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті,  
Білмегенді қыл шәкірт,  
Үйренуге қылма намыс,  
Үйретуге болма кер [128, 87 б.].

Шәкәрім насихатты ашық айтып отыр. Үйренуден қашпа дегенді ғана айтпайды, білімі барларға қаратып, сендер де үйретуден қашпаңдар дейді. Өлең жолдарынан «білім – байлық, тоқтаусыз үйреніңдер» деген ақын өсиетін ұққандаймыз.

Өнеріңді құр шірітпе,  
Орнына анық жұмсамай.  
Өкініші кетпес оның,  
Өз ойыңда босқа өлер.

Қай ғылымды білсеңіз де,  
Қазір оны елге жай.  
Құры ішінде кеткенінше,  
Пайдалансын өзгелер [128, 87 б.].

Шәкәрімнің данышпан тұлға екенін көрсететін жолдар. Соншалықты кеңпейіл ниетпен айтылған ойлар. Ақын үйренуге ұялма дейді, білген сайын құштарлан дейді. Оны адамзат баласына үйретуің парыз дейді. Халыққа дән сепкендей тарату міндетің дейді. Бұл үлкен жүректі адамның ойы. Шәкәрімнің басқаша айтуы да мүмкін емес. Осы өлеңнің философиялық астары да күрделі. Шәкәрім кімге үйретуді біл дейді. Бұл қиынның қиыны. Оны тануың керек. Адамдығы мол адамды шәкірт қылуға насихаттайды. Басқадай болғанда білімнің өзі қауіпті екенін ескерткен:

Шын наданға білгенінді ұқтырам деп ойлама,  
Қанша бидай шашсаң-дағы болмас егін тасты жер.

Тотыға тіл үйретілсе, сөзі – адам, өзі – құс,  
Сол сықылды ол наданды ермек үшін сөйлетер.

Қара тасты қанға малсаң, о да маржан бола ма?  
Тесік ыдыс су құйылса, өзі қалар, су кетер [128, 67 б.].

Бұдан шығатын қорытынды, кімге неге үйретерінді біл дейді. Дәлелдері терең және ғибратты. Шәкәрім есіл еңбек еш кетпесін дейді. Залымға ғылым үйрету тіптен қауіпті екенін айтқан: «Шын залымға берме ғылым, ол алар да оқ қылар, Қаруым деп, кісі атып жер, ол ғылымды хайла етер» дейді. Осы насихат өлеңінде ақын «дүниені түзетуші де, бұзушы да ғылым» дейді. Насихаттың қуатты жолдары мынадай «жер сықылды пайдалы бол», «жаңбыр болып көгерт», «сусағанына су бол» міне бұл жолдар ақынның адамдық кредосын байқатады. Шәкәрім лирикалық шығармаларының өзінде адам болмысын қарастырғанда, әсіресе оның мәніне ден қоюды жөн көреді. Ол өзінің ар ілімінен бір ажыраған емес. Насихат жақсылық үшін болашақ үшін айтылады. Сондықтан да ақын: «Қара тасты қанға малсаң, о да маржан бола ма? Тесік ыдыс су құйылса, өзі қалар, су кетер» деп ауыр да болса шындықты айтады. Қазақта тектілік деген ұғым бар. Сондықтан тектілікке ақын назар аударады. Әрине тектілікті қанмен келетін қасиет деп қана қабылдаудың өзі даулы, тектілікке әлеуметтік факторлардың елеулі ықпалы болатынын тарих талай дәлелдеген.

Шәкәрімнің тағы бір философиялық лирикасы «Ақыл құсы адаспай аспандаса...» деп басталатын өлеңі. Оған осы өлеңде алынған адам бойындағы қасиеттерді көрсететін түсінік ұғымдар дәлел бола алады. Мәселен осы өлеңінде, басқа да көптеген философиялық лирикаларында ақын ой мен таным, өмір мен өлім, жүрек пен иман, ақыл мен айла тағы басқа ұғымдарды алып, сөйлетеді. Кейіптеу тәсілімен адамзат баласын толғандыратын көптеген сауалдарға жауап іздейді.

Ақынның «Алты әңгіме» атты шағын өлеңі бар. Шәкәрімнің бұл өлеңі төрт шумақтан тұрады. Өлең насихаттық сарында жазылған, әрі сол алты әңгіменің аңдатпасы «аңдатпасы» тәріздес. Сюжетті өлең деуге болады. Ақын бұл өлеңінде сендерге ұсынып отырған «алты әңгімеден» ғибрат ал, оның ішкі сырына үңіл дейді. Өлең жолдарынан ақынның «жастар сендер елдің үмітісіңдер, талай адам жуандардың

қысымын көрді. Сендер ол жолмен жүрмеңдер» – деген өсиет-тілегін ұғамыз. Шәкәрім халық ұғымын кең мағынада қолданып, «Ар міндеті – ешкімді алаламау, кем-кетікке болысу», сондықтан да халқыңа қызмет қыл, қазақ, орыс деп бөлме дейді. Шәкәрім «Алты әңгіменің» үшеуін поэзия тілімен баяндаған. Олар: Лев Толстойдан аударған «Криз патша» мен «Пан-жи-зан хан» және «Қолшатыр бұйрығы». Осы әңгімелерді өлең жолымен жазған Шәкәрім тарих, философияға жүйрік екенін байқатқан. Осы әңгімелердің барлығында Шәкәрім гуманист ақын ретінде көрінеді.

## **1.2 Ақын өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі**

Шәкәрім шығармашылығында лириканың орны ерекше екені алғашқы тараудағы оның идеялық-тақырыптық мәселесін қарастырғанда байқалды. Ақынның лирикасы молдығымен ғана емес, жанрлық жан-жақтылығымен де өзгеше даралық танытады. Суреткер лириканың барлық жанрлық түрінде қалам тартқан. Сондықтан Шәкәрімнің өлеңдері жанрлық-стильдік табиғаты жағынан жан-жақты болып келеді. Ақын қазақ поэзиясының жанрлық түрін дамыта жаңа бағыттар ашқан. Шәкәрім өлеңдерінің жанрлық түрлерін атап айтсақ, мысалы табиғат лирикасы, махаббат лирикасы, әлеуметтік лирика, азаматтық лирика, сондай-ақ, философиялық лирика болып бөлінеді. Ақынның лирикасындағы даралық қуаты, оның айқын стилі туралы соңғы жылдары айтыла бастады. Мысалы, кезінде академик Зәки Ахметов Шәкәрімнің философиялық лирикасы туралы мынадай терең пікір айтқан: «Шәкәрім қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып, бұл салада үлкен жаңалық тапты» [88, 3-6 б.]. Бұдан шығатын қорытынды Шәкәрім қазақ поэзиясында бар жанрлық түрлерге қанағаттанып қана қоймай оны дамыта жалғастырған болып отыр. Бірақ бұл жерде ескеретін бір жайт, ақынның өлеңдерін айқын бір жанрға жатқызғанымызбен, онда басқа да жанрлық түрлердің көркемдік элементтері көрініс табуы мүмкін. Ол суреткердің қалам қарымын байқатады. Мысалы, Шәкәрімнің «Жаз ауысып, күз болды...» – деп басталатын бес шумақты өлеңіне назар аударайық. Өлеңде күзгі мезгіл бейнеленген:

Жаз ауысып, күз болды,  
Әлемді басты басқа түр.  
Шөп қуарып, гүл солды,  
Мұңайып, кейіп бұлбұл жүр [128, 115 б.].

Осы жолдар күздің келгенінен хабар беріп тұр. Осындағы «Жаз ауысып, күз боды» дегенде табиғат мезгілінің ауысатынынан ақпарат беріліп тұр. Ол мәңгілік заңдылық, оны ешкім өзгерте алмайды. Ол бір Жаратушының қолындағы іс. Осылай қайталана береді. Ол біздің санамыздағы және табиғаттағы құбылыс. Поэзияда күздің қуатты суретін ақын тайға таңба басқандай анық бейнелеген. Шәкәрім өлеңнің келесі жолында «Әлемді басты басқа түр» дейді. Сарғайды, немесе, жапырақтар түсіп жатыр тағы басқа деп, термелеп, нақтылы бір детальға тоқталмайды. Басқа түрге енді дейді, сол арқылы мың сан өзгерісті жеткізіп тұр. Ақындық қуат деген, даралық стиль деген осындай суреткерлік шеберліктен көрініс табады. Табиғат өзгерісін бейнелі образбен берген. Күзге Шәкәрім лирикасында өзгеріске ғана назар аударылмаған, оған терең мағына берген. Күзді тамашалау жоқ, оның артындағы қыстың ызғарын сездіру бар. «Шөп қуарып, гүл солды» дейді. Тіршіліктің бір айналымы өз циклін тоқтатқанын ескертеді. Шөп сарғайды демейді, қуарды дейді. Немесе гүлдің басы ұшты демейді, солды дейді. Шөптің сарғаюы, өлгені. Гүлдің солғаны, өлгені. Тереңірек ойлансақ, тіршілікте басқа күйге түсуі, басқа түрге еніп келешекке жол ашуы деп те тануға болады. Қазақ адам өлгенде де, өлді демейді, дүниеден қайтты дейді. Яғни, келген жағына оралу деген сөз. Бұл тараптан келсек, Шөп те сарғайып барып, гүл де солып барып өзі өсіп-өнген қара жерге қайтып отыр. Бұнда философиялық сарын, яғни табиғат лирикасындағы философиялық элементтердің көрінісі деуге болады. Бұлбұлдың «кейіп, мұңаюы» да кездейсоқтық емес. Таңғы мезгілде оны енді гүлдің хош иісі қарсы алмайды. Жалпы бұлбұл гүлге оранған көктемгі атқан таңның, мәуелі жаздың символы. Ақын келесі шумақта ойын одан ары қарай тереңдетіп әкетеді:

Жан-жануар жабығып,  
Жердің жүзі өңсіз, сұр.  
Қабағы түсіп, қамығып,  
Бәрі өлімді күтіп тұр [128, 115 б.].

Күз осы өлеңде өмір мен өлімнің арасындағы аралық кезең ретінде суреттелген. Өлең жанрлық табиғаты жағынан табиғат лирикасына жатады. Дегенмен, философиялық сарын да жоқ емес, сарын қуаты бірден байқалады. Шәкәрім «бәрі өлімді күтіп тұр» дейді. Дүниеде бәрі бірімен-бірі байланысты. Жердің өңсіз сұр күйге түсуі жан-жануардың өзін жабықтырған. Сондықтан да бәрінің «қабағы түсіп, қамыққан» күй кешуде. Табиғат лирикасы дегенді кең мағынасында алып суреттеген. Ақын табиғаттың сыртқы бейнесі арқылы ішкі мәніне үңілген. Сол сарынның түйіні өлеңнің үшінші шумағында шешімін тапқан:

Мейлі жәндік, мейлі шөп,  
Тіршіліктің бәрі бір,  
Өмір үш-ақ буын боп:  
Қуан – суал – көрге кір [128, 115 б.].

Табиғат лирикасындағы философиялық сарын дегенде осы өмір мен өлім туралы мәселені айтып отырмыз. Сондықтан өмір – сыры, табиғат тылсымы құпиясы көп ерекше әлем, терең оймен тыңдамасаң оның мәнін ешқашан түсінбейсің дегенге саяды. Шәкәрім күздің бейнесін көркемдік жолмен таным таразысына салады. Күздің пейзаждық көрінісі тереңдеп келіп, мінге ойысқан. Тіршілік осы үш буыннан тұрады екен: «Қуан – суал – көрге кір.». Осы тұста ақын ерекше бір ойдың басын ашып кетеді, ойлануға шақырады. Қараңыз қуан-суал-көрге кір деген сөздер мағыналық жағынан адамға қаратып айтылған. Негізінде көрге адам кіреді. Осы сөздерге метафоралық қуат берген. Біздің бұл жерде айтарымыз Шәкәрім табиғат лирикасына ерекше даралық стильмен келгендігі. Шәкәрім ең бірінші қарымы қуатты классик ақын. Әрбір өлеңі қазақ поэзиясына қосылған қомақты үлес. Дүниенің тылсымдығы, оның мәні Шәкәрім поэзиясының негізгі кредосы. Бұл көркем шығармадағы табиғат құбылысы, бұл суретті Шәкәрім лирикасының эстетикалық қуаты ретінде қабылдаған жөн.

Осы ой келесі шумақтарда кең таратылып, анық айтылған:

Мисыз құлақ тыңдаса,  
Мылжыңдаған бұл бір жыр.  
Ақылға салып шыңдаса,  
Ашылды, міне, анық сыр.  
Әлемнің сыры ашылса,  
Асқақтамай бойың бұр,  
Аптыққан жүрек басылса,  
Араққа мас бол, жатпа, тұр!... [128, 115 б.].

Ақын күзгі мезгілдің бейнесін ашу үшін тілдік жағынан келгенде -ып, -іп жұрнақты көсемше тұлғасымен берген етістікті тіркестер арқылы жұмсайды. Мысалы, жаз ауысып, шөп қуарып, бұлбұл мұнайып, жан-жануар жабығып, қабағы түсіп, қамығып. Ақын «мисыз құлақ», «мылжыңдаған жыр» оксюморондық көркем тілдік әдісті сәтті қолданған. Сол сияқты «ақылға салып шыңдау», «әлемнің сыры ашылу», «аптыққан жүрек басылу» тәрізді үстемелі бояуы қалың тілдік тіркестерді пайдаланған. Шәкәрімнің өлеңдерінің жанрлық диапозоны кең екенін лириканың жанрлық түрлерінің барлығында қалам тербегені

көрсетеді. Ол туралы лирикалық шығармаларды зерттеуші ғалым Дина Махмудовна Магомедова ақын Е. Баратынскийдің «Көктем» деген өлеңін талдай келіп, осы тақырыптағы басқа бір шығармадағы көркемдік элементтердің қайталанатынын көрсете келіп, мынадай ой айтады: «В стихотверениях Е. Баратынского «Весна» повторяется тот же ход и почти тот же поэтических формул: весенний пейзаж, «воскрешение» в природе и увядание в жизни человека... Смысл этого повторяющегося тематического хода – противопоставление природного циклического времени, в котором жизнь постоянно возобновляется, времени индивидуальному, в рамках которого смерть – только конец этой отдельной жизни; рождается же другая жизнь, и между ними никакой связи нет» [89, 119-б]. /«Көктем» өлеңінде поэтикалық формула қайталады: көктемгі пейзаж, табиғаттың қайта «тірілуі» және адам өмірінің солуды... Бұл қайталанып келетін тақырыптың мазмұны – табиғи циклдік уақытты жеке адам өміріне қарама-қарсы қою. Бұның аясында жеке адамның өлімі – жеке бір өмірдің аяқталуы, жаңа өмір жалғасын табады»/.

Шәкәрімнің тағы бір өлеңі «Қабағынан қар жауған...» деп басталады. Өлең он екі шумақты. Жанрлық табиғаты жағынан табиғат лирикасына жатқызуға болады. Бұл өлеңде дегенмен философиялық сарын басым. Шәкәрім өлеңге «Өлген көңіл, ындынсыз өмір» деген тақырып қойған. Ақын табиғатты жалаң суреттемей оның философиялық мәніне назар аударған. Жаралыстың жаңару, түлеу өзгерісі лирикалық тұлғаның ішкі әлемімен бірлікте, шендестіріле бейнеленген:

Өлі жердің сүйегін,  
Тірілтті жайнап жапырақ.  
Жаралы менің жүрегім,  
Жайнай алмас сол бірақ... [128, 76 б.].

Өлі жердің сүйегін тірілткен не қылған құдырет. Ол жаратушының құдыреті. Жаратушының құдыреті, жаратылыстағы түлеген жаңа жаралыс, ындынсыз өмір мен оны қабылдаушы өлген көңіл қарсылықтылығы, өлеңнің тақырыбындағы Өлген көңіл мен Ындынсыз өмір қарсылықты шендестіріле берілгені – метафоралық символ. Бұндағы негізгі ұғымдар теңелмей шендестіріле берілуі философиялық лириканың көркемдік-эстетикалық табиғатының көрінісі, лирикада көркемдеу тәсілі. Мәңгілік құндылықтар мен мезеттік құндылықтар, Мен және Менікінің арасындағы қарсылық... Түрленген көктем мезгілі болса, ал лирикалық кейіпкер кемел жастағы қария. Шәкәрімнің осы өлеңін тұтас табиғат лирикасы аясында қарастырмай,

философиялық контексте қарастыру шындыққа жанасымды. Шәкәрімнің философиялық лирикасында ұғым-категориялар – ұлттық ойлау үлгісінде бейнеленіп, қозғалыста, қарым-қатынаста берілген. Мәселен, Ындынсыз өмір, өлген көңіл, жан, жаралы жүрек тағы басқа ұғымдар өлеңде түрлі мағынада берілген. Шәкәрімнің философиялық лирика танымдық мәні жағынан философияға жақын:

Қолдағы малға төл еріп,  
Жандыдан өсіп жан шықты.  
Жаңадан дүние жан беріп,  
Неше түрлі мал шықты [128, 76 б.].

Табиғаттың түрленуі мезгілдік суретпен ғана берілмеген, оның субстанциялық мәніне назар аударылған. Тоңның еруі, қыз-бозбаланың әзілдесіп дуласуы, күннің жылынып, шөптің өсуіне қайғылы көңіл, жаралы жүректі қарсы қоя адресатты ойға шақырады. Табиғаттың жаңаруы мен қайта өшкен жаралы жүрек мәңгілік қозғалыстың, жаралыстың, барлық таласының мәнін ашқан. Өлеңдегі ой ең түпкі субстанциялық мазмұнға бағытталып, гармония мен дисгармония, мәңгілік пен мезеттік сәттер лирикалық «сюжетте» қарсылықты танымымен тереңге тартады. Адресат не қуанарын, не күрсінерін білмейді. Қуанышқа шақыратын стильдік көркемдік факторлар:

Күн нұрымен көгеріп,  
Жауқазын шықты жалбырап.  
Жер жүзіне өң беріп,  
Қызыл гүл бітті албырап [128, 76 б.].

Шәкәрім осы өлеңдерінде табиғат лирикасының шебері ретінде көрінеді. Көктем мезгілінің сұлу бейнесін ауқымды түрде жырлаған. Жауқазының шығуы күннің нұрының құдыретімен болып тұр дейді ақын. Табиғаттың тірілуімен өрістете бейнелесе, оған қарсылықты:

Қайғылы біздің көңілден,  
Қайғырған сайын қан шықты [128, 77 б.].

Бұл өмірдің мәнін ұққан адамның сөзі. Шәкәрім қазақ философиялық лирикасын құрылымдық, мазмұндық, стилдік жағынан жаңа биікке шығарып, өзінің даралық стилін айқын танытқан суреткер екенін байқататын бір шығармасы осы «Өлген көңіл, ындынсыз өмір» деген тақырып қойған өлеңі дейтініміз сондықтан.

Мысалы, Шәкәрімнің «Дін» деп тақырып қойған өлеңі бар. Шәкәрім өлеңге тақырыпты қойғанда да ой елегінен өткізіп барып қоятыны байқалады және барлық лирикалық шығармаларына тақырып қоя бермейді. Мәселен, ақынның «Дін» деп тақырып қойған осы өлеңі «Жер жүзіне қарасам...» деген жолдармен басталады. Біз, бұл өлеңді жанрлық табиғаты жағынан діни-теологиялық лирика деп танимыз. Оның өзіндік мәнісін мына жолдар байқатады:

Жер жүзіне қарасам,  
Неше түрлі халық бар.  
Дін, иманын санасам.  
Мыңнан артық анық бар [115, 263 б.].

Жер бетінде діннің көптігі өлеңге арқау болған. Өлең он бір шумақтан тұрады. Шәкәрім өлеңінде діннің көптігі, оның Адам баласының өміріндегі орны туралы ой толғайды. Егер ұстанған дінінің қадірін анық білмесе адамзаттың адасатынын атап айтқан. Мәселен, Жаратушыны Жар деп алып оны танып түсінудің қиын екенін өлеңмен жеткізген:

Бұл қалай деп ойласам,  
Мұның да бір сыры бар.  
Терең ойға бойласам,  
Дәл мынадай түрі бар:

Жардың шашы сансыз көп,  
Ол санауға келмей тұр.  
Анық нұры осы деп,  
Әркім бір тал ұстап жүр [115, 263 б.].

Міне, соны Шәкәрім көркем сөз өнері тілімен ерекше бейнелеп берген. Адамзаттың осы жолдағы ізденісін «жас қозының» қимылына ұқсатып, дәл бейнелеген: «Жас қозыдай болып тұр, Білсек мұның, мысалы, Қолтық, шабын түртіп жүр, Анық соған ұқсады». Жаратушының барлығы хақиқат, соған жету жолы тарамдалып кеткенін бейнелеген: «Хақиқаттың тарауы, Түгел жетпей қалмайды, Әр түрлі боп қарауы, Көбі анықтай алмайды». Өлеңді Шәкәрім: «Ақ жүректі ертерек, Ескер-дағы қыл әдет!», – деп деп терең түйінмен аяқтайды. Шәкәрім бұл өлеңінде діншіл бол деген үгіт-насихат айтпаған, сол діннің қадіріне жет деген меңзеу бар. Шәкәрім өлеңінің жанрлық табиғатын діни-теологиялық деп тануымыздың өзіндік мәні бар. Шәкәрімнің осы өлеңіндегі авторлық тұлға жай ғана ақын емес, дінді терең білетін



тұлға ретінде көрініс тапқан. Дін болғанда, нақтылы бір дінді уағыздау мақсатында емес, жалпы адамзат қоғамындағы діннің орны сөз болады. Діннің мәніне үңілу бар. Және оның өзі поэтикалық жолмен шешілген. Поэзияда ақыл айту, поэзияның өлгені деген ұғым бар. Шәкәрім ақыл айтпайды, ақыл бөліседі. Бұл мәні жағынан екі бөлек нәрсе. Өлеңнің сентенциялық қуаты «Ақ жүректі ертерек өзіңе әдет қыл» дейді. Әділет, адамгершілік сияқты негіздер субстанциялық мәнінде көрініс тапқан. Жалпы діннің барлығына да жат ортақ мәселенің табиғатын ашқан:

Мейлі, кімге шоқынсын,  
Шын іздесе тәңірісін.  
Қиянатты жау білсін,  
Онан тиып нәпсісін.

Тәңірі жолы – ақ жүрек,  
Сайтан деген – қиянат [115, 264 б.].

Яғни, барлық дінге қажетсіз қылық – қиянат екен. Одан қай діндегі адам болмасын нәпсісін тиганы дұрыс. Адам баласына қиянат жасамау адамдықтың белгісі. Ақ жүрек болу – тәңірі жолы. Шәкәрім өлеңінде айтылған пікірлер нағыз дананың сөзі. Осы өлең жолдарынан ақынның теологиялық танымының тереңдігін байқаймыз. Ол тұтас адамзат баласының тағдырын ойлаған ерекше дарын иесі. Данышпан ақын әлемдік діндер арасындағы өзгешелікті, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін екі шумаққа сыйғызған:

Біреу отқа жағынды:  
«Нұрдың түбі – Құдай», - деп,  
Не суретке табынды:  
«Олай емес, былай», - деп.

Бірі: «Құдай бір», - десе,  
Бірі айтады: «Көп құдай».  
Бірі: «Тәңірі – күн», - десе,  
Бірі дейді: «Жоқ Құдай» [115, 264 б.].

Шәкәрім әлемдегі ең үлкен діндер туралы ой айтып отыр. Бірі құдай жалғыз десе, бірі көп дейді. Оның түбі адамның ізденгіш санасына барып тіреледі. Шындығында, дін адамның ішкі әлеміне өріс берер қасиет. Шәкәрімнің осы өлеңіне академик Ғарифолла Есім терең философиялық талдау жасаған: «Шәкәрімнің өлеңдерінде дін

мәселесіне қайта-қайта неге айналып соға берген деген жайға келсек, айтарым – дін адамзат тарихында неше түрлі өзгерістерге, әртүрлі ағымдарға түскенімен, ешқашанда бұл жалғанда жоғалып кететін сана емес. Заман өткен сайын дін айналып келе бермек. Неге дейсіз ғой, себебі дін – адамның ішкі табиғатынан туындайтын сана. Адам өзі туралы тереңнен толғанса, барар жері дін болмақ, себебі адам өзі басып жүрген қара жерден, жұтқан ауасынан, ішкен суынан ешқайда кете алмақ емес, ал оның бәрі – жаратылыс кереметтері. Сондықтан адам өз болмысының ішінде, ол одан шығып кете алмайды, адамға ондай мүмкіндік берілмеген. Ол – ішкен-жегенінің, жалпы дүниенің тұтқыны, оның еркі санасында ғана және оған сол еркіндікті дін бермек. Сондықтан да діннің түрі көп. Дін деген кемел ой мүмкіндігі, ол мүмкіндікті әр халық, әр аймақ өзінше өріске салған. Шәкәрімнің сол көп дінде шешу бар дегені сондықтан» [90, 8-6 б.]. Шәкәрім қай тақырыпқа бармасын тереңдеп баратынын ғалым осылай түсіндіреді. Дін адамның рухани сұранысының жемісі екен. Сондықтан ол тақырып Шәкәрім поэзиясында кең орын алған. Шәкәрім теологиялық тақырыпқа танымдық-көркемдік жағынан келген. Яғни, теологиялық жанрда діннің қадырын көрсетуге тырысқан. Адам санаға сәуле қайдан түсіп тұрғанын білмейді, дегенмен адамзат баласы оның қайдан келгенін сезінеді дейді:

Ойды кімнен алғанын,  
Адам өзі сезбейді.  
Жанның айдап салғанын,  
Сезбесе де іздейді.

Хақиқаттың тарауы,  
Түгел жетпей қалмайды.  
Әртүрлі боп қарауы,  
Көбі анықтап алмайды [115, 264 б.].

Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының жанрлық табиғаты жан-жақты екенін осыдан байқаймыз. Бірде ағартушылық жағын қамтыса, енді бірде теологиялық, немесе философиялық жанрда қалам тербейді.

Шәкәрімнің «Бейісте бар сұлу жар...» деп басталатын сегіз шумақты өлеңі жанрлық табиғаты жағынан діни лирикаға жатады. Шәкәрім осы лирикалық шығармасында дін мәселесіне теологиялық таныммен келген. Бұл ақынның белгілі «Иманым» атты цикіліне енген шығарма. Ақын мұнда дін туралы уағыз біткен дұрыс бола бермейтінін сынға алады. Мәселе діннің өзі туралы емес, дінді уағыздаушылар

туралы болып отыр. Әрине, дұрыс жолмен, терең таныммен дінді уағыздаушыларға ақын құрметпен қараған. Дегенмен өлеңдегі мына жолдарға назар аударайық:

«Бейісте бар сұлу жар,  
Мінсіз таза, хор қыздар.  
Рахат берер бал кәусар», –  
Дейді біздің молдалар.

Айтады да бұл сөзді,  
Арақтан тыйды ол бізді.  
«Сүйме, – дейді, – бір қызды», –  
Молдекемнің жыны бар [115, 243 б.].

Шәкәрім адам баласын адастырар уағыздан қорқады. Ислам жолында көбею, осы өмірде ұрпақ сүю дұрыс жол. Енді мына өмірде керек жоқ, о дүниеге барғанда сендерді хор қызы тосып отыр деу, жалаң таяз түсіндіру қауіпті екенін ескертіп отыр. «Сұлуды сүймек, пайғамбар сүннеті» деп қазақ өз танымын айтпап па еді. «Молдекем» сұлуды сүйме деп айтатын жыны бар деген жолдарда терең мысқыл бар. Жын болатын себебі теріс уағыз айтып тұр. Шәкәрім «молдалар» бізді «арақтан тыйды» дейді. Бұл жерде арақтан дегенді тура ұқпау керек. Ақынның арақ деп тұрғаны ақыл. Сопылық поэзияның дәстүрі. Шәкәрім «дүмше молдаларды» сынап отыр. Өзің терең білмесең дін сияқты құдыреттілікті теріс түсіндіруден сақтан деп отыр. Ол мына жолдардан байқалады:

Молдеке-ау, олай емес қой,  
Қыз құшып, жеміс жемес қой.  
Мысалмен айтқан кеңес қой,  
Тәпсірлеуге миың тар [115, 243 б.].

«Тәпсірлеуге миың тар» өте ауыр сөз. Ойшыл дайындықсыз уағыз айтудың қауіпті екенін, дін туралы сөйлеуге үлкен жауапкершілікпен келу қажеттігін ескертеді. Ақын егер шындығында солай болса, онда өзің осы өмірде үйленіп, сұлуды неге құшасың дегенді терең юмор, өткір сатирамен жетізеді:

Жалықпас, бітпес рахат бар,  
Азабы оттан қиын, тар.  
Нәпсіге ерген молдалар  
Қыз құшуға тым құмар [115, 243 б.].

Сонда бағанағы айтқан сөз, айтылған уағыз қайда кетті. Бұндайда қазақтың шығарған үкімі де қатты. «Молданың істегенін әстеме, айтқанын істе». Шындығында, Шәкәрімнің айтқан үкімі одан да терең, молданың айтқанын да істеме, әстегенін де істеме болып шығады. Әрине бұл жерде әңгіме «дүмше молдаларда» болса керек.

Оның махаббат лирикасы, табиғат лирикасы да даралығымен ерекшеленеді. Шәкәрімнің «Талап деген бір жүйрік ат секілді» деген он үш шумақты өлеңі бар. Бұл өлең жанрлық табиғаты жағынан философиялық лирикаға жатады. Өлеңге ақын «Талап пен ақыл» деген тақырып қойған. Шәкәрім өлеңінде адамның көптеген қасиеттерін осы талаптан дамытқан. Ақын талаптың сипаты ақылмен астасқанда толық ашылатынын бейнелеген. Ақылсыз талап бас білмес тұлпар сынды. Шәкәрімнің осы өлеңі:

Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды,  
Бабын таппай мінгенді қылар жынды.  
Тауға ұра ма басыңды, тасқа ұра ма,  
Ал енді оған кісі қайтіп мінді? [115, 128 б.].

Құр талап аз екен, оған бабын тауып мінген жөн. Енді талаптың бабын таппасаң «мінгенінді қылар жынды» дейді. Талап ақылдың айтқанымен жүрсе тауға да, тасқа да ұрынбасы анық. Әйтпесе, «тауға ұра ма басыңды, тасқа ұра ма» әйтеуір жынды қылары анық. Ал жаңағы айтқан ақылға сүйенсе, онда талапқа алынбас қамал жоқ:

Талап шықса ақылға мініп алып,  
Жақсы, жаман – бәріне бірдей салып.  
Анық ақыл адымын аштырмайды,  
Еш нәрсе одан құтылмас жетпей қалып [115, 128 б.].

Шәкәрім ақылды нағыз тұлпарға теңейді. Ол жарысқанынан озады, қуғанына жетеді. Өлеңнің өзегінен «анық ақыл өмірлік байлығың болсын» – деген, ақынның жақсы ниеті айқын көрініс беріп тұр. Талап шәкірт болса, ақыл ұстаз, сенімді өмірлік серігі. Шәкәрім талапқа алты түрлі нөқта тағады:

Ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық  
Талапқа алты түрлі нөқта тақтық.  
Алтауының ішінде ынсап әділ,  
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық [115, 243 б.].

Шәкәрім осы өлеңінде ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық сияқты адам бойындағы ізгі қасиеттерге сипаттама беріп шығады. Бұлардың барлығы адам баласына ең керекті қасиеттер. Соның ішіндегі ең әділі Ынсап деп өзгесінің тізгінін соған ұстататынын айтады. Ақын сол ынсаптың болмысын былай бейнелейді:

Ынсап деген аспайды, кем қалмайды,  
Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды [115, 128 б.].

Шәкәрім ынсаптың орнықтылығын өзгеше бағалайды. Ынсап ақтарылып төгілмейді, немесе, алаңғасарланып алдыға шаппайды. Қалыптылық оның үлкен қасиеті. Ақын осы философиялық лирикасында адамның адамдық қасиетін талап арқылы келіп ашқан. Адамның әрбір асыл қасиетін поэтикалық тілмен бейнелеген. Мәселен, рақымнан қаттылық шықпайды, ар деген – адамшылық дейді, одан намысты өрістетеді. Осылайша, адамның асыл қасиеттерін бейнелеген. Адамның адамдық бейнесін айқындайтын осы ізгі қасиеттер екенін, олай болмағанда дүниенің бүлінетінін Шәкәрім өлеңнің түйін шумағында қортындылап берген:

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,  
Анық төмен болмай ма хайуаннан.  
Ынсап, рақым, ар, ұят табылмаса,  
Өлген артық дүниені былғағаннан! [115, 129 б.].

Шәкәрімнің философиялық лирикасының түйін үкімі осы. Шәкәрім көркем поэзияда адам бойындағы түрлі қасиеттерін ұғым – бейне түрінде суреттеп, ұлттық сөз өнерінде философиялық лирика жанрын өзінше дамытқан. Философиялық лирика тақырыбына Шәкәрім тереңдеп барған. Ақынның философиялық лирикасын тереңдеп зерттеген ғалым Т. Шаңбай мынадай пікір айтады: «Философиялық лирика – тақырыптық-мазмұндық жағынан, лирикалық поэзияның азаматтық лирика, көңіл-күй лирикасы, саяси лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы, әлеуметтік лирика деген сияқты дараланған жанрлық түрі екені айқын. Оны лириканың басқа жанрлық түрлерінен «сыршылдан ойшылдығы басым, философиялық сарыны күшті» болуы мен «ғалам сыры, тіршілік құпиясы, жазмыш жұмбағын» тануға ұмтылысы дараландырып тұр. Яғни, ойшылдық. Басқаша айтсақ, танымдық аспектісі дараланған, поэзияда осы танымдық бейнеленіп берілген. Шәкәрімнің осы бағыттағы өлеңдерін қай ғылым саласы қарастырмасын жанрлық табиғаты жағынан философиялық лирика

деп тануы шындыққа жарасымды» [91, 775 б.]. Жалпы, Шәкәрімнің лирикалық шығармаларына философиялық толғаныс тән құбылыс. Барлық өлеңдері философиялық лирикаға жатпаса да, онда оның элементтері көрініс тауып жатады. Мәселен, ақынның «Ашу мен ынсап», «Мақтау мен сөгіс», «Талап пен ақыл», «Өмір», «Ажалсыз әскер», «Адам немене?» деген тақырыптар қойылған өлеңдерінде философиялық лириканың элементтері көрініс тапқан. Лирикадағы негізгі объект адам мәселесі. Оның болмысы. Философиялық лириканың табиғатының өзгешелігі оның жанрлық табиғатынан да көрінеді: «Философиялық лирика – тақырыптық-мазмұндық жағынан, лирикалық поэзияның азаматтық лирика, көңіл-күй лирикасы, саяси лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы, әлеуметтік лирика деген сияқты дараланған жанрлық түрі екені айқын. Оны лириканың басқа жанрлық түрлерінен «сыршылдықтан ойшылдығы басым, философиялық сарыны күшті» болуы мен «ғалам сыры, тіршілік құпиясы, жазмыш жұмбағын» тануға ұмтылысы дараландырып тұр. Яғни, ойшылдық. Басқаша айтсақ, танымдық аспектісі дараланған, поэзияда осы танымдық *бейнеленіп* берілген. Шәкәрімнің осы бағыттағы өлеңдерін қай ғылым саласы қарастырмасын жанрлық табиғаты жағынан философиялық лирика деп тануы шындыққа жанасымды. Философиялық лирика – көркем философия мен сопылық поэзияның және өнер философиясының да объектісі. Діннің де, философияның да, басқаның да бастауында *сөз өнері (миф, т.б.)* тұрғаны туралы ғылымда неше мәрте айтылған. Философиялық лирика көпқабатты (*көркемдік, эстетикалық, танымдық, діни аспектісі астасқан*) жанр. Және Шәкәрімнің философиялық лирикасы жанр болғанда – сыр сөз, хикмет, трактатқа тән сенім мен танымның негізін бойына жиған барлықты (болмысты) көркемдік шындық арқылы бейнелеп келе жатқан және *ұлттық-адамзаттық құндылықтар жүйесіне негізделген* қазақ сөз өнеріндегі метажанр. Мұнда танымға сенім үндескен» [91, 775 б.].

Шәкәрімнің лирикасы мол жанрлық табиғатымен ерекшеленеді. Ол ақынның көркемдік көру қуатының, даралық шеберлігінің көрінісі десе де болады. Мәселен, Шәкәрімнің лирикасы философиялық лирика, табиғат лирикасы, әлеуметтік лирика тағы басқа жанрлық түрлерге бөлінеді. Соның ішінде азаматтық лирика ақын поэзиясының арналы саласы. Азаматтық лириканың тақырыбы мен идеясында ақынның тікелей халық тағдырын, оның еркіндік пен бақытын армандаған азаматтық ұстанымы айқын ашылып отырады. Осыған қарап азаматтық лириканы ғылымда саяси-әлеуметтік лирика аясында қарастыратын дәстүр бар. Ол туралы академик Зәки Ахметов мынадай тұжырымды

ой айтқан: «Азаматтық лирика – лирикалық поэзияның заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл-күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді. Адамның белгілі бір дәуірге баланысты ой-арманын, мақсатын жырлайды, жалпы әлеуметтік мәселелерді толғайды. Сондықтан азаматтық лириканы кейде саяси-әлеуметтік лирикаға қосады» [92, 34 б.]. Шәкәрімнің азаматтық ұстанымы толық көрінген шығармасы «Адамдық борышың» өлеңі. Адамның адамдығы халқына қызмет етуде. Басқаша болуы мүмкін емес. Ол үшін тұлғаның өзінің үлкен дайындығы болуы керек: «Адамдық борышың – халқыңа қызмет қыл, Ақ жолдан айнымай, Ар сақта, оны біл. Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, Өнерсіз, Болады ақыл тұл». Құрғақ ниет аз екен, өнерлі болғанда, өз ақылың тұл болмағанда ғана халқыңа қызмет ету мүмкін нәрсе. Келешек қамы үшін өміріңді арна, қауымға жол көрсет деген азаматтық ұстаным өлеңнің сентенция шумағында былай түйінделеді: «Ғибрат алар артыңда із қалдырсаң. Шын бақыт – Осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің». Мәңгіліктің тірегі жеке бастың қамы емес, халқыңа қызмет ету екенін айқын атап көрсетеді. Ар ілімін басшылыққа алған ойшыл ақынның барлық шығармаларында халық тағдырын, оның келешегін, мүддесін ойлап толғанған азаматтық ұстанымының көрініс табуы заңдылық. Шәкәрімнің даралық стилі осы ғибраттық сарында халықты ойлаған үлкен жүрегінен көрініс тапқан. Бұл шығарма көпқырлы табиғатымен ерекшеленіп, автордың ірі тұлға екенін байқатады. Бұндай ірі суреткер шығармасының терең танымы, көпқырлылығы туралы ғалымдар пайымды пікірлер айтқан. Мәселен, орыс ғалымы Ю.И. Минералов суреткердің даралық стиліне әсер етер факторларды былай айқындайды: «В формировании индивидуальных стилей участвуют весьма разнообразные факторы – от глобальных, социально-исторических, до конкретно-биографических, психофизиологических и др.» [93, 14 б.]. / «Даралық стильдік қалыптасуына түрлі факторлар ықпал етеді – мәселен, жаһандық, әлеуметтік – тарихидан бастап нақтылы – биографиялық, психофизиологиялық т.б.»/.

Осындай кең тынысты, халық қамын ойлаған азаматтық лириканың өрісін қазақ поэзиясында Шәкәрім жаңа биіктерге жеткізді. Қайсыбір өлеңінде елдегі әлеуметтік теңсіздікті, халыққа қорлық көрсетіп, тырнағын батырғанды ашық сынады: «Елден кешу алмасаң, Жалмауыздай жалмасаң, Тәңіріні малмен алдасаң, Алдында орын дайын-ды!». Екі өмірде жазасының дайын екенін ескертеді. Ар, иманға бағыттайды. Жеке адамға ғана емес, әлеуметтік топқа, жалпы халыққа қаратып айтатын сәттері, сынап отырып бағыт-бағдар

сілтейтін кездері де мол: «Қазақтың жаманы болмас, жаманнан аманы болмас. Бірігіп іс қылатұғын, Түзелер заманы болмас! ...Жуаны қылады зорлық, Момынның көргені қорлық. Теп-тегіс қулық пен ұрлық, Ал енді қайтып ел болдық?». Бірінші шумақта қатты айтып, леп белгісімен аяқтаса, соңғы шумақта шерлі толғаммен түйіндеп, сұрақ белгілі сұраумен аяқтайды. Қайшылықтар мен кемшіліктерді қатар ашып айтып, ой тастайды. Халыққа қаратып айтқанда, әрбір әлеуметтік топтың кемшілігін атап айтып түзелуге шақырады. «Кел, байлар, балаңды оқыт, ғылым ізде, Қазақты бастайтұғын қару сізде. Партияға шашқанша осыған сал, Қолыңда қорегің бар кезіңізде» деп байға қаратып айтса, кедей, жарлыға қаратып: «Жарлылар, жалаңдама, сендер де ойлан, Кер кедей, кежірлікті шығар бойдан. Бойың жалдап қор болма, ойың жалда, Түк өнбес алты ай жүріп алған қойдан». Шәкәрім әлеуметтік топтарды ажырата танумен қатар, олардың кемшілігін де дәл басып айтады. Байларға балаларыңды оқыт, ғылым іздет, өмірдің кілті ғылымда дегенді айтады. «Ғылымсыз адам – айуан» деп өткір айтқан да Шәкәрім болатын. Шәкәрімнің өзі көтерген осы күрделі тақырыптарға қайта-қайта оралуы қайталауға ұшырауы емес, керісінше осы тақырыпты тереңдетіп жаңа даралық стильмен халық тағдырына өз үнін қосуы. Жол табудың ізденістері. Бұл жағынан Шәкәрім өзінің ұстазы хакім Абай дәстүріне жақындайды. Ол туралы ғұлама ғалым, кемеңгер суреткер Мұхтар Әуезов мынадай сындарлы ой айтқан болатын: «Мазмұн жағынан қарағанда, бұл жылдара Абай бұрын өзі ақындық, әлеуметшілдік, ағартушылық жолында өмірлік мақсат, мүддесі етіп алған, зор тақырыптарды жаңа өлеңдермен, жаңа сапада қайталап отырады. Әрине, осы тақырыптарына қайта соғып отыру – Абайдың бір орнында тұрып қалуы емес. Бір басқан ізін қайта басу емес. Әр кезекте сол тақырыптарды әр алуан оймен, көркемдік жолында ізденумен, сападан сапаға қарай өрістеумен жыр етеді. Бұның бәрі – сыншыл және талабы зор ізденгіш, шабытты ақынның ерекшелігі» [94,146 б.]. Ойлануға жетелейді. Көп кемшіліктің түзелеріне сенеді: «Мен кетемін, келеді тағы өмірге мендей, Олар мінді көреді, қисық жерін жөндей». Ақын болашаққа оптимистік тұрғыдан қарайды. Мен сынағанда жақсы болсын деймін. Мінді түзетіндер дейді. Бірақ өзін басқадан биік қоймайды. Мен де кетемін, бірақ дүниеге мен сияқтылар келеді. Мінінді түзейді дейді. Ақиқатқа харекет жолымен жетуге болатынын айтады, оған Шәкәрім поэзиясындағы лирикалық тұлға сенеді: «Ақ жүрек пен таза ақыл, қылсаң адал еңбек, ...Аяғында хақиқатты бұл үшеуі жеңбек». Жалпы еңбек істегенде адалдық жолында болғанды қалайды. Ол үшін жүрегің ақ болуы керек. Таза ақыл деп отырғаны, Шәкәрімнің өзі айтатын



ноқталы, дертті ақылдың қажеті шамалы. Адамды ондай ақыл теріс жолға бастауы мүмкін. Сондықтан ақиқат жолына түскің келсе таза ақылмен жол тап дейді. Шәкәрімнің азаматтық ұстанымы барлық поэзиялық жанрда жазған шығармаларында көрініс тапқан. Ұждан, ар ілімін басшылыққа алған тұлғаның шығармаларынан азаматтық ұстанымның айқын көрінуі заңды көркемдік-эстетикалық құбылыс. Адамзат құндылықтары тұтас толғандырған ақынның шығармаларында азаматтық ұстанымның мол көрініс табуы – өнердегі негізгі шығармашылық фактордың бірі.

Шәкәрім лирикасы жанрлық көпқырлылығымен ерекшеленеді. Жанрлық табиғатының бұндай ерекшелігі ақынның көркемдік-эстетикалық қуатының белгісі. Шәкәрім лирикасының көркемдік қуаты сонда, ол табиғат лирикасы, философиялық лирика, азаматтық лирика, ағартушылық лирика аясында шектеліп қалмай, ерекше даралық стильмен саяси-әлеуметтік лирика саласында да қалам тербеп, ең бастысы адам құқығы мәселелерінің даму үрдісін терең ой елегізінен өткізеді. Шәкәрім лирикалық шығармаларында бейбітшілік, еркіндік ұғымы, адамзаттың бақытты өмір сүру құқығы, елдің соған сай тиісті жағдайларды туындатуы туралы мәселелер ерекше орын алады. Бұл туралы қазақ лирикасын жүйелі зерттеген Т. Шапай мынадай пайымды пікір айтады: «Лирика туралы пікір айтқан философ, әдебиетшілердің қай-қайсысы да ақынның сол жеке сырларының жалпыадамзаттық сипатының талассыздығына қол қояды» [95, 146 б.]. Бұдан шығатын қорытынды лирика қашан да халық қамын, адамзат мұңын жырлаған. Әрине сөз үлкен лирика туралы болып отыр. Әсіресе, ақын өлеңдерінде адамдардың игілікті еңбек етуі, соның негізінде бейбітшілік пен қоғамдық тұрақтылық туындайтыны баса айтылады. Ақын «Бостандық таңы атты» деген туындысында:

Бостандық таңы атты , қазағым, көріндер,  
Арға ие басшының соңынан еріндер,  
Таң артынан хақиқат күн шығады,  
Еріншек , жалқаулық әдеттен безіндер – [115, 185 б.].

дейді. Жаңашылдықты, қоғамдағы өзгерісті Шәкәрім жақсы ниетпен қарсы алады. Оған осылай өлең, жырларын арнайды. Шәкәрімнің саяси лирикасының жазылуы осы қоғамдық өзгерістермен тұспа-тұс келді. Шәкәрім өз шығармаларында адамзаттың бақытты, теңдік жағдайында әділетті өмір сүру құқығын қорғады. Мемлекет халық үшін еркін өмір сүретін, жасампаз еңбекпен шұғылданатын жағдай жасауға, ең маңыздысы бейбітшілік пен қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге борышты деп ұқты:

Ар түзер адамның адамдық санасын,  
Ақ жеңіп шығады, арамның қарасын.  
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,  
Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын [115, 186 б.].

Саяси-әлеуметтік лирика тек қана көркемдік-эстетикалық факторымен ғана емес, көтерген әлеуметтік мазмұнымен де ерекшеленеді. Шәкәрім адам құқын қорғаушы, әділетті қоғамның болуын аңсайды. Мемлекет пен құқықты салыстырар болсақ, құқық алғашқы болып табылады. Әлеуметтік тұрақтылыққа жетудің басты факторы әділеттілік болып табылады. Шәкәрімнің лирикалық шығармаларына назар аудара отырып, сайлау мәселелері мен сайлау жүйелеріне қатысты мәселерге деген көзқарасына тоқталмай болмайды, ол бұларды шындық тұрғыдан көргісі келді. Ақынның «Партия адамдары», «Тағы да сорлы қазақ», «Партия қуған өңкей қырт» және т.б. сатиралық өлеңдерінде қазақ жерінде болыстарды сайлау қалай жүргізілетіні туралы шынайы бейнеленеді:

Партия қуған өңкей қырт,  
Жазылмайтын ол қыл құрт.  
Мен тартам ел қайғысын,  
Әкімі – залым, биі – әңгірт.

Сұрқия тілін жалдайды,  
Момын мен аңқауды алдайды,  
Қанды қақпан бар құрған,  
Түсірер болса қандайды [115, 177 б.].

Биліктің өкілетті органдары туралы сөз еткенде Шәкәрім «әділ, ізгі заңдарды» жасап, қабылдай алатын адал да, ақылды адамдарды сайлау қажеттігін, баса айтады. «Әкімі – залым, биі – әңгірт» болса, онда сол елдің қайғысын мен тартам, – дейді, ақын. Шәкәрімнің үлкен жүрегі, халықтың қамын ойлайтын жанашырлық сезімі осы жолдардан анық көрініп тұр. Ол өз өлеңдерінде қазақ даласындағы келеңсіз тәртіпке қарсы шыға отырып, қазақ қоғамындағы билікке талас, ру аралық алауыздықты сынға алады:

Арамдық, аразды түбімен жойындар  
Өтірік, өсекті біржола қойындар.  
Намыс, жігер, бойыңа жиып қайрат,  
Қажымай адалдық жағында болындар... [115, 185 б.].

Шәкәрімнің тағы бір мысал өлеңі «Наушеруан аңда жүріп киік атқан...» атты сегіз шумақты өлеңі. Жанрлық табиғаты жағынан мысал өлеңге жатады. Мысал өлеңнің өзегінде сюжет жатады. Бұл өлең де сюжетті, диалогті, шығыс дәстүрімен жазылған. Бұндай мысал өлеңдерде сол сюжеттік оқиға өрістеп келіп, шарықтау шегіне жетіп, соңғы сентенция шумақтарында ғибрат айтылады. Кеңес дәуіріндегі айтылатын үгіт-насихат емес, шын мағынасындағы шығыстық ғибраттық насихат өлеңнің ойлы алтын арқауы болған. Ғибрат сентенция өлеңнің алтыншы және жетінші шумақтарында айтылған:

Жебір ұлық халқына қас қылады,  
Көңілін шерлі, көздерін жас қылады.  
Қиянат қылдай істен басталмақшы,  
Ескермесе, аз науқас асқынады [115, 156 б.].

Мал, мансап адамзатты мас қылады,  
Мейірімді ет-жүрегін тас қылады.  
Тәкаббар, әділетсіз залымдарды,  
Бағы қайтқан сорлы елге бас қылады [115, 157 б.].

Ел басқарушының қылдай қатесі халыққа нәубат болып жететінін жеріне жеткізе айтқан. Сегізінші шумақта сюжеттегі тұлғаға анықтама берілген. Соңғы шумағында айтылған ғибратқа лирикалық тұлғаның қатыстылығы көрініс тапқан.

Әртүрлі сатиралық шығармаларында («Шаруа мен ысырап», «Құмарлық», «Мақтау мен сөгіс», «Хайуан мен ақымақтар», «Қулар», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене» және т.б.). Шәкәрім қазақ қоғамындағы өтірік, екіжүзділік, зұлымдық, т.б. көре отырып, мансап, байлық үшін әртүрлі әдістер арқылы билікке ұмтылған «алдамшы, пайдасыз сағым қуғындарды» сынайды. Сол кездегі ұстанымы биік ұлт әдебиеті туралы академик Серік Қирабаев былай дейді: «Осындай, қазақ халқының ояна бастаған тұсында, оның ұлт-азаттық жолындағы күресі туын берік ұстап, халық өмірінің шындығы мен алдыңғы қатарлы идеясын жырлаған қоғамдық сананың бір түрі – қазақтың ұлттық әдебиеті болды» [96, 26-б]. Шәкәрім адамзат қоғамының маңызын өзінше түсіндірді, Ар ілімін қалыптастырды. Шәкәрім таза ақылмен, әділ харекет еткенде адамзат қоғамы түзеледі деген концепция ұсынды. Шәкәрім болашаққа ерекше үміт артқан:

Мен өлсем, ұрпағым, артымда қаларсың  
Тілеген мақсұтты өмірден аларсың.

Есіңе алып келгенде қабырыма,  
Шаттықпен шалқытып әніме саларсың [115, 187 б.].

Ақын ұрпақ жалғастығына, алдыңғы толқынның кейінгі толқын алдындағы жауапкершілігіне ерекше мән берген. Бүкіл өмірін халқына қызмет етуге арнаған ақын елінің өзін ұмытпайтынына сенеді. Дана ойшыл, өз шығармаларында «адам» және «халық» туралы жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінерліктей өте кең түсінік береді:

Таласпай бөліссе, табиғат байлығын,  
Қара жер тойғызар адамның барлығын  
Махаббатпен бірлесіп, еңбек қылған  
Өмірдің көреді бақытты, сайлығын

Бұл өмір таусылмас, жаңарар адамзат,  
Арам ой ұмытылып, зорлықшыл болар мат.  
Адал етсең, еңбектің жемісін жеп,  
Шалқыған ел-жұртым, боларсың көңіл шат [115, 186 б.].

Шәкәрімнің даналығы сонда, ол адамзаттық биіктен ойлайды. Шәкәрім шығармашылығында халқының, жалпы адамзаттың қоғамын қалай түзеуге болады деген мәселені жүйелі түрде көтеріп отырды. Оның саяси-әлеуметтік лирикасы осындай адамзат баласының бақытты өмір сүруін армандаған пафосымен ерекшеленеді. Бұл жерде белгілі зерттеуші А. Квятковскийдің: «Самонаблюдение и глубоко личная трактовка переживания становятся у лирика основным методом художественной выразительности: в этом заключается и сила, и слабость его позиции как способа утверждения своей личности. Решающую роль здесь играет глубина поэтического мировоззрения, без которого невозможно создание значительных лирических произведений» [97, 145 б.] /«Байқампаздық пен терең ішкі тебіреніс лириктің көркемдік бейнеліліктегі негізгі әдісі: оның күші де осында және оның әлсіз сияқты жұмыстары жеке тұлғаның қалыптасу жолы сияқты қабылданды. Бұл жерде поэтикалық дүниетаным терең шешуші рөл атқарады, онсыз мәнді лирикалық шығарма жазу мүмкін емес»/ терең танымды пікірі Шәкәрім тұлғасын аша түседі. Шәкәрім қазақ өмірінен, адамзат қоғамында болып жатқан өзгерістерден тыс қалмаған. Әрқашан оған өз үнін қосып, қызмет етуді негізгі адамдық міндеті, борышы деп түсінген. «Адамдық борышың – халқыңа қызмет қыл» дейтін де Шәкәрім болатын.

Шәкәрім өлеңдерінің ертеректе жазылғандарының біразын махаббат лирикасына жатқызуға болады. Өмірге құштар жастық леп өзінің қуатымен Шәкәрімнің махаббат лирикасында ерекше көрініс тапқан. Ең алдымен махаббат лирикасына жақын ерекше шығармасы, әрине «Жастық туралы» деген өлеңі. Шәкәрімнің осы өлеңінің жанрлық табиғатын дәл танып, алғаш нақты баға берген Мұхтар Мағауин болды: «Абайдың өлең өрнегін ұстанған, Абайдың тіл мәдениетін үлгі тұтқан махаббат жырларының өзінде Шәкәрім тың бояу табуға, соны сыр түйеге ұмтылады.

Жаудырап көзі,  
Тамшылап сөзі.  
Жібектей шашын тараса.  
Қалмайды халің,  
Шығады жаның.  
қиғаштай көзбен қараса.  
Бұл дүниеде қыз қызық,  
Бозбалада ой бұзық... [115,26 б.].

Бұл – қазақ лирикасындағы өзгеше леп. «Ертістің арғы жағынан көрдім сені, Сырғанды қайық қылып өткіз мені», – деп әдептен аспай, наздана қиылу емес. Тіпті, «Әлиф деп ай йүзіңе ғибрат еттім», – деп, «Сәңә ғишқ болып кәмтар, – Сүлейман, Ямшид, Искәндәр – Ала алмас барша мүлкіга», – деп, үмітсіз сәлем жолдайтын мұңды сағыныш та емес. Шынайы өмір. Бүкпесіз сезім» [98, 8 б.]. Ғалым Шәкәрімнің махаббат лирикасына ең алғашқылардың бірі болып терең бағасын берген болатын. Шындығында, Шәкәрімнің осы «Жастық туралы» өлеңі өзіндік стилімен бірден ерекшеленген болатын. Өлең жолдарында келтірілген теңеулер, жастыққа ғана тән сұлулықты айқындай түседі. Сұлудың жібектей шашын тарауы, қимыл-қозғалысы, нақты реалистік суреттер арқылы оқырманды өлең еткізер ыстық қуатымен баурап алады. Біз алғашқы тарауда тақырып пен идея мәселесін қарастырғанда бұл өлеңге тоқталған болатынбыз. Сондықтан ғашығын бейнелейтін тұстан мысал келтіре отырып, сонымен шектелеміз:

Жан ғашығым сол еді,  
Ұжмақтың хоры,  
Іздедім соны.  
Тал бойының кірі жоқ.  
Бойы бар сымдай,  
Белі бар қындай.

Мүшесінің міні жоқ,  
Қыз осындай болар ма,  
Оны сөккен оңар ма! [115, 26 б.].

Автор осылай сұлу қыздың өз танымындағы асқақ бейнесін жасаған. Шәкәрім қандай да бір лирикалық жанрда қалам тербемесін, бояуы соншалықты қанық, тілі даралығымен айқындалып отырады. Әйел мүсінін поэзияда бейнелеуде ақын хас шеберлік танытқан. Шәкәрімнің махаббат лирикасында жазылған тағы бір өлеңі «Шын сырым» деп аталады. Шәкәрім бұл өлеңінде қыз бейнесін жай ғана суреттемейді, көркемдік әсірелеу әдісін қолданады:

Жібектей қап-қара  
Таралған шашың бар,  
Бұлдырсыз тап-таза  
Жаралған басың бар.  
Қардай аппақ,  
Әжімсіз маңдайың кең.  
Қынаптан суырған  
Қанжардай қасың бар [115, 44 б.].

Шәкәрімнің басқа да махаббат лирикасына арналған, ғашықтық туралы мол өлеңдері бар. Мәселен, «Шын асықтың әрбірі, Өліп топырақ болды да, Жаралыстың тағдыры, Жаратты мені орнына...» деп келетін өлеңдері бар. Бұл жерде ойланатын жағдай бар. Шәкәрім ғашықтықты, махаббатты құмарлықтан биіктетіп әкетеді. Шәкәрімдегі махаббат, ондағы ғашықтық Хаққа, Жаратушыға бастау алып жатады. Ол жайында академик Ғарифолла Есім мынадай терең ой айтады: «Алланың пендесі ер адамның әйел затына ғашық болуының негізінде оның Жаратушысына ғашықтығы жатыр... Ер адамның әйелге, керісінше әйелдің ер адамға ыстық құштарлығында, ғашықтығында, Жаратушының жаратқандарының кереметтігіне бас ию бар» [99, 107 б.].

Шәкәрім лирикасында өзіндік стилін айқындайтын осындай қуатты көркемдік элементтер аса мол. Жалпы, әрбір суреткерден стиль іздеу орынсыз. Көп суреткер еліктеу, өзіндік жазу мәнерінде қалуы ғажап емес. Ал, стиль тек таңдаулылардың еншісіндегі шығармашылық өзгешелік, дарындылығының белгісі. Алғашқы жастық сезімнен мәңгілік сезімге ойысу шын мағынасында даралық стильдің көрінісі. Немістің ұлы ақыны Гете: «Кім көрінгенде қалыптасқан стиль бола бермейді, тек шығармашылық шыңына көтерілген жазушыда ғана болады» деген пікір айтқан [100, 401 б.]. Әдебиеттану ғылымында

калыптасқан тұжырымға сүйенсек барлық суреткерден стиль іздеу артықтық болады. Мұнда алғашқы саты – еліктеу, онда суреткер өзі жақсы көрген шығармашылық тұлғаға еліктейді. Шәкәрімнің шығармашылықта өзіне ұстаз тұтқан адамдары аз болмаған. Олардың негізгілерін атап өтсек, мыналар: Абай, Толстой, Гаспринский. Екінші деңгей – мәнер. Шәкәрімде мәнер өте күшті болған. Мәнер – стильге апарар жол. Жоғарғы саты, әрине – стиль. Ол суреткер қолтаңбасының даралығы. Ешкімге ұқсамайтындығы. Көркем стиль әдебиеттану ғылымында, даралық стиль, ұлттық стиль және классикалық стиль деп жүйеленіп жүр. Стиль мәселесін қарастырған ғалымдардың қайсыбірін атап өтетін болсақ, олар А.Н. Соколов [101, 210 б.], Г.Н. Поспелов [102, 330 б.], В.В. Виноградов [103, 320 б.], Қ. Жұмалиев [104, 228 б.] тағы басқалар. Шәкәрім стиліндегі ең үлкен қалыптастырушы фактор, оның гуманизмі, басқаша айтсақ адамзат қамын ойлайтын үлкен жүректі ақын екендігінде. Адам баласының санасы адамдық жағына қарай өзгерсе, өзінің табиғи қалпын сақтаса, білім іздесе оңалар деген терең сенімде болған. Осы бағытта жазылған лирикалық шығармаларынан бірнеше үзінді келтірейік. Ақынның «Сен ғылымға болсаң ынтық...» деп басталатын өлеңі осыған дәлел бола алады:

Сен ғылымға болсаң ынтық,  
Бұл сөзімді әбден ұқ.  
Білгеніңнің жақсысын қыл,  
Білмегенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті,  
Білмегенді қыл шәкірт.  
Үйренуге қылма намыс,  
Үйретуге болма кер [128, 87 б.].

Бұл өлең жолдары классикалық танымның белгісі. Жер бетіндегі қай халыққа болмасын, қай адамға болмасын насихат ретінде ұсынатын аса құнды маңызы бар жолдар. Үйренуге намыстанба, білген адамға ер, білмегенге үйрет, ғылымға ынтықтық жақсы қасиет, сондықтан, мұның барлығы адамдық қасиетке негізделуі шарт екенін баса айтады. Шәкәрім ғылым, білім туралы өлеңдерінде насихаттық сарын басым. Мәселен, ақынның осы адамдық ойы барлық өлеңдерінде басты назарға алынған. Классикалық стильдің бір көрінісі осыдан байқалады. «Адамдық борышың, халқыңа қызмет қыл...» деп нақты нұсқап жол көрсетсе, енді бірде, «Ойлаңыз, ақыл-білім қайда болмақ...» деп, ойлануға шақырады. Осы өлеңінде адамның адамшылығы тағы бір қырынан көрініс тапқан:

Ой сонда неше толғау шимай салмақ,  
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.  
Дәл солай қылайын деп ұнағанда,  
Әділетті жүрегің бір қозғалмақ,

... «Жарайды», – деп ұнаса бас иземек,  
Жек көрсе, жиіркеніп дірілдемек.  
Жүрегінің тілі жоқ, ымбалы сол,  
Ұғып ал да бола көр соған көмек [115, 58 б.].

Бұл жерде Шәкәрімнің басты идеясы, өзіндік көркемдік-танымдық стилі айқын көрініс тапқан. Не нәрсенің шешуі жүректен шықса, сол дұрыс болатынына меңзейді.

Жалпы, суреткер стиліне көркемдік элементтердің барлығы кіреді деген ғылымда ұстаным бар. Бұл пікірдің жаны бар. Өйткені көркем шығарманы тұтас мәдени құндылық ретінде көрсететін ең қуатты көркемдік-эстетикалық элементтері стильді құрайды. Біз Шәкәрім стиліндегі таным биігі дегенде өлеңнің терең сырлы қуатын, энциклопедиялық масштабын айтып отырмыз. Бұл туралы ғалым Қ. Шаяхметұлының мына бір пікірі тереңдігімен өзіне назар аудартады: «Басқаша айтқанда, әдеби тілдің көркем стильден басқа да тармақтарына кең өрістілік дарытты, іркіліссіз дамуға бейімділік бетін айқындады. Әмбебап ұлы тұлғаның классиктік қуат-қайраты тілді жалпыхалықтық негізде демократияландыру мен оның қадыр-қасиетін аялау методологиясын орнықтырды. Лингвоонтогенездік, глоттогенездік ыңғайдан, сондай-ақ теософиялық сенім биігінен «Әуелі аят, хадис – сөздің басы, Қызықты қисынымен болмаса сөз, Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы» деген даналық тұжырым жасады. Шәкәрімнің дүниетанымдық және шығармашылық көзқарастарының да өзегі осындай тұжырым екені айдан анық. «Сөз – құдайдан шыққан бу» дейді Шәкәрім. Ал «Ажалсыз әскер» өлеңінде өлместік кепілі ұрпаққа қалған сөз құдыреті екенін мәлімдейді: «Шын патша мен емес пе уайымсыз, Ғаскерім – өлеңім мен сөздерім» [105, 535 б.].

Барлық гуманитарлық ғылым саласындағы ғалымдар Шәкәрімнің сөз құдыретін ерекше танығанын атап көрсетеді. Шәкәрімнің поэзиясының стильдік қуаты әр шығармасынан байқалып тұрады. Ақынның «Кетті, келді...» үш шумақты өлеңі өзгеше даралығымен өзгеше дараланып тұрады:

Кетті, келді,  
Толды, семді.  
Өзгеленді бұл ғалам.



Туды, өлді,  
Жанды, сөнді.  
Өршіп өнді қайтадан [115, 234 б.].

Осы өлеңнің алғашқы шумағына назар аударсақ, ақын «келді, кетті, толды, семді, туды, өлді, жанды, сөнді» деген етістіктерді үдете пайдалану арқылы айрықша даралық стильдің пішінін қазақ поэзиясына әкелген. Қазақ поэзиясына, өлең құрылымына әкелген Шәкәрімнің жаңалықтарын жан-жақты зерттеген А. Үсенова мынадай пікір айтады: «Біріне-бірі ұқсамайтын құрылымдар Шәкәрімнің түршілдік шеберлігін танытса керек. Бұл кестенің көпшілігі бұрын кездеспеген тосын. Осыған байланысты бірқатар өлеңдер көңілге бірден ұялай қоймайды. Абайдың дайын үлгісімен түзілген өлеңдермен шектеліп, өзге құрылымдарды қаға берісте қалдыру, ерекшеліктерін екшемеу – ақын өлеңдерінің бітім-болмысын, көркемдік-идеялық маңызын толық аша алмау, ақын шеберлігін айқындай алмау. Өлең мазұнына дөп түсер алуан түрлі өлең өрнегі өлеңнің даралық сипатын күшейтеді» [7.5 б.]. Шындығында Шәкәрім өлеңдернің стилі дегенде осы сияқты көптеген көркемдік-эстетикалық, тілдік-құрылымдық, теологиялық-танымдық, түршілдік ерекшеліктерін тұтас контексте қарастырған абзал.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Шәкәрім сөз құдыретіне ерекше тоқталған ақын. Және оған өзінің даралық стилімен келген:

Ойлаңыз, біздің әскер өле ме,  
Қағазға бір басылып қалған соң.  
Бұл мықты әскер емей немене,  
Жайылып талай орын алған соң!

Қарумен қанша қатты ұрса да,  
Сөзіме жанның әлі келмейді.  
Бұл дүние шыр айналып тұрса да,  
Әскерім қартаймайды, өлмейді [115, 112 б.].

Сөздің мәңгілік құдыретін, адамзат баласы қоғамындағы орнын терең ашып берген. Сөз деген суреткердің табиғи дарынының арқасында мәңгілік құндылыққа айналады. Әрбір суреткердің қайталанбас сөзі оның даралық стилінің көрінісі. Әрине, Шәкәрімге даралық стиль бірден дарыған жоқ, оның алдында классикалық стильдің иесі хакім Абай тұрды. Шәкәрім ұстазы қалыптастырған көркемдік-эстетикалық құндылықтарды дамыта жалғастырды. Үндестік, дамыта жалғастыру көп өлеңдерінде байқалады. Мысалы Абай «Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы» десе, Шәкәрім «Жаз келер, қыстыгүні қысым өтіп, Қар,

суық, аяз, боран – бәрі кетіп» деп дамыта жалғастырады. Шәкәрімнің даралық стилі оның философиялық лирикасында ерекше көрініс тапты. Ақынның «Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды...» деп басталатын өлеңіне «Талап пен ақыл» деп тақырып қояды. Қазақта «Талаптыға нұр жауар» мақал бар. Шәкәрім оны дамыта жалғастырады:

Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды,  
Бабын таппай мінгенді қылар жынды.  
Тауға ұра ма басыңды, тасқа ұра ма,  
Ал енді оған кісі қайтіп мінді? [115, 128 б.].

Біздің бұл өлеңге қайта оралып отырған себебіміз, ақынның өлеңге тақырып қою шеберлігін көрсету. «Талап пен ақыл» сияқты карама-қарсы ұғымдарды қолдану арқылы, ақын оқырман назарын осы екеуіне аудартады. Мұндай тосын ой Шәкәрімге дейін айтылмаған. Талап яғни жақсы деп қабылданатын. Сөйтсе, олай болмай шықты. Талапты ақыл басқарса ғана бір жақсылық болары хақ:

Талап шықса ақылға мініп алып,  
Жақсы, жаман – бәріне бірдей салып.  
Анық ақыл адымын аштырмайды,  
Еш нәрсе одан құтылмас жетпей қалып [115, 128 б.].

Бұндағы түйін Шәкәрімнің даралық стилін айқындап тұр. Жақсының бәрі жақсы емес. Жақсы болу үшін оның кемі мен кетігін білу керек. Талапта қуат бар, бірақ оның бас білмес қаттылығы тағы бар. Шәкәрім талапты жамандамайды. Оның ішкі қасиеттері ақылмен салыстыру барысында көрініп отырады. Сондықтан сол талапты реттеп, бас білдіріп отыратын нәрселерді ақын атап өтеді:

Ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық,  
Талапқа алты түрлі нокта тақтың.  
Алтауының ішінде ынсап әділ.  
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық [115, 128 б.].

Шәкәрім лирикасының стиліндегі ерекше қуатты көркемдік-танымдық фактор осындай халық танымындағы ұғымдардың табиғатын поэзия арқылы ашу. Бұл халыққа жеткізудің тура жолдарының бірі. Өлеңінің тұжырымды бөлігінде ынсаптың бейнесін былай береді:

Ынсап деген аспайды, кем қалмайды,  
Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды [115, 128 б.].

Бірақ өлеңде талаптың деңгейін түсірмейді, оны жүйрік тұлпарға теңейді. Жүйріктік жақсы, сабыр, ынсап одан да күшті деген ой айтылған. Шәкәрімнің лирикасы өзінің антропологиялық ерекшелігімен де өзгешеленеді. Бұл қазақ поэзиясындағы жаңа лепті бағыт. Шәкәрім адамзат баласын жақсылыққа шақырады. Білім мен ғылымға жақын болсын дейді, адамшылыққа шақырады. Адамды жаманшылыққа итермелемеу керек, жағымсыз нәрсе адамға өзі жақын тұрады. Ол туралы Пушкиннің өлеңдерін зерттеген ғалым Людмила Малинова-Димитрова мынадай пікір айтады: «Оказывається, что зло и человек не так далеки друг от друга, граница между ними вовсе не непреодолима, пространство пустыни не неизбродимо. Зло доступно всегда, когда человек захочет этого» [106,147 б.] /«Байқасақ, жамандық пен адамның арасы соншалықты алыс емес, екі арадағы шекара шексіз емес, арасында шөл дала да барсакелмес емес екен. Жамандық, адам баласы қажет қылғанда әрқашан жанынан табылады»/. Шәкәрім өз шығармашылығында адамзатты қайғы мен қасыреттен арылтсам, ар іліміне негізделген адамдық жолына салсам деп армандаған.

Шәкәрімнің қайғысы, оны толғандырған қасырет тұтас адамзатты адамдық жолға салу. Осы бағыттағы көптеген лирикалық шығармалары қазаққа қаратып айтылған. Ақын өлеңге аса құрметпен қараған. Оның адам өміріндегі орнына ерекше көңіл бөлген. Ол оның «Сөз жазамын түнімен...» деп басталатын, «Сөз жазып, өлең өлшемек» деп тақырып қойған лирикалық шығармасынан байқалады. Осы шығармасындағы «Сөз» ұғымы кең мағынада алынған. Ол өлең, шығарма, тұтас шығармашылық мәнінде алынған. Суреткердің ойы алғашқы екі шумақтан байқалады:

Сөз жазамын түнімен,  
Бар ұйқымды қашырып.  
Тығып қойман мұны мен,  
Еш адамнан жасырып [115, 110 б.].

Мен кетермін, сөз қалар,  
Ақ қағазға басылып.  
Бозбалалар қолға алар,  
Әр ауылға шашылып [115, 111б.].

Ақын үшін сөз жазу ең мәнді харекет, оның қуатын ол өзі сезініп тұр. Мен кеткенмен бұл өмірден, сөз қалар дейді қағазға жазылып. Яғни, ақын өз сөзінің халыққа керектігін сол кездің өзінде білген. Бірақ, халқын бір езуліктен сақтандырған. Сынның шын

болғанын қалайды, әйтеуір сынау үшін сынауды қабыл алмайды. Тексеріп барып, ойланып барып баға бер дейді. «Бозбалалар қолға алар» дегенде ақын болашаққа сеніммен қарап тұр. Сөздің мәнін түсінетін елде сынау үшін сынамауын үлгі етеді:

Білімді жұрттың ақыны,  
Біздің сөзді сынамас.  
Жазушының жақыны -  
Қазақ мұны ұнамас [115, 111 б.].

Шындығында, бұл сөз қазаққа неге ұнамайды. Тереңдігіне бойламаған соң ұнамайды. Өлең жолдарында «қыздырмалайтын» жеңілдік жоқ. Өлең сын түзелсін деген ниетте жазылған:

Сынатарсың өзіңді,  
Менің түгім құрамас.  
Өлген кісі сөзімді,  
Сынама деп сұрамас.

Сынасын деп жазғамын,  
Сынама деп жатпаймын.  
Қазақтың мінін қазғамын,  
Айтқанымнан қайтпаймын [115, 110 б.].

Мәселе осында болып тұр. Қазақтың мінін қазғанда болып тұр. Шәкәрім өз сөзінің қазаққа керек екенін білген. Сондықтан батырып айтатын жері бар. Өзім өлсем де, сөзім өлмейді, сенің «мазанды» алады да тұрады дейді. Өлең сөз сол үшін жазылған. Ақынның арманы халқына жол көрсету болғандықтан да, өткір, өтімді айтады. Өлең жазсаң да, өмір сүрсең де жайың белгілі деп, таусыла ақтарылады:

Мен жетелеп өлемін,  
Өрге қарай қазақты.  
Өлсем де ойын бөлемін,  
Сөзбен салып азапты.

Білімдінің сөзіндей,  
Сөзім демен таза, ақ-ты.  
Қазақ болса өзімдей,  
Қыла алмайды мазақты [115, 110 б.].

Шәкәрім өзіне қойған талапты, қазаққа да қояды. Өзімдей болса сынамас еді дейді. Сондықтан өзіңнің бұрысыңды дұрыс деп көрсету үшін «өз сөзіңе өң салып, дауды жүндей сабарсың дейді». Менің тебірене айтқан терең де, әуенді жаңалығы мол сөзімді тану үшін, алдымен өзінді түзеп ал деген насихат айтқан. Оған осы өлеңінде мысал да келтіріп кеткен:

Қазақтың жайы белгілі,  
Өлеңі өңкей құрама.  
Байқадың ғой ендігі,  
Оны менен сұрама [115, 110 б.].

«Ауылым қонды Нұраға,  
Мінген атым сұрала».  
Керексіз сөзбен бұрала,  
Қазақ сөйтпей тұра ма?! [115, 111 б.].

Шәкәрім таптауырын әуенмен өзінің саналы түрде жүрмейтінін айтып тұр. Өлеңімнің мән, мазмұнына үңіл, менде көңіл көтерер, жанға тыныштық әкелер мерекелік әуен жоқ дегенді сездіріп тұр. Ақын сөзіме зорлықпен жеңіл қарап қиянат жасама дейді.

Жалпы, Шәкәрім философиялық лирикасында, адамзат және жаратылыс, бүкіл әлем мәселесін бір өлеңнің қауызына сыйғызып жіберетіні бар. Ал, герменевтика тәсілімен ол шығарманы ондаған беттерде талдауға болады. Ақын поэзияның осы мағынадағы құдыретін түсінген, әрі ой жеткізудің ең бір классикалық жолы деп таныған. Ол ақынның «Шаранамен туып едің...» деп басталатын өлеңінде айқын байқалады. Шәкәрімнің бұл өлеңі жанрлық табиғаты жағынан философиялық лирикаға жатады. Енді осы бір шумақ өлеңге назар аударайық:

Шаранамен туып едің,  
Бөз оранып өтесің.  
Бір сағымды қуып едің,  
Қай уақытта жетесің?  
Қанша дәулет жиып едің,  
Бәрі қалды нетесің,  
Мал үшін жан қиып едің,  
Қайтып алып кетесің?! [115, 113 б.].

Шәкәрім «адам өмірінің мәні неде?» деген сауалға жауап іздеуін қалайды. Ол адам баласының осы өмірге «шаранамен» келіп, ал осы өмірден бар жоғы «бөзге оранып» кететінінен хабардар етеді. Яғни, бұл өмірге өзіңмен бірге ештеңе алып келмеп едің, енді ештеме алып та кетпейсің дейді. Сонымен қатар, адам баласы жаратушы жаратқан жаралыстың белгілі бір шегінде жүреді, одан шығып ешқайда да кете алмайды. Өлеңнің идеясы біздің пайымдауымызша осы жарық күннің қадырын біліп, адамдық жолмен өмір сүр дегенге саятын сияқты. Қазақ ұғымында «дүние жалған» деген таным бар. Сондықтан осы өмірге келген екенсің, адам болып, оны сол адам сияқты мазмұнды өткізу керек. Сондықтан қазақ халқы бұл дүниеге «қонақпыз» дейтіні сондықтан. Қонақ қадірлі болғаны жөн. Шәкәрімнің көптеген өлеңдерінде Абай дәстүрінің көрініс табатыны бар. Біз ол мәселеге көп тоқталмаған себебіміз, белгілі шәкәрімтанушы ғалым Балтабай Әбдіғазизұлының ғылыми еңбектерінде ақын лирикасының бұл қыры жан-жақты талқыланған.

## II ТАРАУ ШӘКӘРІМ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛІК ТАБИҒАТЫ

### 2.1 Шәкәрім өлеңдеріндегі лирикалық қаһарман

Көркем әдебиеттің бейнелеу нысанының бірі адам десек, бұл лирикалық шығармаларға да қатысы бар мәселе. Әсіресе, өзінің лирикалық шығармаларында Шәкәрім философияның антропологиялық мәселесіне тереңдеп барған. Бұл тұрғыдан келгенде поэзиядағы ең арналы сала лирикада лирикалық кейіпкер мәселесі бірінші болмағанымен негізгі проблеманың бірі ретінде саналады. Лирикалық тұлға мен ақынның арақатысы, тұтас әдеби тұлғаның көрініс табуы қоғамдық-әлеуметтік қатынастар мен ақын болмысының, оның дүниеге көзқарасымен, көркемдік шеберлігімен ұштасып жатады. Лирикалық шығармада ақын тұлғасы лирикалық тұлғамен бірігіп, адамзат қоғамындағы әлемнің түрлі көріністері астасып жатады. Бұл бағдарда ақынның көңіл-күйі өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның әлеуметтік-тарихи тағы басқа да хал-ахуалы арқылы көрінетіндігі жайлы Зейнолла Мүтитегі мынадай тұшымды пікір айтады: «Лирикалық кейіпкер бітімінен қоғамдық өмірдің көрінісі, заман ағымы оның толғанысы арқылы көрінетіні. Өлеңдегі өміршең бейне ылғи алдыңғы саптан табылып, халық атынан сыр ағытып, ой тоғытса – онда туынды авторының да азаматтық өресі, кісілік келбеті жарқ етіп көрініп қалады» [107, 33 б]. Шәкәрімнің өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер әлемдегі болып жатқан өзгерістерге бей-жай қарамайтын, адамзат баласының өмір салтында болып жатқан қоғамдық қатынастардан сырт қалмайтын ақынның ішкі толқынысымен қатынаста болатынын байқадық. Шәкәрімнің лирикасы жан-жақты зерттеуді қажет ететін үлкен мәдени-көркемдік құбылыс деп танымыз. Шәкәрімнің лирикалық тұлғасын бүкіл әлем және адамзат мәселесі толғандырады. Шәкәрім лирикасындағы дүние туралы, жаратушы туралы, Алла, Жар, Хақиқат туралы, адамның адамгершілік қасиеттері туралы толқыныстар лирикалық тұлғамен біте қайнасып, адресатқа жетіп жатады. Шәкәрімнің лирикалық шығармасындағы лирикалық тұлға халқымен бірге толқып, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді шыңдауға себепкер болады. Адамзат баласына қызмет қылуға шақырады. Лирикалық шығарма арқылы ақын өзінің ішкі толқынысын, жан дүниесіндегі өзгерістер, дүниеге деген көзқарасы айнадағыдай бейнеленіп, бедерленіп қағазға түсіп жатады. Ақынның толқынысынан, жүрек түпкірінен шыққан лирика қашанда өзі өмір сүрген қоғамның түрлі қатынастарымен астасып келіп жатады. Лирикалық шығарма ақынның сол қоғамдағы қайшылықтарға деген көзқарасы, ішкі толқынысының көрінісі.

Лирикалық тұлға, немесе лирикалық қаһарман ақын мен оқырман – адресат арасындағы байланысты жалғайтын, керек десеңіз біріктіретін феномен. Белгілі әдебиеттанушы ғалым, академик Зейнолла Қабдолов: «Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі» [108, 311 б.], – деген тұжырымды пікір айтқан. Шындығында, ақын халықтың мұң-мұқтажын өз қасыретіндей тереңнен танып суреттейді. Дегенмен әдебиеттану ғылымында лирикалық тұлға мен ақын тұлғасының арасын ажыратып қарастыратын да бағыт бар. Сонымен қатар, лирикалық тұлға ақынның өзі емес, ол көркемдік бейне дейтін де тұжырым жоқ емес. Алайда кез келген оқырман ақын толғанысын өз толғанысындай қабылдайтыны, тіпті сол сезім ақынның жеке өмірінде болғандай қабылдайтын кездер де болады. Белгілі әдебиеттанушы ғалым М. Дүйсенов; «Лирикалық герой – ақынның өзі, ақын өмір сүрген ортаның, оның замандастарының жиынтық, типтік бейнесі» – дейді. [109, 16 б.]. Бұл туралы ғалым Д.М. Магомедованың мына бір пікірі құнды: «Нельзя прямо отождествлять биографического автора и носителя речи в лирическом стихотворении. Так или иначе каждое стихотворение создает образ автора, который не всегда совпадает с реальным человеком-поэтом. Например, образ «поэта-страдальца» в лирике Некрасова – умелого редактора-организатора, богатого делового человека, страстного игрока и сибарита» /«Лирикалық шығармадағы биографиялық автор мен лирикалық тұлғаны бірге қарастыру соншалықты ретті мәселе емес. Қалай болғанда да әр өлең автор бейнесін сомдайды, бірақ бұл шынайы өмірдегі ақын – адамдармен дәлме – дәл үндеседі деген сөз емес, Мысалы: Некрасов лирикасындағы «қайғылы ақын» образы – сәтті редактор – ұйымдастырушының, бай іскер адамның, құмар ойыншы мен сибариттің дүниеге әкелгені»/ [89, 3 б.]. Бұл пікір де өмір сүруге құқылы. Дегенмен көп жағдайда лирикалық тұлға ақынмен біте қайнасып жататыны да шындық. Лирикалық тұлға мәселесін жан-жақты зерттеген сыншы ғалым Тұрсынжан Шапай мынадай көңілге қонымды пікір айтады: «Сонымен, біз лирикалық тұлға – ақын шығармашылығындағы оқырман қауымға жақсы таныс, адамдық тағдыры, кісілік келбетінің рухани мазмұнымен дараланған оқшау бейне деп түсінеміз» [95, 150 б.]. Осы пікірілерді жинақтай келіп ой түйіндейтін болсақ, лирикалық тұлға, лирикалық қаһарман немесе лирикалық бейне ақындық «меннен» өріс алып, өз алдына дербес өмір сүре алатын әдеби бейне дегенге келетін сияқты. Лирикалық тұлға мәселесі әдебиетші ғалымдарды көптен толғандырған және көптеген ой тартысына түскен тақырып. Біздің зерттеуіміз лирикалық тұлғаның субстанциялық мәнін ашуды көздеп отырған жоқ, сол лирикалық тұлғаның Шәкәрім лирикасындағы орнын айқындау болып отыр. Сондықтан лириканың тұлға туралы көп



зерттеп келіп тұжырым айтқан Т. Шапайдың пікірмен лирикалық тұлға деген не, немесе кім деген сауалға қорытынды жауап тауып алсақ дейміз: «Реалистік арнада дамыған поэзиядағы кемел тұлғаға айналғанға дейін, осынау лирикалық феноменнің қалыптасу жолында жүріп өткен ізін үстірт, көктей шолып қарағанда(негізінен еуропалық, шығыстың поэзия үлгілері негізінде) келер қорытындымыз: 1. Лирикалық кейіпкер – белгілі бір лирикалық сана типінің, көркемдік ойдың даму жемісі ретінде кешелі-бүгін ғана пайда болған құбылыс емес, оның тарихы лириканың даму эволюциясымен сипатталады; 2. Лирикалық кейіпкер – қоғамдағы жеке адамдық сана-сезімнің оянуынан бастап, әр дәуірдің жеке адам концепциясымен тығыз байланыста дамыған көркемдік-эстетикалық құбылыс; 3. Өзінің даму тарихында лирикалық «мен» автордың тек қарақан басына ғана тән жайларды бейнелеуден бастап, дәстүрлі стереотиптер, канондар, ауқымдағы шартты «менге» ұласып, коллективтік, топтық сананың жаршысы болуы, әртүрлі жалған лириканың маска қызметін атқаруы, жеке тұлғаның «приваттық» сырларын әйгілеуді т.с.с. сапалық кезеңдерді бастан кешті» [95, 166 б.]. Бұдан шығатын қорытынды, лирикалық тұлға лирикалық шығармадағы «басты кейіпкер» екендігі. Лирика жанрын зерттеу барысында оған соқпай өту мүмкін емес екені байқалды. Ал, Шәкәрім сияқты классик ақынның лирикасындағы тұлға мәселесі екібастан күрделі болатыны белгілі. Көп жылдар қапаста ұсталған Шәкәрім шығармаларының қазақ поэзиясының тарихындағы орны туралы зерттеулер бүгінде пайда бола бастады. Ең алдымен айтарымыз Шәкәрім Абайдың ақындық мектебінің ірі өкілі. Шәкәрім өзінің поэзиясымен қазақ әдебиетіне жаңа мазмұн мен жаңа таным әкелген ақын. Халқы одан көп жылдар көз жазып қалғаны да белгілі. Дегенмен ардақты есімі ақталғаннан кейін тез қауышты. Қазақ поэзиясында Абай сияқты Шәкәрім де ойшыл лирик ретінде танылды. Шәкәрімнің лирикалық тұлғасы ойшыл тұлға ретінде көбіне көрініс табады. Шәкәрімнің лирикалық тұлғасы бейнелейтін жаратушы туралы, табиғат тылсымы, адам болмысы туралы ойлары әлем әдебиетінің алтын қорынан өз орнын әлі-ақ алатыны ақиқат. Шәкәрім лирикасының басты ерекшелігі – жеке тұлғаның hareketі, мінезі, дүниетанымы өмір шындығымен ұштасып поэтикалық өрнек таба өрістеуінде деуге болады. Ол Шәкәрімнің әрбір өлеңінен байқалатын көркемдік-эстетикалық қуат. Шәкәрім лирикасында сол ақын өмір сүрген заман тынысын, адамзат қоғамын ғана байқап қоймаймыз, оның лирикалық тұлғасы бүгінгі ұрпақты адамдық жолына шақырады. Рухани дүниенің қасиетін ашады. Шәкәрім лирикасының басты кредосы – адам және оның болашақ тағдыры, жаралыспен қарым-қатынасы. Осы мәңгілік тақырыптар Шәкәрім өлеңдерінің алтын желісі десе де болады. Мысалы, Шәкәрім

«Ескіден қалған сөз теріп...» деп басталатын өлеңінде нағыз реалистік сурет жасайды. Ондағы лирикалық кейіпкердің позициясы айқын:

Ескіден қалған сөз теріп,  
Өз ойымнан өң беріп.  
Үйретуді жөн көріп,  
Түзетпек едім адамды.  
Қышыған жерін қасуға,  
Әділет жолын басуға,  
Алдына салып ашуға,  
Жақсылық пен жаманды.  
Ешкім бұған сенбеді,  
Өз қылығын жөн деді.  
Көре тұра көнбеді,  
Кетірді қуат-шамамды [115, 158-159 б.].

Өлеңде лирикалық кейіпкер (ақын тұлғасының қатыстылығы айқын) өзін түсінбегенге налиды, зұлымдықтан жиреніп, түзу адамдық жолына түсуге насихаттайды. Шәкәрімнің лирикалық тұлғасы терең танымымен ерекшеленеді. Оны бір қарағаннан тану адресатқа оңай түспесі анық. Нағыз адам кім? дегенге Шәкәрімнің көзқарасы қандай? Жақсы адам кім? Назар аударайық:

Жүрегі таза адамдар,  
Зұлымдықтан амандар.  
Қиянатсыз надандар,  
Әулиеден кем емес! [115, 159 б.].

Шәкәрім үшін әулие адам «жүрегі таза» адамдар екен. Ол оқыған ба, оқымаған ба ол басты өлшем емес. Егер ол адам ешкімге қиянат жасамаса сол әулие. Ал оқыған, бай тағы басқадай артықшылығы бола тұрып, қиянатқа, зұлымдыққа бейім адам емес. Бұл ақынның адамдық туралы, адамның ішкі әлемі туралы айтқан сөзі. Сонымен қатар, адам баласының мінезін түзету үшін оның сыртқы көріністерімен бейнелеп сынайды. Мысалы, «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Еріншек», «Қалжыңшыл қылжақпас», «Құмарлық», тағы басқа өлеңдердің атаулары адам бойындағы мінез кемшіліктерімен астасып жатыр. Шәкәрімнің лирикалық тұлғасы о баста адам бойында жамандықтың жоқ болғанына меңзейді. Ол жамандықтардың адам бойына жамалатын әлеуметтік кесепат екенін де ашқан. Шәкәрім «Еріншектен салақтық, Салақтықтан надандық. Бірінен-бірі туады,

Жоғалар сөйтіп адамдық» дейді. Яғни, адам дүниеге адам болып келген соң оның бойында адамдық бар. Оны адам өз бойына түрлі кемшіліктерді жамау арқылы жоғалтады екен. Сол кесапаттардың адам бойына ену жолдарын Шәкәрім «Қалжыңшыл қылжақпас» деген тақырып қойған «Жайдары, күлдіргіш қалқам...» деп басталатын өлеңінде классикалық мысқылмен береді:

Жолыққан кісіге соқтық,  
Қалжыңға қосып айт боқтық.  
Осы ғой сәулесі жоқтық,  
Сен күлдің,  
мен білдім,  
әйда! [115, 109 б.].

Бұл жинақ бейне өмірде көз алдымызға келе қалады. Нақтылығы, айқындығы, бұлтартпастығы әлгі бейшараны сынмен буып тастайды. Осындағы «әйда!» сөзінде қаншама мысқылды уыт бар. Жолыққан кісіге соқтық, ол аз болса, қалжың айту, тіпті «боқтық сөз» қосу надандықтың «биік» көрінісі. Шәкәрім өлеңдеріндегі лирикалық тұлға өз «кейіпкерлеріне» қашанда адамдық биіктен сөйлейді. Ол оның «Епті тышқан» атты мысал өлеңінде айқын көрініс тапқан:

Ойласам, сол тышқандай бұзықтар көп,  
Сырты сопы, іші арам қылықтар көп.  
Пара алып, не қазынаның ақшасын жеп,  
Адалымсып жүретін ұлықтар көп.

Бір ұрты май, бір ұрты қандар да бар,  
Қой терісін жамылған жандар да бар.  
Жазасызды жалалап атақ алып,  
Ақ жүрексіп жүретін паңдар да бар [115, 166 б.].

Қаншама таныс адамдар. Керісінше, адамдықты жоғалтқандар бейнесі. Шәкәрім тасқа ойып салғандай анықтап ашып берген. Шәкәрімнің лирикалық тұлғасы осындай адамдықтан кеткендерге аса катал үкім шығарады. Бұл ақын тұлғасының да биік көрінісі. Шындығында, осы өлеңді оқығанда еріксіз езуіңізге мысқыл үйіріледі. Мына тіркестер қандай өткір: «сырты сопы», «іші арам», «жазасызды жалалау», т.б. Тұрақты тіркестерді де сәтті пайдаланады: «қой терісін жамылған». Осындағы бейнелердің айқындығы соншалық әркім осылардың ішінен өз танысын ажыратып алады. Адамның адамдық қасиетінің өсуін тежейтін, рухани дамуына тежеу салатын кесапаттарды

нақты көрсету арқылы ақын айналасындарға астарлы, әрі салмақты ой тастайды. Енді бір өлеңінде ақын жоғарыда аталған кеселдердердің зиян екенін ғана айтып қоймайды, солардан құтылудың жолдарын көрсетіп береді:

Жастарым құмар болма көрінгенге,  
Жас күнде бойды үйретпе ерінгенге.  
Аз ойна да, көп ойла, осынымды ұқ,  
Өкінбе жастық бойдан серілгенде.  
Ғылым тап, жас күнінде буын қатпай,  
Басында байқамассың дәмін татпай.  
Менің көрген жайымды сендер білсең.  
Ғылым үшін жүрер ең тыным таппай [115, 169 б.].

Шәкәрім өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер сипаты сан қырлы. Бірақ, қандай тақырыпқа сөйлесе де негізгі мақсаты – өз халқының көкірек көзін ашу, білімге, ғылымға, адамгершілікке тәрбиелеу. Қазақ халқының ел санатына қосылып, дербес мемлекет болуына ұмтылысын поэзия тілімен бере білген. Шәкәрім поэзиясы, оның ішіндегі өлеңдері өте сыншыл болып келеді. Бұл ақын стиліндегі негізгі мәселенің бірі. Неге олай болды? Осындай сауал қойып, оған жауап іздеп көрейік. Шәкәрімнің лирикалық кейіпкері тоқтаусыз ізденіс үстінде. Қалай да халықты бір жарыққа бастау. Сын ол мін айту емес, сын адамды өсіреді. Сен ақымақсың деп отырған жоқ, сол жамалған індеттен арыл деп отыр. Сол үшін айтылған. Шәкәрім лирикасындағы қайрау қуаты ерекше, сынап отырып қайрайды:

Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа,  
Қазақ жүр құмарланып құр шатаққа.  
Анау – қу, мынау – пысық, мен – батыр деп,  
Айналды бірін-бірі құрытпаққа.

Ойда жоқ өнер-білім жол табайын,  
Жалмауға жалықпайды өз маңайын.  
Мұның түбі не болар деген жан жоқ.  
Ұрлық, ұрыс, араздық күнде дайын [115, 168 б.].

Шәкәрімдегі лирикалық қаһарман елін ойлайтын биік танымымен ерекшеленеді. Өнер-білімге ұмтыл дегеннен бір танбайды. Шәкәрім атақ пен ғылымның арасын нақты ажыратқан. Лирикалық қаһарман концептуальды ой айтады. Егер осылай кете берсеңдер, өз бастарыңды өздерің жұтасындар дейді. «Өз маңайын жалмау» жаңаша өткір

айтылған сын. Шәкәрімнің лирикалық тұлғасы мақтау мен сөгістің арасын ажырат дейді, мәселе мақтағанда емес, не даттағанда емес. Ал содан неге деген сауал өзінен-өзі туындайды. Мәселе, кім мақтап отыр, немесе кім даттап отырғанында екен. Осы ой Шәкәрімнің «Біреу сені мақтаса қуанасың...» деп басталатын өлеңінде айқын көрініс тапқан. Бұл өлеңіне ақын «Мақтау мен сөгіс» деп ат қойған. Енді сол өлеңге назар аударайық:

Біреу сені мақтаса, қуанасың,  
Жамандаса жабырқап суаласың.  
Мақтаған кім, сөккен кім – онда ісің жоқ.  
Бәрібір, сен де елірме дуанасың [115, 64 б.].

Енді Шәкәрім өлеңінде ой өріс алып отыр. Мақтау мен сөгістен бұрын соларды қабылдайтын алдымен өзің кімсің? Мәселе сонда болып тұр. «Елірме дуана» болсаң амал жоқ. Екеуінен де пайда жоқ. Ал өзің дұрыс адам болсаң теріс мақтау мен сөгіс соншалықты азап емес екен:

Келер-кетер зиян жоқ мұнан тағы,  
Мін болмайды наданның қорламағы.  
Білімділер сөгерлік ісің болса,  
Жоғалта бер айласын, ойла дағы [115, 65 б.].

Адам өз бойындағы мінмен күресуі қажет. Надан адам, ойы теріс адам сені сөксе оған қорланба, ал шын мағынасында адамдық талабы биік адам сын айтса түзелуге тырысу қажет. Сондықтан Шәкәрім өлеңінде «Білімділер сөгерлік ісің болса, Жоғалта бер айласын ойла дағы» – деп насихат айтады. Осыны айтып тұрған кім деген сауалға түрлі жауап беруге болады. Автор немесе авторлық тұлға, тіпті лирикалық тұлға деп кесіп айтса да болады. Лириканың жанр ретінде ерекшелігі де осында. Бұл туралы әдебиет теориясының маманы И.О. Федотов мынадай пікір айтады: «Лирический субъект «Я» обычно идентифицируется с поэтом как биографический личностью или лирическим героем, совмещающим черты поэта-автора и некоего обобщенного его представителя. Поэтому, с одной стороны, можно сказать, что в лирике есть только образ автора и отсутствуют (как правило) персонажи, а с другой стороны, лирическое произведение предстанет как монолог обобщенного персонажа, высказывающегося без авторского посредничества» /«Лирикалық субъект «Мен» көбіне ақынның биографиялық тұлғасымен немесе, ақын – автордың қайсыбір қасиеттерін еске түсіретін лирикалық кейіпкермен үндестіріп жатады,

немесе, оның жинақталып берілген бейнесі ретінде қабылданады. Сондықтан да, бір жағынан алып қарасақ лирикада тек автордың бейнесі бар да, персонаж жоқ деуге болады, ал, екінші жағынан, лирикалық шығарма автордың делдалдығынсыз жинақталған персонаждың монологы ретінде көрінеді»/ [110, 142 б.]. Яғни, лирикалық тұлғаның тағы бір қырын «жинақ персонаж», немесе лирикалық субъект ретінде қабылдау тағы бар. Қалай болғанда ғалымның сөзінде шындық бар. Шәкәрімнің насихат бағытында жазылған лирикалық шығармаларының ар жағынан данышпан бір тұлғаның, немесе өмір көрген ақсақалдың, тіпті даналықты бойына жиған ғалымның бір жинақ бейнесі көрініс тауып тұрады. Бұл заңды да. Мәселен, Шәкәрімнің «Жас өтті тынымсыз...» деп басталатын лирикалық шығармасында лирикалық тұлғаның толысқан бейнесі осыны айғақтайды:

Жас өтті тынымсыз,  
Өнерсіз, ғылымсыз.  
Надандық жолымен,  
Кеттім-ау білімсіз.

Оқытпай баламды,  
О да өсті тиюсыз.  
Ойламай шамамды,  
Алды-артым жиюсыз.

Бақ қайда қиынсыз,  
Бос тілек сыйымсыз.  
Қазақ та қажытты,  
Күнім жоқ жиынсыз [115, 171 б.].

Лирикалық тұлға аса күрделі үш бірдей мәселені айту арқылы, «адам – ұрпақ – халық» осы үштікті үш шумақта тұтас алып кешенді ой айтып, өкініш арқылы адресаттың осындай қателік жібермеуіне насихат айтқан. Осы үш мәселенің бір-бірімен тығыз байланыста екенін қанық та анық таныммен бейнелей алған. Лирикалық шығарманың құдіреті де осында, көркемдік таныммен үлкен мәселені көтере алуында. Лирикалық тұлға өзінің көп өмірін «ғылымсыз, өнерсіз» өткізіп алғанына өкінеді, екінші соның жалғасы тәріздес баланың да оқусыз қалуы оны қажытады. Бұл өкінішті «Алды-артым жиюсыз» тіркесімен астарлап берген. «Шашылып жату» білімсіз қорғансыздықтың белгісі. Ал тұтас халқының бос сөзге әуестеніп уақытын бос өткізгені де оның шымбайына батады. Сол қазақтың бірі өзі. Яғни, олар күнде жиын жасаса оған өзі де қалай болғанда

тартылады. Оның салдары «қажытуға» әкеліп соғады. Бәрі бірі-бірімен байланысты. Өлеңде ғылымның кен екені насихатталады. Соның жолына түсудің қажеттігі соқырға таяқ ұстатқандай көрсетіледі:

Ғылым бір кенің ғой,  
Ауырсаң емің ғой.  
Бәріңе жетеді,  
Таусылмас көлің ғой,

Мен қайғы жедім ғой,  
Қапы өттім дедім ғой!  
Қазағым, қам ойла,  
Сен де адам едің ғой!... [115, 172 б.].

Лирикалық тұлға өзінің толқынысын жасырмайды. Халқының тағдыры оның жүрегін жаралайды. Ең соңында «сен де адам едің ғой» деп қайраумен, намысқа шақырумен өлеңдегі ойын түйіндеген. Біз бұл өлеңнен лирикалық тұлғаны танығандаймыз. Бірақ бұл нақты автордың өзі деп те айту қиын. Бұл, екінші жағынан, әйтеуір, өлең бағытталып отырған халықтың бір өкілі. Бағытталып отырғаны да өзінің халқы, соның нақтылы өкілі. Сондықтан Шәкәрімнің стиліндегі авторлық тұлға мен лирикалық тұлға туралы айтқанда, нақтылы мынау деп дефиниция қою жұтаңдық болар еді. Мынау автордың нақты өзі деп қалай айта аласыз? Сол шығарма жазылғанда автор қандай мақсат көздеді, оның болашақтағы бағдары қандай, тіпті көркемдік-эстетикалық тұрғыдан қалай қабылдаймыз – осының бәрі зерттеушінің алдынан шығып отыратын сауал. Бұлай болуы заңды да. Лирика – ол ең алдымен көркем шығарма. Сондықтан ол сөз өнерінің жанры ретінде қабылдануы тиіс. Нақтылап мынау лирикалық тұлға, мынау авторлық тұлға немесе тағы басқа деп дефиниция қою бірезулікке жол ашып беру мүмкін. Ол туралы Ю.И. Минералов мынадай пікір айтқан: «Так, А.Н. Соколов в свое время попытался в «Теории стиля» опереться на интересную разветвленную систему четких определений-дефиниций. Однако именно эта его работа (образцовая в плане дефинитивности!) продемонстрировала небесспорность такого подхода – повышенная дефинитивность, резкость разграничений вызвали здесь то, что заведомо континуальный объект (стиль) оказался представлен как словно бы дискретный. То есть стремление ученого к точности парадоксальным образом привело в ряде частных мест работы к определенному отдалению его теории от эмпирической литературной конкретики» [93, 22 б.] /«Кезінде, А.Н.

Соколов өзінің «Стиль теориясы» деген еңбегінде қызықты тарамданған нақтылы анықтамалық – дефиниция жүйесін ой тірмек болған. Алайда, оның дәл осы еңбегі (дефиниция жасаудағы үздік үлгі) бұндай әдістің де дау туғызар тұстарын болатынын көрсетті. Жоғары дефинициялық, шектеуге бейім айқындылықтан континуальды объект (стиль) дискреттілігі болып қабылданды. Басқаша айтқанда, ғалымның нақтылыққа ұмтылуы белгілі бір жағдайларда оның теориясының эмпирикалық әдеби нақтылықтан алыстауына апарды». Сондықтан лирикалық шығармада қандай да бір ұғымды нақтылауда ойланатын мәселе көп. Бір зерттеушіге авторлық тұлға ретінде қабылданған сәт, екінші біріне лирикалық тұлға болып қабылдануы мүмкін. Немесе тұтас лирикалық субъект ретінде синкреттілігімен ерекшеленуі мүмкін. Қайсыбір шығармада Шәкәрімнің авторлық тұлғаны өзі айқындап алатын кезі де болады. Ондай өлеңге «Қолда қалам, көзде жас, толқынып ой...» деп басталатын шығармасын аламыз. Ақын оған нақты етіп «Өзіме» деп тақырып қойған.

Қолда қалам, көзде жас, толқынып ой,  
Жиіркеніп, тітіреп, салқындап бой.  
Тозған мола сықылды сұм көрініп,  
Өткен күнде қызыққан сауық пен той [128, 65 б.].

Шығармашылық үрдістің бейнесін ақын соншалықты терең тебіреніспен суреттеген. Өткенді толғаныспен еске түсіріп, ой елегінен өткізеді.

Қаның қашып, жасаурап екі көзің,  
Не болдым деп табалап өзіңді-өзің.  
Өткен іс ойға түсіп ойлатады,  
Қиынсызды қызық деп қуған кезің.

Және ойыңа келгенде алдыңғы жақ,  
Сұм жүрегің кейиді қозғалып-ақ.  
Артың - анау, алдың су – көз жетпейді.  
Өтетұғын қамыңды ойланып бақ [128, 65 б.].

Бұлай өзіне сын көзбен қарау ойлы адамға жарасатын құбылыс. Өткен өмірін осыншама толқыныспен еске алып, келешекке толғана ой көзін жіберу әр пенденің қолынан келетін харекет емес. Шәкәрімнің осы «Өзіме» деп тақырып қойған өлеңінде автобиографиялық көркемдік элементтер де көрініс тапқан. Сонымен қатар бұны толық ақынның өмірбаянына қатыстыру да, өмірбаяндық шығарма деу де



қиын. Біздің пайымдауымызша, Шәкәрім бұл өлеңін ақын бейнесіне қаратып айтқан. Толғау үстіндегі ақынның бейнесі өткенге сынмен қарап, болашаққа толқыныспен қарайды. «Қиынсызды қызық» деп қуу нәтижелі болмайтынын бейнелеген. Ойдың толқынысты болуы, қолда қалам болғанмен көзде жас деуі терең ойшылдың толқыныс үстіндегі бейнесі. Бұл өлеңде ақын тұлғасы сыналса да биіктен көрінген. Өлең «Өзіме» деп аталғанмен, мұнда елдің қамын ойлаған ақын тұлғасы көрінген. Ақын екендігі «қолда қалам» тіркесінен байқалады. «Сауық пен тойды» ақын өткен күндердегі «тозған молаға» теңеген. Өзіне қаратып сауал түрінде айтылған ойлар философиялық тереңдігімен өзгешеленеді:

Неңді аяйсың, отырсың кімді қимай,  
Құтырдың ғой тәуір-ақ жерге сыймай.  
Салып-салып сандалып отырмысың,  
Жоқ өзің өз нәпсіңді ерте тыймай?

Досың қайсы, қимастай елің қайсы,  
Ел салмағын көтерер белиң қайсы?  
Аузың темір татиды, бәрін татып,  
Жалғанды қимайтұғын жерің қайсы? [115, 65 б.].

Үлкен салмақ салып отырған сауалды шумақтар. Шындығында, «жалғанды қимайтұғын» сенің басқадан қандай артықшылығың бар, «досың қайсы, қимастай елің қайсы» деген сауалда да үлкен мән бар. Жастық шақты, қайратты шағыңды бекер өткіздің. Енді несіне күйінесің, – дейді Шәкәрім. Шәкәрім елдіктің әбден азып-тозған кезеңін, адамдықтың арзандаған сәттерін бастан кешірген тұлға. Дегенмен ешқашан халқының жарқын болашағынан үміт үзбеген. Сол қиын аумалы-төкпелі заманның өзінде халқының болашағына сеніммен қарап өмір сүрген. Қашанда жақсылық ойлау оның адамдық кредосы:

Құдайдан жарылқа деп жәрдем сұра,  
Сен талайды қылдың ғой біле тұра.  
Аяғыңды аңдап бас, өлім таяу,  
Қарсы алдыңда дайын тұр қазған ұра.

Соны ойла, өзге қызық істі ойлама,  
Біреуге өлім, біреуге күшті ойлама.  
Кеткен қайта келмейді кейісең де,  
Түнде көрген көлеңке түсті ойлама [128, 66 б.].

Жасы жеткен адамның өзінің жақсы мағынасында тәубашыл болуын талап етеді. Алдыңда өлім тұр соны ойла дейді, «қызық іс» сенің қылығың емес дегенді ескертеді. Ал осы өлеңде осы насихаттың бәрін айтып тұрған кім. Автор ма, ақын ба, авторлық тұлға ма, лирикалық тұлға ма тағы кім? Бұл бағдарда лирикадағы «Мен», «лирикалық тұлға» мәселелеріне тереңдеп барған зерттеуші Тұрсынжан Шапай мынадай пікір айтады: «Әдетте, біз ақын шығармашылығы, немесе жалпы поэзия туралы сөз қозғағанда, қалыптасқан дәстүрмен «ақын былай деп тебіренеді», «...дейді ақын», «...деп толғанады ақын» т.б. деген сияқты тіркестерді еркін жұмсап, қалауымызша қолданамыз. Және бұл кез келген әдебиетте солай. Дәстүрдің аты – дәстүр, оның заңдылығына, қолдану аясының тұрақтылығында ешкімнің таласы жоқ. Ал, енді өлеңді осы сипатта талдау теориялық түсінік тұрғысынан негізгі ме дегенге келейік. Өйткені жоғарыдағы қолданыста «ақын» сөзі лирикалық кейіпкер (немесе, тұлға) мағынасын арқалап тұрғаны айдан анық қой. Ендеше, оны тікелей ақынның өз атына телу қаншалық орынды болады деген сұрақ туады. Біздіңше, дәл осы арада дәстүр мен теория тым қайшы келе қоймайды. Себебі, лирика – субъективтік сипаты басым бірден бір жанр. Автордың өз тұлғасы мен шығармашылығының, өлеңі мен өмірінің, дербес сананың (индивидуальное сознание) көркем бейнемен тікелей байланыста біте қайнасқан бірлікте болуы, бәрінен бұрын, лирикаға тән қасиет, құбылыс. Лирикада өрнектелген ой мен сезім, көңіл-күйдің түп иесі, «жаратушысы» – әрине, Ақын», – дейді [95, 156 б.]. Академик С. Қирабаевтың пікірі бойынша: «Лирикалық кейіпкер деген ұғымға қарсы кейбір пікірлер де осы күні бой көтеріп жүр. Мәселе оның атауында емес. Ақын сезімінің иесі өлеңде болатыны хақ. Оны тек автордың өзі деп қарау жеткіліксіз. Лирикалық геройдың сезім-күйі, ой-талабы қашан да бір ақын өмірінің шындығынан гөрі мол да жан-жақты болады» [111, 350 б.]. Бұл қолдауды талап ететін пікір. Шындығында, теориялық әдебиеттану саласынан талдап келіп, лирикалық кейіпкер табиғатын тануға деген талпыныс ғылымда жалғасын таба берері сөзсіз. Дегенмен сол құдіретті поэзияның, оның ішіндегі лирикада ақынның көрініс табуы өмір мен өнердегі ақиқаттың бірі екенін терістей алмасақ керек. Шәкәрім поэзиясындағы лирикалық қаһарман өзінің даралығымен қашанда айшықтанып тұрады. Шәкәрімнің өмірінің соңында жазған өлеңдерінен пафоспен, көтеріңкі көңіл-күймен жазылған лирикалық шығарманы көп байқамайсың. Көптеген өлеңдері насихатқа құрылғанымен, қайсысының болмасын түбінде мұң жатады. Жоғарыда келтірілген шығармалардан біз осыны байқадық. Осы кейінгі жазылған өлеңдердің ішінде көңілі тасып

жазған бір-екі өлеңі бар. Ол ақынның халқының болашағына бір сәуле шашылғандай болған күндері жазылған. Оның өзі үлкен алдау екенін ақынның өзі де кейіннен түсінеді. Әрине, ол басқа әңгіме. Сол өлеңнің бірі «Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер...» – деп басталатын өлеңі. Шәкәрім ХХ ғасыр басындағы төңкерістен кейін халқының жағдайы жақсарады, еркін ел болады деп үміттенген болатын. Оны мына өлең жолдары анық байқатып тұр:

Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер,  
Арға ие басшының соңынан еріңдер.  
Таң артынан хақиқат күн шығады,  
Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер.

Арамдық, аразды түбімен жойыңдар,  
Өтірік, өсекті біржола қойыңдар.  
Намыс, жігер бойыңа жиып қайрат,  
Қажымай адалдық жағында болыңдар.

Бірлік пен талапты еңбекке салыңдар,  
Өнерлі елдерден өнеге алыңдар.  
Күндестіктің өзімшіл көзін құртып,  
Ұмтылып ерікті ел болып қалыңдар [115, 185-186 б.].

Шәкәрімнің осы лирикалық шығармасындағы лирикалық тұлғаның танымы аса тереңде жатыр. Лирикалық тұлға, нағыз ақынның болмысы «Ұмтылып ерікті ел болып қалыңдар» – дегенді айтқызып тұр. Ал осы биік танымды бейнеге нақтылы анықтама берген де ғалым Т.Шапай болды: «Лирикалық поэзиядағы бұл феноменді лирикалық «мен», субъект, характер, лицо, личность, гений, двойник, герой, персонаж, ақын, ақындық «мен», ақын образы – мейлі, қалай атаса да, осылардың әрқайсысы лирикалық тұлға ұғымын жан-жақты толықтырып, айқындап тұрған терминдер» [95, 157 б.]. Шәкәрімнің лирикалық шығармаларындағы лирикалық тұлға ең алдымен өзінің даралық қолтаңбасымен көрінеді. Бұл бағдарда ақын стилі лирикалық тұлға болмысымен тікелей байланысты екенін байқаймыз. Шәкәрім лирикасындағы ақындық «меннің» өзгеше тұлғасы жоғарғы талдауларда айқын көрініс тапты. Ол ең алдымен адамзат баласының, елінің тағдырын ойлайтын ерекше лирикалық тұлға екенін байқадық. Ол ұсақ-түйекке бой алдыратын байқаусыз тип емес. Шәкәрімдегі лирикалық тұлға кісілігімен де ерекшеленеді. Сондықтан Шәкәрім лирикасындағы «лирикалық тұлға» – адам туралы, адамзат туралы айтары бар дара тұлға.

Шәкәрім поэзиясында лирикалық тұлғаның бір қыры, автордың өз шығармасында оның өмірбаяндық бейнесінің көркем көрініс табуы. Бүгінгі таңда Шәкәрімнің әдеби мұрасы жан-жақты зерттеліп, Шәкәрім шығармашылығының көп қырлылығы мәдениетке жол ашты, бай рухани қазынасы әлемдік ортақ мұраға айналды. Шәкәрімнің шығармашылық ғұмырбаяны жарты ғасырдан астам уақыт шеңберінде аталмай қапаста болды. Тіпті 1958 жылы кеңес прокуратурасының шешімімен ақтады дегеннен кейін де Шәкәрім шығармашылығына деген қарсылық күшін жойған жоқ.

Данышпан тұлғаның ғұмырбаянын зерттеуде түрлі бағыттар бар. Соның бірі көркем шығармадағы ақынның бейнесі. Аталмыш бағыттың көркемдік тәсілін ұстанып, Шәкәрім ғұмырбаянын көркемдік контексте қарастыруға да назар аударайық. Әдебиеттану ғылымында көркемдік әдіс, көркемдік деталь, көркемділік деген терминдер шығармашылық жұмыстарды зерттегенде жиі қолданып отырады. Бұлардың қайсысын алсаңыз да бір негізден бастау алатыны – көркемдік. Ақынның өмірбаянын зерделегенде оның көркем шығармаларын жеке өмірлік тәжірибесінің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Себебі Шәкәрімнің өлеңдерінен жеке басынан өткен өмір қатынастары да, оның өмір сүрген дәуірі, сол кезеңнің саяси-әлеуметтік қайшылықтары, қоғамдық өмір өзгешеліктері көрінбей қоймайды. Ақынның жеке тәжірибесі оның шығармашылығын байытумен қатар, өмір салтының, мақсат-армандарының өзгеруіне әсер етіп, белгілі әлеуметтік жағдайда қалыптасқан топтың позициясын басқа арнаға бұруы, шығармашылық пафосты айқындайтын жаңа идеяларды, көзқарастарды тудыруы мүмкін. Сонымен, ғұмырбаянды көркемдік негізде қарастыру терең ізденістер мен қилы соқпақтарды таразылауға жол ашады. Ахат ақсақалдың естелігіне сүйенсек, Шәкәрім жеті жасында алғашқы өлеңін жазады:

Өлтірдің одан таптың қандай пайда?  
Өмір сүріп жүруші ем жазда сайда.  
Жетімдік қандайлығын көзің көрді,  
Кешегі тірі жүрген әкең қайда?!  
Менің де жетім қалды балаларым,  
Олар да жылайды іздеп аналарын.  
Өзің жетім, жетімді аясаңшы,  
Жоқ екен басыңда ми-саналарың... [123, 156 б.].

Бұл өлеңнің шығу тарихына үңілсек, ол оның әкесінің қайтыс болуымен байланысты. Соған қатыстырып, өзінің де жетім қалғанын жаңағы қызылқұрттың балаларының тағдырымен байланыстырып

суреттеген. Тарихи деректер бойынша, осы өлеңді естіген үлкендер көздеріне жас алыпты деседі. Бұл Шәкәрімнің алғашқы өлеңіндегі өз өмірбаянының алғашқы белгілерінің көріністері.

Бесімде оқу білсін деп,  
Ата-анам берді сабаққа.  
Жеті жаста жетім боп,  
Түскендей болдым абаққа [115, 334 б.].

Шәкәрімді ата-анасы жастайынан оқуға берген. Бес жасында ауыл молдасынан хат таныған. Әкесі отыз жеті жасында дүниеден өтіп, Шәкәрім жеті жасында жетім қалады. Шәкәрім өз өмірін поэзия тілімен нақтылы бейнелеп беріп кеткен. Өлеңдегі жолдар тарихи шындықпен дәл келіп отырады. Әкеден жетім қалғанмен, Құнанбайдың ерке немересі жетімдік көрмей өседі. Шәкәрімнің мына өлеңінде ақын өмірбаяны көркемдікпен көрініс тапқан.

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,  
Сол тілге аударылған барлық білім.  
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,  
Жарқырап қараңғыдан туып күнім [115, 143 б.].

Шәкәрімнің жасынан бірнеше тіл білуіне себепші адамдар анасы, ағасы Абай және ауылдағы сабақ алған ұстаздары. Кейіннен осы дәстүрді Шәкәрім өзі жалғастырып әкеткен. Ақынның өзін сынамай, жетістігін айтқан өлеңі осы болса керек. Оның өзінде болашаққа үлгі болсын деген ниет бар. Шәкәрім жастық жалынмен жазған өлеңнің өзінде адам баласының жас ерекшелігіне өзінше мән бергені байқалады.

Жастықтан қызық іс болмас,  
Кәріде ақыл, күш болмас... [115, 29 б.].  
Қызусыз тәнің,  
Сезімсіз жаның – болады кәрілік белгісі.  
Оны да сезбей,  
Үмітін үзбей,  
Келмейді шалдың өлгісі  
Алпыстан әрі бармаңдар  
Байқамай шал боп қалмаңдар! [115, 31 б.].

Бұл өлеңде жастық буымен аспан-көкті шарлап жүрген, албырт ақынның асқақ сезімін Абай сабырға шақырып, арлы өлең жазуға ақыл береді. Біздің ойымызша, Шәкәрімнің адам баласы өмірінің әр кезеңін тануға құштарлығы күшті болған сияқты. Бірақ осы өлеңі үшін Абайдан сын естігені тарихтан белгілі. Екінші жағынан қарағанда, жас кездің қадірін біл, күш-қуатыңды білімге жібер деген ой да бар сияқты. Осының барлығы көркем шығармада, яғни лирикалық шығармаларда көрініс тауып жатыр. Шәкәрім ұлы ұстазының пәрменімен өзін-өзі емдеп отырған. Әрине, рухани түлеу мәселесін айтып отырмыз.

Кел жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам айла, зорлықсыз мал табалық [115, 31 б.].

Шәкәрім осылай насихатты өлеңді жазғанда шамамен жиырма бір жаста болған. Шәкәрім жастарды хакім Абай төңірегіне жиналып, дана тұлғадан тәлім-тәрбие, үлгі алуға шақырады. Отыз бен қырық жас арасында жазған шығармалары ақын лирикасының тақырыптары кеңейе бастағанын байқатады. Тақырыптары жастық, кәрілік, махаббат туралы ғана емес енді өмірдің мәні неде дегенге ойыса бастаған. Шәкәрім осы жылдары, отыз бен қырықтың арасында ел жұмысына көп араласады. Көп нәрсеге көзі жетеді. Адамзат қоғамының қайшылықтарын, қарапайым адамдардың көз жасын көреді. Сондықтан да «Жуандар» деп тақырып қойған өлеңінде:

Жуандар елді билеп не қылмақсың,  
Өздеріңе айтқызса әділ-ақсың.  
Мен қарасам сендердің бетің теріс,  
Әбден асып ақ жолдан адаспақсың [128, 71 б.].

Сондықтан осы өлеңінде жалпы жуандыққа деген ішкі қарсылық өте күшті. Ел ісіне араласамын деп қажетсіз көп қызметте жүрген жылдарын зая өткен өмір деп есептейді. Әрине, өмірде олай емес екені белгілі. Халықты басқаратын жүйенің дұрыс емес екеніне көзі жетіп барып айтылған сөз. Оның өзі көркем шығармада бой көрсеткен. Шәкәрім лириканың әлеуметтік қуатының күштілігіне көзі ертеден жеткен. Шәкәрім императорлық Географиялық орыс қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесіне мүше де болады. Оның жұмысына да араласады. Адам қоғамындағы өзіне қатысты істерде талай бел шешіп кіріскені оның лирикалық шығармаларынан көрініс беріп тұрады.

Жиырма мен қырық арасы –  
Жас өмірдің сарасы.  
Бос өткенін қарашы,  
Жүрекке төгіп қанды ірің.

Шәкәрімнің ірі тұлға болары осы өлең жолдарынан байқалған. Шәкәрім өзінің өмірдегі орнын сезе бастаған ірі тұлға ретінде осы өлең жолдарынан байқалып тұр. Шәкәрім жиырма мен қырықтың арасында көп іс тындырған. Дегенмен, өзіндік сын Шәкәрімде күшті. Оны аталған жолдар анық байқатады. Ол адамзат баласына қандай қолқабыс жасау мүмкін деген сауалдарды өзіне қоя бастаған. Осы мақсаттары оның шығармасындағы лирикалық қаһарманның іштей түлеп, ізденіске түсуінен айқын көріне бастаған.

Газетке жаз, кітап жаз,  
Бастыр, оқыт қазаққа.  
Мақтағанға болып мәз,  
Қала берме мазаққа [115, 55 б.].

Шәкәрім лирикасы тура насихаттық сарынымен ерекше талап тілегімен өзгеше бір тұлғаның өмірге келгенін сездіріп тұрады. Сондықтан ақын ашық айтады. Шәкәрім адресатқа бірдей қарамайды. Әркімнің шамасының келгенін істегенін қалайды. Өлеңнің идеясы бірің сол кітапты жазыңдар, енді бірің оны бастырыңдар, ал жалпы міндет тұтас қазаққа соны оқыту дейді.

Кейіннен Шәкәрімнің ұстазы Абайдың тілегімен алыс сапарларда болып, қажылыққа барып, әлемнің небір үлкен кітапханаларында жұмыс істегені белгілі. Ең алдымен белгілі болғанда, ақынның лирикалық шығармаларында осының бәрі көрініс тапқан. Шәкәрім адам өмірін үшке бөліп, соның ең маңыздысы ортаншы өмір дейтіні бар. Айтылып отырған ақын тұлғасының автобиографиялық өмірі осы лирикалық өлеңдерінде былай өрнектелген:

Ең керекті дегенің ортаншы өмір,  
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.  
Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,  
Өкініші қалмайды кетсе ағатың.  
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,  
Қалсын десең артыңда адам атың [115, 93 б.].

Шәкәрім ел ортасының дау-дамайынан, айтыс-тартыстарынан жеке кетіп оңашада ой қорытпақ болады. Халық оны да түсінбейді. Шәкәрім ортаншы өмірге ерекше назар аударған. Адам өмірінің осы кезеңі жанталасқа толы. XX ғасырдың оныншы жылдары оңаша елсізге кетіп, кітап оқу, жазумен шұғылданған. Шыңғыстағы Шақпақ тауының етегінде, өзі «Саят қора» деп атаған жерде еркін өмір сүріп, серуен құрып, шығармашылықпен айналысады:

Кейбіреулер безді дейді елден мені,  
Есалаң айтады екен сезіп нені...  
Елу бес жыл жинаған қазынамды  
Оңашада қорытам ойға салып [115, 172 б.].

Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» деп шығарма жазуы әлемдік әдебиетте ұлы тұлғаларға жарасатын шешімталдық. Шәкәрім бар жиған білімін қорыту үшін далаға кеткен. Кімнің ұмытылатынын, кімнің мәңгілік екенін Шәкәрім сол кезде білген. Поэзиядан оған мәңгілік ескерткіш орнатып кеткен.

Жапанда жалғыз жаттым елден безіп,  
Жалықсам аң аулаймын тауды кезіп,  
Оңашада жатқанды ұнатамын,  
Елімнің ел болмасын ерте сезіп [115, 148 б.].

Осы жолдар көркем шығармадан, яғни ақынның лирикалық шығармаларынан үзінді. Енді осындағы тұлға лирикалық тұлға ма, әлде ақын тұлғасы ма, жоқ әлде ақынның өмірбаяны ма? Сондықтан лириканың құдыреті де сонда. Шәкәрімнің жапандағы жалғыздығы, оның еркіндігі. Солай деп түсінген жөн. Бір жауап айту оған оңай болғанмен, оның көркемдік шындығы көп сауалға жетелейді. Шәкәрімнің ақындық тұлғасы, лирикасындағы лирикалық қаһарман ақырында мынадай философиялық ой түйеді:

Жұрт не десе үй десін,  
Мен үшін ешкім күймесін [115, 148 б.].

Ақын «мен үшін күймеңдер, бұл менің саналы шешімім», – дейді. Мұндай тереңдік Шәкәрім сияқты тұлғаларға ғана тән сипат. Данышпан Шәкәрімнің лирикасындағы ой, ондағы бейнелі сөз қазақ сөз өнеріне қосылған қомақты үлес деп білгеніміз дұрыс. Шәкәрім лирикасындағы ақын тұлғасы, оның интерпретациясы арнайы зерттелетін өрісті тақырып деп түсінеміз.



## 2.2 Ақын өлеңдерінің тілдік-бейнелілік сипаты

Сөз өнеріндегі көркемдік-бейнелілік оның ең қуатты эстетикалық құралы, талғам биігінің өлшемі. Басқаша айтқанда, суреткердің сұлулықты көре білуі, сезе білуімен қатар оны шебер бейнелеуіне, даралық өнер тұлғасы ретіндегі шеберлігіне келіп тіреледі. Суреткерлік шеберлік жоқ жерде көркемдік те жоқ. Шеберлік тұтас көркем шығармаға жан беретін негізгі фактор, суреткердің даралық стилінің көрінісі. Мысалы, түрлі бейнелеуші құралдар арқылы бейнеленген, сөзбен салынған суреттерден сол суреткердің шеберлігін байқаймыз. Ол көркем шығармаға өң беріп, реңкін дамытып қана қоймайды, мазмұнын байытады. Көркем шығарманың ішінде, поэзияға қатысты айтқанда ойлау, түйсіну, сезіну, тану сияқты көркемдік-эстетикалық көру қуаттары кешенді түрде көрініс табады. Содан барып өлеңнің, яғни лирикалық шығарманың көркемдік-бейнелілік қуатының өрісі айқындалып, оның биік өнер ретіндегі табиғаты ашыла түседі. Қазақ поэзиясының білгірі, академик Зәки Ахметов: «Поэзия – сөз өнері, көркем шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен, өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну қабілетімен, көркем-ой сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады» [112, 7 б.]. Шындығында, поэзия келісті көркем бейненің, құнарлы сөздердің жан бітірер сұлулығы екенін талай данышпан айтқан. Поэзиядағы, әсіресе, оның ішінде лирикадағы, эстетикалық қабылдау ерекше қуатты. Сондықтан лирикада көркемдік дәстүр ерекше өміршең, түрленіп дамып отырады. Бейнелі сөз поэзияға да поэтикалық өрнек салуға мүмкіншілік береді. Жалпы, қазақ поэзиясындағы бейнелілік пен стильдің табиғатын терең қарастырған белгілі ғалым Қуандық Жүсіп болды. Ғалым Шәкәрім поэзиясы туралы да өз ойын ортаға салған: «Қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі ірі тұлғалардың бірі Шәкәрім десек, Шәкәрімтанудың, негізінен алғанда, ол ақталған 1988 жылдан бастап қолға алына бастағаны белгілі. Соңғы жылдары Шәкәрім өмірі, шығармашылығы хақында біраз мақалалар жарияланып, біршама деректер берілгенін атап өте отырып, бұл салада әлі де тындырылмаған істің мол екенін ескерген жөн» – дей келіп, Шәкәрімнің өлең құрылысына, көркемділігіне тоқталып, терең талдау жасаған [64, 101 б.]. Сондай-ақ, ғалым Шәкәрім лирикасының көркемдік-бейнелілік жүйесін жан-жақты қарастыру ғылыми мәселе екенін айтып, болашақ

зерттеушілерге өріс ашып берген. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрім лирикасындағы көркемдік-бейнелілік мәселесін зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымындағы аса өзекті мәселелердің бірі деп танимыз. Шәкәрім поэзия әлемінде сезім күйін шертер, ой танымын тереңдетер ойшыл-сыршыл із қалдырған суреткер-ақын. Біз, суреткер көркемдік-бейнелеуіш құралдарды неғұрлым көп, мол қолданса оның көркемдік-эстетикалық қуаты соғұрлым артады деген ойдан аулақпыз. Дегенмен өз орнында сәтті қолданған әрбір бейнелі сөз бояуын қанықтырып, мазмұнын арттырады сөзсіз. Сондықтан ақын қолданған көркемдік-бейнелілік құралдарды жүйелі түрде қарастыру диссертациялық жұмыстың ажырамас бөлігі болуы заңды құбылыс деп танимыз. Мысалы, поэзияда ең мол қолданыс табатын эпитет екенін белгілі ғалымдар өз еңбектерінде атап айтқан болатын. Көрнекті ғалым Қажым Жұмалиев: «Ұлы ақындардың қайсысының болсын тілін зерттеушілер ең алдымен поэтик тілдердің негізгі түрі деп те және көп кездесетін түрі деп те эпитет пен теңеулерді алады» [53, 194 б.], десе, теорияның білгірі, академик Зейнолла Қабдолов: «Айталық, айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау қиын» дейді, – [108, 209 б.]. Яғни, эпитет сөз өнерінде белгілі бір затты, құбылысты айқын салыстыра білу ой анықтығына көмектеседі. Әрине, эпитеттің табиғаты, оның ерекшелігі әдебиеттану ғылымында мол зерттелген. Мысалы, А.Н. Веселовскийдің: «Если я скажу, что история эпитета есть история поэтического стиля в сокращенном издании, то это не будет преувеличением» [113, 59 б.] /«Егер мен, эпитеттің тарихы ол қысқартылған түрдегі поэтикалық стильдің тарихы десем, артық айтқандық емес»/, – деген пікірі бүгінгі таңда да маңызын жойған жоқ.

Шәкәрім өз шығармашылығында эпитетті түрлендіріп мол қолданған. Бұл салада да ол Абай дәстүрін жалғастырушы. Нақты мысал келтірер болсақ, хакім Абай өз шығармашылығында «жүрек» сөзінің алдына түрлі реңктегі эпитет шығаратын айқындаушы сөзді қолданып оның қасиетін ашқан. Шәкәрім шығармаларында да «жүрек» сөзінің орны ерекше, көркемдік дәстүрді жалғастыра отырып, өзінің даралық мәнерімен аталған сөз – ұғымды қатыстыра отырып сәтті эпитеттердің түрлерін қазақ сөз өнеріне әкелген. Сол жүрекке қатысты мол эпитеттерді жүйелеп бірақ бергенді дұрыс көріп отырмыз: «Көшейін деп қыбырлап, Ел қыстаудан қозғалды. Жаралы жүрек жыбырлап, Жазылмай жалғыз сол қалды» [115, 87 б.], «Қыз-бозбала бір бөлек, Әзілдесіп дуласты. Өліп қалған сұм жүрек, оятсам да тұрмас-ты» [115, 87 б.], «Ұлы жүрек, долы тіл сөйлеп отыр, ыза қысып тісімді қайраулымын» [115, 96 б.], «Жылы жүрек, тәтті тіл»

[115,147 б.], «Ой сонда неше түрлі шимай салмақ, Қайтсе жөнге келер деп өлшеуге алмақ. Дәл солай қылайын деп ұнағанда, Әділетті жүрегің бір қозғалмақ» [115, 58 б.], «Ол түгіл өзгелерге білгенінді айт, Туысқан көзбен қара жалшыға да, Ауыз сөз, насихатты неге аяйсың, Ақ жүрекпен айтқанға мал шыға ма?» [115, 138 б.], «Мидағы ой-тамырға жол салалық, Жүрекке оймен сынап апарарлық! Ақ жүректің ғадалат қылған ісін, Қабылдауға қызығып қозғалалық» [115, 33 б.]. Жалғаусыз түбір, кейбіреулері жалғау, жұрнақ арқылы жасалған бұл эпитеттер поэтикалық тілдік тұрғыдан ғана ерекшеленбейді. Мағыналық тереңдігі, көркемдік-эстетикалық қуатымен де өзгеше өріс тапқан. Шәкәрім лирикалық шығармаларында эпитеттік қасиеті бар сөздерді қоса отырып жүректің сан қилы ерекшеліктерін ашып берген: жаралы жүрек, ұлы жүрек, жылы жүрек, әділетті жүрек, ақ жүрек т.б. Жоғарыда Шәкәрім лирикалық шығармаларында қазақ поэзиясында сирек кездесетін соны ой-толғамын жеткізу үшін жүрекке қатысты эпитеттерді өзінің даралық стилімен шебер бере білген. Өмірдегі түрлі қатынас, не бір құбылыс, немесе, заттың, ойдың, мәні тек біреу емес, екеу емес, өте көп. Соны әр түрлі қырынан бейнелі сөзбен беру шеберлікті талап етеді. Шәкәрім поэзиясында өмір құбылыстарын, заттарды бейнелеуде эпитеттің жаңа түрлерін қалыптастырды:

«Адасқан асығың, Мұңлы әнге салып тұр» [115, 43 б.], «Сөгілуші, сөгуші, Біздің сөзді тыңдаңыз. Ызалы улы төгуші, Шатты-бұтты қылмаңыз» [115, 147 б.], «Гүл билеп, Бұлбұлдар сайраған. Жорға су тайпалып, Бұрандай ойнаған» [115, 63 б.]. Шәкәрім «ән», «у», «дүние», «су», сияқты сөздерге «мұңлы», «ызалы», «сұм», «жорға», сияқты эпитеттік мағына үстейтін сөздерді шебер қолданған. Мәселен, осындағы «жорға су» Шәкәрімнің суреткер ретіндегі даралығын байқатар ерекше көркемдік құбылыс. Сондай-ақ, Шәкәрім лирикасында «сөз» немесе «тіл» деген ұғымдарды түрлі контексте терең мағына беріп қолданған. Соның бір-екеуін келтіріп өтейік. Өйткені сөз де, тіл де бейнелікке қатысты ұғымдар:

Алдауыңа сенбейім,  
Алысып сені жеңбейім.  
Ащы тілмен емдейін,  
Жүрегіңнің дерті бар [115, 145 б.].

Немесе,  
Жылы-жылы сөз айтса,  
Жылан іннен шығады.  
Қатты сөзбен бет қайтса,  
Надан дінінен шығады [115, 146 б.].

Осындағы «ащы тіл» де, «қатты сөз» де сыртқы тұлғасы жағынан да, ішкі мазмұны жағынан да өлең бедерін айқындап, суреткердің айтайын деген ойын одан сайын анықтай түседі. Шәкәрім «сөз» ұғымына ерекше мән берген. Сөздің құдіреті сонда, қатты айтылған сөз «наданды» діннен шығарады екен. Оған тағы бір мысал келтірер болсақ, «Ақындарға» атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Өлең айт дарын өрге өрлегендей,  
Сезімді қозғап, тәтті ой кернегендей.  
Жанды сөз бойды ерітіп, маужыратып,  
Әлдилеп жыр бесігін тербегендей [115, 139 б.].

Шәкәрім аса ізденгіш ақын. Шын мағынасындағы биік талғам иесі. Қатты сөз қазақ ұғымында бар болса, ал жанды сөз Шәкәрімнің даралығының жемісі. Эпитетті тереңдеп зерттеген Л. Озеров бірде өз еңбегінде былай деп шабыттаныпты: «Покажите, какой у вас эпитет, – и я скажу, какой вы поэт» [114, 454 б.]. Бұл пікірдің жаны бар. Суреткердің стиліндегі даралықты айқындайтын көркемдеуіш құралдардың ішіндегі ең қуаттыларының бірі осы – эпитет. Ақын сол кездегі әлеуметтік-қоғамдық тартыс, қиын тұрмыс, тартыс-арпалыс жағдайды, көңіл-күйінің содан алған әсері, бәрі-бәрі лирика арқылы халқына жетіп отырған. Мысалы, Шәкәрімдегі мына эпитеттік тіркестер соған дәлел бола алады: «Зиянды, улы шынның сыртын бояп, Күндестік қанжарыңды алдың қыннан, Түзу жолға бастаған жалған артық» [115, 150 б.], «Жаралы біздің көңілге, Бір тамбайды сіркіреп. Таянды ғой өлімге, Қақырық басты кіркіреп» [115, 89 б.], «Шолақ ойдың аяғы осы болмақ, Біраз күнге көңілдің хошы болмақ. Арсыз, арам, асығыс, айлакестік, Мұның бәрі шайтанның досы болмақ» [115, 59 б.], «Ауыр қайғы, терең ой, Өкпеге зиян етеді, Тілімді ал да, мұны қой, Түбіңе осы жетеді» [115, 53 б.], «Тәтті сөз бен түзу ой, Тағдыр сыйы емес пе? Әуре қылма, жаным қой, Мені күндеп, егеспе!» [115, 197 б.], «Болмасқа бұлай қара тер, Алдыңғы жақты қамдай бер. Жақыннан жау жақсы, Ең жақының – қара жер», «Қабағынан қар жауған, Қараңғы бұлт жоғалды, Қас қараймай бет ауған, Қаһарлы жел де оңалды» [115, 85 б.]. Осы жолдарды оқығанда атақты қазақ жазушысы Ғабит Мүсіреповтың мына бір сөзі сол сөздің құдіретін асырып тұрған сияқты: «Сөз сөзге жарығын түсіріп тұрады, Көлеңкесін де түсіріп тұрады» [116, 441-б.]. Саңлақ суреткер сөзін құдіретіне ерекше баға берген. Шәкәрімнің лирикасындағы қолданыс тапқан эпитеттер осыны айғақтай түседі. Мысалы, Шәкәрім лирикасындағы «ақ тамақтан шөп етіп» деген тіркес, «Сикыр жүзін,

Ақылды байлап алып» деген жолдардағы бейнелілік жоғарыда айтылғандарды негіздей түседі. Ақын өлеңдерінің әр жолында көз тартан сөз, жаңаша мәнге ие болған сипаты өзгеше орамдар жиі ұшырасады, солардың негізгі бір мол бөлігін эпитеттер құрайды.

Шәкәрім лирикасындағы мол қолданысқа ие болған бейнелеу құралдарының бірі – теңеу. Шын мәнінде теңеу ең көне, ең қарапайым әрі жиі қолданысқа түсетін бейнелеу тәсілі десек те болады. Теңеу категориясы – көркемдік және эстетикалық жағынан қолданылу аясы мол, әрі ең қуатты да пәрмендісі десек артық айтқандық емес. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да бастауын осы теңеуден алады. Теңеу – ұқсас, ортақ белгілері негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік, әрі таным құралы деуге болады. Теңеу категория ретінде қазақ филология ғылымында жақсы зерттелген. Мысалы, қазақ әдебиеттану ғылымында А. Байтұрсынов, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, З. Қабдолов, С. Негимов, Ж. Дәдебаев, Б. Майтанов еңбектері бірқатар теңеуге қатысы бар мәселені қарастырған. Қазақ тіл білімінде Т. Қоңыров, Б. Хасанов, Э. Сүлейменова, А. Сыбанбаева еңбектері метафора мен теңеудің тілдік болмысы мен тілдік категорияларын жүйелі түрде қарастырады. Алаш алыптарының бірегейі, кемеңгер ғалым Ахмет Байтұрсынов құбылту амалдарына арнайы тоқталады: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз. Теңеу екі түрлі: 1) әншейін теңеу; 2) әдейі теңеу. Екеуінің арасындағы айырмашылық сол: әншейін теңеу – әдетте теңеу болады. Мәселен, «удай», «айдай», «күйедей», деген сияқты сөздер – әдейі теңеу» [117, 335 б.]. Салыстыру, яғни теңеу сезінудің, ойлаудың нәтижесінде туғандықтан, көркем бейне оқушының ой-сезімін қозғап, күшті әсер етеді. Теңеудің негізі болған ой терең, неғұрлым өткір болса, көркем сезім соғұрлым күшті әрі нәзік, әсерлі болса, адресаттың жан-дүниесін тебіrentіп, сезімін оятатын қуаты соншалық зор болады. Теңеудің сондай көркемдік қуатын терең білген Шәкәрім оны лирикалық шығармаларында түрлендіріп кеңінен қолданған:

Кейде тегін береді, кейде бұлдап,  
Мінезі жел қайықтай тұр бұлтылдап.  
Бұл күнде жүз түрленіп, мың құбылып,  
Көзіңді қызықтырар тым жылтылдап... [115, 73 б.],

Немесе,

Шын құмар шымырлатпай қоймас сірә,  
Әр жерге соқтырар аққан сеңдей [115, 62 б.].

Бірінші мысалда, ақын мінезді жел қайыққа теңеген. Жел қайық жел қалай соқса, солай қарай жүзеді. Мінезі мың құбылған адам бейнесі дәл беріледі. Екіншісінде, құмарлықты сеңге теңеген. Құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттап отыр. Сең аққанда алдына ешқандай тосқауыл қоя алмайсың, сол сияқты шын құмарлыққа да еш тосқауыл жоқ. Ақын поэзиясының көркемдік әлемінде терең мағыналы теңеулер ұшан-теңіз деуге болады. Шәкәрім теңеудің қазақ поэзиясында кездесетін барлық түрлерін түрлендіріп қолданған. Алдымен, сол теңеулердің жасалу жолдарының негізгілеріне тоқталып өтейік. Т. Қоңыров «Қазақ теңеулері» еңбегінде қазақ тіліндегі теңеулер, жасалу жолдарын, синтаксистік құрылымын тағы басқа аспектілерін кең талдап, таратып берген. Соның ішінде теңеудің жасалу жолдарының түрлерін атап көрсеткен: «1.-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен; 2.-ша, -ше жұрнағының көмегімен; 3. шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен) көмегімен; 4. секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен; 5. тең сөзінің көмегімен; 6. ұқсас сөзінің көмегімен; 7. аралас тәсілдің (бейне және -дай, -дей; бейне және секілді сөзінің көмегімен); 8.қосалқы тәсілдер көмегімен» [118, 19 б.]. Шәкәрім осы үлгінің алғашқысындағы жұрнақтардың ішінен *-тей* жұрнағын бір *ит* сөзіне жалғап өз шығармаларында оннан астам рет қолданған. Шәкәрімнің дәстүрлі теңеудің өзін түрлендіріп қолданатын суреткер екеніне осы мысал дәлел бола алады деп ойлаймыз. Соның біразын келтіріп өткенді жөн көріп отырмыз:

1) Қабаған иттей арсылдап,  
Дуанадай қалшылдап [115, 101 б.].

2) Көріне қашан кіргенше,  
Арсылдап иттей қалмадың [115, 176 б.].

Міне, осы жолдарда «қабан иттей», «арсылдап иттей» десе, келесі мысалдарда «таласып иттей», «ұлыққан иттей», – деген теңеулер қолданған.

3) Таласып иттей үре ме,  
Не қылып тек тұр қазақ? [115, 184 б.].

4) Өздері-ақ ұлып, шұбырып,  
Ұлыққан иттей күйлесін [115, 148 б.].

5) Боқ жеген ауыз жаласып,  
Ұлыққан иттей күйлесе [115, 148 б.].

Осы келтірілген мысалдардың барлығында бірдей «иттей» теңеуі берілген. Кері кеткен заман ақынның ішкі жан дүниесін күйдірген. Қазақ халқында «Ит – жеті қазынаның бірі», сондай-ақ, жер бетіндегі халықтардың көбінде «Ит – адамның ең жақын досы, серігі» ретінде қабылданады. Шәкәрім лирикасында иттің контексте көрінетін сәттері де бар. Ал жоғарыда келтірілген мысалдарда ақын иттің бір жаман қасиетін, немесе күйлеген сәтіндегі бейнесін адамның мінез-құлқының нашар кезімен астастырған. Оның өзі қайсыбір жағынан шындыққа жанасымды. Шәкәрім түрлі тілдік ерекшеліктердің бәрін қолданысқа қосқан:

Құйындайын бұрқырап,  
Тағы да желпіп, уантып.  
Жас баладай қуантып,  
Айналып келіп басады [115, 142 б.].

Бұл өлең жолдарында теңеу – дайын жұрнағы арқылы жасалып отыр. Ал келесі бір «Көңіл» атты өлеңінде мынадай теңеулер бар: «Бұлбұлдай жырлаған, көңіл!». Яғни, оның беретін мағынасы көңілім, көкірегім сайрап тұр дегенге келеді. Адамның көңілінің «бұлбұлдай» жырлауы ерекше көркемдік-эстетикалық құбылыс. Мына бір жолдарға назар аударайық:

Уайым жоқ  
Сіздің кейістей.  
Дәл кесімді  
Жан келіп жеткенше.  
Ойдан  
Сөз теремін жемістей.  
Өмірдің сырын білемін,  
Талайдан сынап жүргенмін [115, 220 б.].

Адам баласы жеміс тергенде, піскенін, шірімеген, толысқан бүтінін теруге ұмтылады. Ақын да сөз тергенде, оның жеміс сияқты жақсысын теретініне меңзеп тұр. Немесе «Бұл өмір, Екі айыр. Өзендей

ағар, Сең қаққан, Кез келе қағар, Таза жолдан. Таймай барғаның, Жетпесең де алғаның». Өмірдің ағысын ақын өзенге теңеген. Ол келе екі айыр ағуы мүмкін. Адам сонда қай жолды таңдайды. Шәкәрім сол кезде сенің «таза жолдан таймағаның» жетпесең де алғаның дейді. Шәкәрім теңеулерді жай бір әшекей үшін емес, ойдың мәнді болуы үшін де пайдаланады екен. Шәкәрімнің «Ақындарға» деген өлеңіндегі метафоралық теңеудің көркемдік-эстетикалық қуаты күшті:

Ерікті билеп алсын айтылған жыр,  
Сырты – гүл, жарасымды, ішінде сыр.  
Жаныңның ләззат алар жарығындай,  
Мәңгілік өшпейтұғын төгілсін нұр [115, 140 б.].

Ақындықтың суреткерлік құдыреті мен ішкі мәндік қуатын Шәкәрім айқын ашқан. Сол шумақтағы «Жаныңның ләззат алар жарығындай, Мәңгілік өшпейтұғын төгілсін нұр», – деген жолдардың астарында мәндік мазмұн жатыр. Содай-ақ, тағы бір сәтінде «айнадай», «желдей», «тастай» сияқты дәстүрлі теңеулердің өзін жаңа мазмұнда, қанаттандыра пайдаланған: «Оятқан мені ерте – Шығыс жыры», «Суға қанып алған соң желдей есіп, Екеуі тағы жүрді құдай десіп», «Дауласаң желдей еседі, Өзі айтып, өзі шешеді», «Алланың ақ өлімі келгенде, Амалсыз қара тастай қатасың». Осы сияқты сан алуан теңеулер Шәкәрім поэзиясында қарақаттай тұнып тұр. Шәкәрім ақындық туралы өлең жолдарында сансыз, көркем теңеулерді қолданған. Әрқайсысы өзіндік бір қасиетімен, көркемдігімен, мағыналық тереңдігімен ерекшеленеді. Мысалы:

Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын,  
Тазартып жүрек кірін жуып жатсын.  
Қаңсыған шөл даланы қанықтырып,  
Жыр тасып, дариядай құйып жатсын [115, 140 б.].

Терең танымның, үлкен суреткердің айтар ойының бояуы қанық. Осы шумақтың өзінде «жүрек кірі» метафора болса, жыр – дариядай теңеу болып келеді. Көркем теңеулер қуатты көркем қиялдың жемісі. Ол даралығымен ерекшеленсе, бірден ешкімге ұқсамайтын стильдің нәтижесі екенін аңғаруға болады. Мәселен, «Арынды асқақ өзен арнасындай», «Атылған оқтай аққанын», «Жұлдыздай ағар сызылып» тағы басқа көптеген теңеулер осының дәлелі. Жоғарыда келтірілген мысалдағы теңеулер оюлы, өрнекті сөздердің, сырлы бояулардың молая беруіне әсер етеді. Эмоциялық-экспрессивтік бояуы мол, эстетикалық



мәні ерекше бейнелер, теңеулер жастық шақты суреттегенде шынында да, дариядай төгіледі. Ақынның «Жастық туралы» өлеңінен мысал келтірейік:

Гауһардай көзі,  
Бұлбұлдай сөзі.  
Жаннан асқан бір пері,  
Жүзі бар айдай,  
Мінезі майдай,  
Өзгеден артық сол жері,  
Дариядай ақыл мол еді.  
Жан ғашығым сол еді [115, 53 б.].

Бұл өлеңде одан ары қарақаттай төгілген мол теңеулер қайталану, қатар келу арқылы өлең жолдарының бояуын қанықтырып, жалғасын таба береді. Олар: сымдай, қылдай, жібектей, сынаптай, түлкідей, қырандай, алмастай, ұршықтай, мысықтай, т.б. Жастық дәуреннің өз құбылысын осы мол теңеулер арқылы шынайы суреттеген. Шәкәрімнің «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы» өлеңіндегі философиялық ой терең теңеулермен берілген:

Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,  
Ортасы - өмір, жоқтық қой – екі басы.  
Сағымдай екі жоқтың арасында,  
Тіршілік деп аталар біраз жасы [115, 154 б.].

Осындай түрлі терең ойға жетелейтін философиялық таным, көркемдік құрал, оның ішінде қуатты теңеулермен мейлінше дәл беріліп, өлеңнің алтын дінгегіне айналған. Табиғатқа қатысты, өмір тіршілігіне қатысты қаншама теңеулер поэзияда көрініс тапқан: «Шалбардай болып бет кетсе», «Жанған оттай жалындап», «Қу ағаштай сіресіп қалған кезде», «Нажағайдай жарқ етіп өшпек болса», «Жел, сағымдай құбылтып», т.б. Адам бойындағы ерекше серпілістің, күш-қуаттың буырқанып, бұрсанған сәттерін, басқа да өмір құбылыстарын суреттеген сәттерде, жоғарыдағы мысалдарда көрсетіп кеткеніміздей, нажағай, сағым, дария, от, жұлдыздай, тастай, желдей, өзендей деген сияқты табиғат құбылыстарына, заттарға қатысты теңеулерді іріктеген талғампаздығы даралық стилінің көрінісі. Немесе, Шәкәрімдегі «Қарақаттай көзіңмен қызықтырып», «Арыстандай арқырап» деген теңеулер адамның эстетикалық талғамына ерекше әсер ететін теңеулер. Шәкәрімнің «Ашу мен ынсап» деген өлеңінде адамның жаман қылығы «еріншекті» уыздай келіншекке теңейтіні бар:

Жалт қарасам бетіне –  
Баяғы құрғыр, еріншек.  
Көзім түсті етіне,  
Бір уыздай келіншек [115, 53 б.].

Еріншекті уыздай келіншекке теңеудің реті бар. Өмірдің тәтті уызына тоймаған келіншектің еріншек келетіні заңды құбылыс. Ал, Шәкәрім эстетикалық талғаммен әсемдік, сұлулықты бейнелегенде соған тән теңеулерді таңдап алады:

...Жібектей қап-қара,  
Таралған шашы бар.  
Қардай аппақ,  
Әжімсіз маңдайы кең,  
Қынаптан суырған,  
Қанжардай қасың бар [115, 44 б.].

Өлең жолдарындағы «жібектей қап-қара», «қардай аппақ», «әжімсіз маңдай», «қанжардай қас» теңеулерінде қазақ танымына сай ұлттық өрнек көрініс тапқан. Шәкәрім лирикасында -ша, - ше жұрнағы арқылы жасаған теңеулердің де көркемдік-эстетикалық қуаты күшті болып келеді:

Сауысқанша қылмыңдап,  
Әр үйден б... шоқынар [115, 144 б.].

Біреу зорлап алады, біреу алдап,  
Ұры-залым ...бәрі тұр жыланша арбап. [115, 77 б.].

Ақын теңегенде оның мәнін де ашып отырады. Егер сауысқанша болса, «қылмыңдап», ал жылан болса, «арбап», қасқыр болса «жемтігін жұлу» сөздерін қолдану арқылы мағыналық жақындығына да назар аударған.

Қасқырша жемтік жеуден тартынбайды,  
Адамшылық бойында қалмаған ар [115, 172 б.].

Итше еркелеп, қу менен сұмға жалын,  
Сол отырсын, өзіңе тимейді төр [115, 81 б.].

Ары зор, ата ұлы емес, адам ұлы,  
Итше талап өз елін, жырып жемес [115, 173 б.].

Жаны ашымай әлсізді аңша қырып,  
Мейірімсіз, озбырлығы осындайлық [115,180 б.].

Өнер қылды «жақсылар»,  
Қасқырша елін жұлғанды [115, 148 б.].

Бірін-бірі құтырған итше қауып,  
Өңкей төбет шуылдап ұлып жүрді [115, 80 б.].

Шәкәрім жоғарыда келтірілген барлық мысалдарда адам мінезіндегі келеңсіз қылықтарды айқын ашып берген. «Сауысқанша», «жыланша», «қасқырша», «итше», «аңша» көркемдік бейнелеуіш құралдарды «өз орнына қаланып» өлеңге эстетикалық қуат берген. Бұл теңеулердің барлығы адам бойындағы келеңсіз қылықтарды ашу үшін пайдаланылған.

Шәкәрім тағы бір топ теңеулерді «сықылды» сөзінің көмегімен жасаған:

Тозған мола сықылды сұм көрініп,  
Өткен күнде қызыққан сауық пен той [115, 67 б.].

Дене сауыт сықылды жанның орны,  
Оған да күту керек бұзылмасқа [115, 106 б.].

Сусағанның сусыны бол,  
Су сықылды сұп-суық .  
Бірақ ондай болма салқын,  
Ел көңілін қалдырып [115, 117 б.].

От сықылды жылы болсын,  
Жүзіңіз бен сөзіңіз.  
Бірақ ондай мархаматсыз,  
Болма өртеп жандырып [115, 117 б.].

Тозған молаға теңеу, жанның орны дегені «сауытқа» теңеу сөз өнерінде ерекше көркемдік-эстетикалық ізденістің жемісі екені байқалып тұр. Су мен от сияқты бол дей отырып, жақсы жағын да, жағымсыз жағын да ашып көрсетіп берген. Шәкәрім қазақ поэзиясын тың сурет, бейнелермен, теңеулермен байытқан:

Сырт айналса, жүрекке жалын салған,  
Бас алуға жаралған бір жәдігөй.  
Өткір қылыш сықылды уға малған,

Өлмей адам осыдан құтылар ма,  
Неге қылып жүргеміз өлімді арман?  
Бас көзімен қарасаң - нәпсі жалған,  
Бір сұлу қыз сықылды жұрт таңдаған.  
Анық ақыл көзімен қарағанда,  
Өзін берер қалыңға ол қызды алған.  
Қылықты қу сияқты көрінсе де,  
Өлшеусіз сансыз байдан жесір қалған.  
Күнінде қызыл гүлдей жүз келсе де,  
Сырт айналса, жүрекке жалын салған [115, 192 б.].

Сөздерге көп мағына дарытып, ойды дәл, нақты, әсерлі жеткізу мақсатында алуан түрлі затқа тән қасиеттерді дөп басып, образды бейнеге айналдырады. Тағы біраз мысалдар келтіріп көрейік:

Адамның сыртқы дене жаралысы,  
Нәжісі айуанмен анық теңдес.  
Бөлектігі - жалғыз-ақ таза ақылда,  
Өлің келсе, жол тап та осыны емдес [115, 181 б.].

Надандар төрт аяқты малға ұқсайды,  
Қаңғырған тамақ іздеп аңға ұқсайды.  
Өз бетімен өнері жоқ,  
Талапсыз, өлі сүйек жанға ұқсайды [115, 181 б.].

Бұл мысалдарда «теңдес», «ұқсайды» сөздері арқылы теңеу жасалып тұр. Адам тұлғасын қашан да биікке көтеру – Шәкәрімнің ақын ретіндегі негізгі кредосы. Осы теңеулерді алғанда өзіне тамақ іздеген аңнан, төрт аяқты малдан да надан адамның күні төмен екенін ескертеді. Сондықтан да «Өз бетімен өнері жоқ, Талапсыз, өлі сүйек жанға ұқсайды» ащы тілмен түйреп алады. Салыстыруда алдымен дәлдік, нақтылап беру жағы басым болып келеді. Ақын поэзиясының ауқымы өте кең. Өлеңдерінде ақын аз сөзге көп жүк артып, санаулы жолдармен сан бояулы сурет салады. Көркемдік құралдарын шебер қолданған. Оның стильдік ерекшелігі осы теңеудің өзін түрлендіріп қолдануынан байқалады:

Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды,  
Бабын таппай мінгенді қылар жынды [115, 128 б.].

Сыртын түзеп кейбіреу аласұрды,  
Киіміне мақтанған бала сынды [115, 108 б.].

Бұл екі мысалда ақын «сынды» сөзінің көмегімен шебер теңеу жасап отыр. Шәкәрім өлеңдерінде теңеу категориясының орны ерекше. Құбылыстарды шебер салыстыра білу арқылы негізгі ой-мақсатын ойдағыдай жеткізеді. Ақын өзі қалаған жайлардың артықшылықтарын баса айтады. Шәкәрім өлеңдерінде шындық ақиқат деңгейіне көтеріледі. Сондай-ақ, адам бойындағы арсыздық, жамандық, опасыздық, надандық сияқты келеңсіз қылықтар өткір сыналады. Шәкәрім қандай теңеуді өз шығармаларында қолданбасын, сол арқылы суреттеліп отырған нәрсе не құбылыс туралы дәл, нақты ұғым қалыптастырады. Қазақ поэзиясында теңеуді қолдануда Шәкәрім енгізген жаңалықтар мол. Белгілі ғалым Мүслім Базарбаев: «Еркін қиялсыз, терең ойсыз, яғни талдауға, жіліншіктеп шағуға күші жететін ұғым, түсінік болмайынша, бедерлі бейне жасау мүмкін емес» – дейді [56, 76 б.].

Шәкәрімнің лирикасындағы бейнелілік – аса өзекті мәселелердің бірі. Біз жоғарыда ақынның бейнелеу құралдарының ішінде теңеуді қолданудағы ерекшеліктеріне тоқталғанның өзінде көркемдік қуатының ауқымдылығын байқадық. Шәкәрімнің суреткерлік шеберлігінің бір белгісі – бейнелілікті арнайы қарастыру әдебиеттану ғылымындағы аса өзекті мәселелердің бірі дейтініміз сондықтан.

Шәкәрім лирикасындағы тағы бір мол қолданыс тапқан бейнелілік құрал, ол метафора. Метафора қашанда ақынның асқақ ойын айшықтайды. Метафора табиғатына тоқталсақ, теңеуде анау мынаған ұқсайды, сондықтан ол «айдай», «күндей» деп, айға, күнге ұқсатып жатамыз. Ал, метафорада ондай сілтеу, теңеу жоқ, екі нәрсенің белгілі бір қасиетіндегі ұқсастығына қарап салыстырады. Салыстырғанда екеуін тең ұстайды. Мысалы, хрестоматиялық жинақтарда көп кездесетін «Құлагер, әкең – тұлпар, шешен – сұңқар, Соғып ең дөненінде сегіз арқар» (Ақан сері). Бұнда Құлагердің әкесін тұлпарға, шешесін сұңқарға теңеп отырған жоқ, керісінше балап отыр. Арасына тепе-теңдік бағасын қойған. Шәкәрім метафораның жай түрін де еркін пайдаланған:

Жақсы ақынның тілі - бал,  
Өтірік демей, ойға сал.  
Осыны жаттап ұғып ал,  
Ақындыққа құмарлар! [115, 107 б.].

Осыған ұқсас метафоралардың бірнешеуін келтірейік. Шәкәрім метафораның мәнін терең ұққан суреткер:

Ас бергенін дейді той,  
Ол – қасапшы, бұлар – қой,

Көп мисызда болмайды ой,  
Бұл не қылған ел еді!... [115, 128 б.].

Шәкәрім поэзиясындағы ой еркіндігі адресатты бей-жай қалдырмауы былай тұрсын, аса толқынысты ойға жетелейді. Данышпан ақын «Көп мисызда болмайды ой» деу арқылы тобырдың табиғатын ашып отыр. Ел тобырға айналса, ол елдің болашағының жоқ екенін ескертеді. Ол – өмір жайында, өмірдің мәні жайында ойлана бастайды. Оның шығармаларының қуаты осындай бейнелілік, көркемдік қуатынан да аса байқалады:

Дүние қу,  
Бір ағын су,  
Түстік онда шөп болып [115, 86 б.].

Таза қымыз әкел, шырақ,  
Болайын қайғыдан жырақ,  
Бойым еркін, ойым – ұжмақ,  
Тілім – бұлбұл, сөзім – бұлақ [115, 124 б.].

Шошыма достым сөзімнен,  
Сөз – құдайдан шыққан бу,  
Ұқпасаң көр өзіңнен  
Жұтқызайын нұрлы су [115, 236 б.].

Бұл келтіріп отырған «дүние қу, бір ағын су», «Ойым – ұжмақ, тілім – бұлбұл, сөзім – бұлақ», «сөз – құдайдан шыққан бу» тағы басқа метафоралық қолданыстар жеке-жеке алғанда біздің ана тілімізде бұрыннан қолданылып жүрген сөздер, Шәкәрім осы сөздерді метафораға айналдырып даралықпен қолданған. Өлеңдерінің көркемдік қуаты өзіндік сөз саптауынан көрінеді. Осындағы «Сөз – құдайдан шыққан бу» – терең мәнді сөз. Сөздің басы – Аллаһ тағаладан деген ойға жетелеу бар. Бұрын қазақ поэзиясында дәл осы түрінде кездеспеген метафоралық қолданыстар. Сонымен қатар, Шәкәрім өлеңдерінде метафораның эпитеттік метафора және метафораның шендестірумен байланысты келетін түрлері де кездеседі. Мысалы:

Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,  
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр.  
Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен,  
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр [115, 155 б.].

Гүлге асық боп сайраған,  
Қызыл тілді қайраған.  
Жүрегі оттай қайнаған,  
Мұңлы, шерлі мен – бұлбұл [115, 249 б.].

Міне, осы шумақтардан ақынның эпитеттік метафора, шендестіру арқылы метафора жасағанын көреміз. Ақын «Мұңлы, шерлі мен – бұлбұл», – деген жолдарды лирикалық қаһарманға қаратып айтқан. Шендестірумен келетін тағы бір метафораны келтірейік:

Нұрына күн нұры жетпес,  
Қасы – жай, кірпігі – оқ реттес.  
Көңілден суреті кетпес,  
Жүзі – сиқыр, шашы – тұзақ [115, 124 б.].

Ақын айтайын деген ойды жинақы, жанды етіп беру үшін шендестіруді бірлікте қолданған. Өлең жолдарындағы «жай», «оқ», «сиқыр», «тұзақ» сөздері шебер қиюластырылған. Шәкәрім лирикасының көркемдік, поэтикалық күшін, метафораның бейнелілігін, жандылығын мына мысалдардан байқаймыз. «Шын тақ қайсы? Күншіл кім?» өлеңі:

Бай, ұлық жуандарды бақты көрмек,  
Ол мисыз шолақ оймен баға бермек.  
Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар,  
Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек [115, 166 б.].

Өзімшілдің іші тар, ойы шартық,  
Ала алмас ол біреудің бағын тартып.  
Күндейді деп күн нұры жоғалғанша,  
Мың жарқанат соқыр боп қалғаны артық [115, 167 б.].

Осы өлеңдерде ақын пендешілікті, көре алмаушылықты сынаған. Өмірде бақ деп айтарлық үш-ақ нәрсе бар дейді, ол кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек. Бұл үшеуі бірігіп, бір адамның басына қонса, оны көре алмайтын өзімшіл, күншілдер пайда болады. Сол күншілдерді ақын жарқанатқа балап отыр. Жарқанат күннің нұрын жек көреді, сол сияқты күншіл адамдар, ақылды білімді адамдардың жарыққа шығуын көре алмайды. Бірақ ақын бәрібір кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек жеңіп шығады дейді. Осы өлең арқылы ақын көзі ашық адам мен надан арасындағы жер мен көктей айырмашылықты көрсете білген. Шәкәрімнің тағы бірде «Өмір» туралы айтқан метафоралық ойы

тереңдігімен ерекшеленеді: «Жалыны оттай жайнаған, қайран, өмір, Шоқ сөнген соң қап- қара болды көмір». Өмір туралы толғанысында өмірді отқа, соңында өшкен көмірге балайды. Өмір от сияқты лапылдап жанып, жан-жағындағыны жайпайды, алға ұмтылады, Жалын кеткен соң, шоқ сөнген қап-қара көмірге айналады. Шәкәрім өз ойын айқын жеткізген. Көркем сөздерден өріп қуатты поэтикалық бейнелер жасаған. Шәкәрім сияқты даралық стилі айқын ақынның поэтикалық метафораларды жасау мүмкіндігі шексіз. Ақын өз ойын бейнелі, әсерлі ету үшін кез-келген сөздің лексикалық мағынасын өз ойындағы ұғым түсінікке сәйкес метафоралық мағынаға айналдыра алады. Мысалы:

Арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат,  
Жан – нәпсі, шатақ – иман, дін – қиянат.  
Маскүнем, әйел сүйгіш, дінсіз ғой деп,  
Сырын білмей сыртымнан қылма ғайбат [115, 262 б.].

Ән – өлшеуіш,  
Өлең – күміс,  
Қоспаңыз мыс аралас [115, 132 б.].

Сопылық поэзияның танымын метафорамен берген, сондай-ақ, қазақ халқының ән өнеріне деген құрметін асқақтата суреттеп, оған «мыс араластырмаңыз» дейді. «Ән – өлшеуіш», «Өлең – күміс» бұл жерде метафора болып тұр. Метафора – поэзияның ерекше көркемдік құралы. Ол дүниені поэтикалық стильмен танып-білуге ұмтылыста ерекше қолданылады. Ол туралы ғалым Серік Негімов: «Ауыстырудың екі түрлі қызметі бар: ол бір жағынан, көркем сөзге айналдырудың амалы болса, екінші жағынан, белгілі заттар мен құбылыстар атауларының орнына жүреді. Және де мұның өзі адамзаттың ойлау жүйесінің терең өзгерістеріне, қыртыс-қабаттарына байланысты. Ауыстырудың шығуы, пайда болуы, дамуы, ойлау мен тілге тән. Тілдің икемділіктерінің артуы, өрісінің кеңеюі – ауыстыру тәсілінің көркейіп, кемелденуіне айрықша әсер етеді. Әрі бұл поэзиялық тәсіл дүниені ойлаудың, іс-қимыл, әрекеттердің барлық саласында бесаспап құрал болып есептеледі. Асылы, ауыстыру адам танымына иек артатын бұлдыр, екіұшты ұғымдардың негізінде туындайды [119, 29 б.]. Бұдан шығатын қорытынды, ауыстыру дегеніміз поэзияда бейнелі сурет, көркем ойлауды әрлендіру жолы деуге болады. Метафора өлең өрнегі ретінде өлең жолдарына ерекше шырай береді. өзге троп түрлеріне қарағанда метафора поэзия тілінде кеңінен қолданылады. Поэзияда кейбір поэтикалық метафоралар мәтінге тек бейнелілік,



көркемдік қана бермейді, сонымен қатар, танымдық қызмет атқаратындығын, яғни, ақынның ойын жеткізуге, белгілі бір ұғым арқылы тұтас әлемді ашуға мүмкіндік береді. Сонымен, ауыстыру, яғни метафоралар тілдің өзіндік даму жүйесінің бай мүмкіндіктерін жарқыратып ашуға зор ықпал жасайтын көркемдік құрал екеніне көзіміз жетті. Ақын метафоралары оның лирикалық шығармаларының, бүкіл поэзиясының, асқақ ақындығының айнасы, жалындаған сезім мен шалқар шабыттың көрсеткіші, өлеңнің аса маңызды көрсеткіші.

Шәкәрімде мол қолданыс тапқан тағы бір ерекшелік метонимияға катысты. Қазақ ғалымдарының көпшілігі бір заттың орнына екінші заттың алмастырып айтылуын, заттың немесе құбылыстың тек бір жағын не болмаса бөлшегін атай отырып, ойдағы затты түгелімен елестетуді метонимия дейді. Ол туралы ғалым А. Сыбанбаева мынадай пікір айтады: «Сонау Аристотель заманынан бері ұзақ уақыт бойы ғылымда метонимия метафорамен бірге бір тілдік категория, троптың бір түрлерінде бірге қарастырылады. Метафора мен метонимияны ұқсатып, троптың бір түрі ретінде тану, бұл тілдегі екі құбылыстың бір-біріне өте ұқсас, жақын екендігін аңғартады. Алайда олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Атаудың метафоралық ауысуы үшін салыстырылатын заттың арасында болуы тиіс. Ал метонимия мұндай ұқсастыққа негізделмейді. Метафораны теңеуге айналдыру оңай, метонимияны бұлай өзгеру мүмкін емес» [120, 51 б.]. Метонимия метафора сияқты тілге жаңа сөздік мағына қоспайды, бұрынғы бар сөзге жаңа мағына береді немесе оның мағыналық аясын кеңітеді. Мысалы, оған Шәкәрімнің «Жастарға» деп тақырып қойған өлеңінен мысал келтірейік:

Күнде көздеп, мінезді тексерелік!  
Айланы, ақыл демей, сескенелік!  
Адалдың жолында өлсек, арман бар ма?  
Ақты аныққа шығарам деп көрелік! [115, 36 б.].

Ақын арманы – биік арман, символдық арман. Бұлай дейтініміз «Адалдың жолында өлу» әркімнің арманы бола алмайды. Бірақ, бұл – идея. Немесе, ақынның «Мен қорқамын, қорқамын...» атты өлеңінде:

Кек, ашудан тый дейсің,  
Айыртып ақ пен қарасын.  
Мен құдай ма, патса ма,  
Ынсапсызға бастама.  
Ауыртып ашып жаныштама,  
Жанымның ескі жарасын [115, 132 б.].

«Ақты» аныққа шығарам – әділдік мағынасында, «ақ пен қара» жақсылық пен жамандық мағынасында. Поэзияда, сөз өнерінде салыстырылу арқылы аңғарылатын шындық дайын күйінде айтылған ақиқат-тұжырым емес, ол әдетте оқушының жан-сезімін оятып, оған ой салатын және көбінше астарлы мағынасы бар түрінде көрінеді. Мысалы, ғалым Л. Нұржекеева өз еңбегінде метонимияға мынадай анықтама береді: «Мәндік, мекендік, мезгілдік, мөлшерлік, түр-түстік жағынан бір-біріне бүтіндей немесе бөлшектей жақындығы бар екі заттың, иә құбылыс бөлшегі орнына бүтінін, бүтін орнына бөлшегін алмастырып айтуды метонимия дейді» [121, 19 б.]. Екі нәрсенің алмастырып, бірінің орнына екіншісі айтылып, бірі арқылы екіншісін ұқтырудың түрі көп. Мысалы, «Мен екі аяқ іштім» – (асының орнына ыдысын), осы сияқты Шәкәрім өлеңдерінде:

Амандаса келісіп,  
Бір бағыланды сойғызар.  
Кел деп аяқ берісіп,  
Қымызға әбден тойғызар [115, 89 б.].

«Аяқ» – сөзі ыдыс, кесе деген сөздердің орнына алмастырылып қолданылған. Осындағы кейіпкердің бейнесі ауыл-ауылды кезетін қыдырымпаз ретінде көрініс тапқан. Тағы бір мысал:

Ақселеу мініп,  
Қылаңнан киіп...  
Қараған жанға көрінбей,  
Ізденіп жарды,  
Пида ғып жанды,  
Алыс деп ауыл еріндей,  
Айралы жолдас қасқа алып,  
Ақ көрген лашын бастанып [115, 27 б.].

Соны ойла, өзге қызық істі ойлама,  
Біреуге айла, біреуге күшті ойлама.  
Кеткен қайта келмейді кейісең де,  
Түнде көрген көлеңке түсті ойлама [115, 68 б.].

«Ақселеу» – аттың орнына түсін, киімнің орнына, матаны атап, алмастырып отыр. Өтіп кеткен құбылыстың орнына, «кеткен» сөзін шебер қолданып отыр. Осы мысалдар арқылы Шәкәрім метонимияның ерекше қасиеттерін ашып берген.

Бір момынның ұсталам түзу ісін,  
Жөңдейін деп ғаріптің жөн жұмысын.  
Ақтан безген ары жоқ өңкей залым,  
Ырылдатып жабады ит пен құсын [115, 68 б.].

Өмірдегі іс-әрекет, не әр түрлі бір-бірімен байланысты өмір құбылыстары қанша көп болса, алмастырып айтылатын нәрселер де соншама көп болуы мүмкін. Сол құбылыстардың бір адалдық, тазалық адам бойынан табылатын қасиеттер. Өлеңде «ақ» сөзімен алмастырылады. Ал, надандық, жамандыққа «қара» сөзі қолданылады. Жаңағы, «Ақтан безген ары жоқ залым» деген жолдан айқын көруге болады. Осы бағыттағы метонимиялық қолданыстар Шәкәрімде мол кездеседі. Шәкәрім поэзиясын осындай көркемдік қолданыстардың үлкен бақшасы деуге болады. Олар соншалықты жымдасып келетіні сол, алғаш оқып отырған адам оларды байқамайды. Ақындық шеберлік деген сол, жымдастырып, үйлестіріп жіберуінде. Сондықтан Шәкәрім шығармаларындағы қай шумақты алмаңыз әйтеуір бір көркемдік қолданыстың биік ретін байқайсыз. Біз метонимияға қатыстырып бірнеше шумақты мысалға алайық:

Адалға әлімізше аяңдадық,  
Арамға аяқ баспай шабандадық.  
Елемесең, есіңе енбейді ақыл,  
Ескерсең, осы сөзім сендерге анық [115, 35 б.].

Өсімді, ең күшті адамда тұр,  
Алдында жақсы да тұр, жаман да тұр.  
Өзгенің бәрі – жалғыз адам үшін,  
Жаралып, орны-орнымен ғалам да тұр [115, 98 б.].

Метонимияның мысалдарынан екі нәрсе бірінің орнына екіншісі алмастырылып (ауыстырылып) қолданғанда өмірдің сан алуан құбылыстарынан алынатындығы айқын көрінеді. Осындағы «адал», «арам», «жақсы», «жаман» орны ауыстырылып келіп тұрған метонимиялар. Жалпы, метонимиялар белгілі бір зат басқа сөздер мен ұғымдардың көмегі арқылы аталады. Оларды жақындастырытын белгілер немесе байланыстар сақталады. Метонимияның метафорадан айырмашылығы осында. Метонимияда ұғым туралы болжау белгілер немесе қосымша мағына арқылы беріледі. Бұл оның көркемдік құрал ретіндегі өзіндік ерекшелігі.

Шәкәрім поэзиясында мақал-мәтелдерге де көп орын берілген. Соның біразын атап өтейік: «Қашқан – жаудан құтылар» деген қане,

Надандықтан жиреніп, жылысалық», «Алтынды ер атқа тисе отқа жақ» деп, Өз бауырыңды өлтірген ер данасы», «Еңбекке шыда ебін тап та, «Сабырдың түбі – сары алтын», «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген, Ел бұзылса, момын бол қоңыр қойдан», «Орынсызды істеуге өлгенше ұял, «Ұят күшті өлімнен» – дегендей-ақ», «Мін түзелмей түзелмес ел жұмысы, Деген жоқ па бұрынғы білімдісі», «Дерт жасырған ажалсыз өлер» деген, Қазақты оңдырмайтын осынысы», «Инемен көп құдық қаздым, Сырым, ойым, жайым сондай», «Ақ иіліп сынбақ жоқ» – деген рас, Нәпсі өлсе өзімшіл, бұған кім сенбейтін».

Шәкәрім жаңашылдық дегенде, қазақтың қасиетті сөз өнерінде бар жауһар теңеуден, аталы сөзден қашпаған. Ретін тауып өз поэзиясында мол қолданған. Соған бір дәлел, айғақ мысал жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдер. Сонымен қатар, Шәкәрім өз поэзиясында тұрақты тіркес, фразеологизмдерді шебер қолданған:

Адал десе тік тұрар төбе шашы,  
Жиған малы бәрі арам, ішкен асы.  
Қылып жүрген ісі анау, күші мынау,  
Ағайынға ұқсайды қай арасы [115, 82 б.].

Айта алмайсың дұрысын,  
Ала аяқ бәрің ұрысың.  
Жуанды сүйеп ел жеген,  
Басшыларың құрысын [115, 149 б.].

Шәкәрім поэзиясында оның адамдық позициясы әрқашан айқын. Ол – адамдық ар жолы. Қандай да қиын сәттерде Шәкәрім өзінің осы көзқарасынан айнымаған. Сол өзі өмір сүріп отырған шақта «ала аяқ бәрің ұрысың» деп айту үшін үлкен табандылық қажет.

Шәкәрім өзінің поэзиясында шендестіруді де көркемдік құрал ретінде шебер қолдан білген. Ақын лирикасында да шендестіруге мол орын берілген. Бұл жай ғана көркемдік тәсіл емес, бейнелеудің көркемдік құралы емес, қарама-қарсы ұғымдарды, құбылыстарды айқындаудың дүниетанымдық принципі. Осындай шендестіру үрдісі бойынша Шәкәрімнің көптеген лирикалық шығармаларының тақырыптары құрылған. Олар: «Ашу мен ынсап», «Анық пен танық», «Махаббат пен құмарлық», «Піскен мен шикі», «Бай мен кедей», «Жан мен дене Іәм көңіл», «Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп», «Күндегі таным күн мен түн», «Тәңірі мен жан». Көркем шығармадағы кез келген идеяның іргетасы тақырып болса, барлық көркемдік-эстетикалық, бейнелілік құралдар соның мозайкасын құрайды. Бұл негізгі әрі үлкен мәселе. Оны соңғы жылдары әдебиеттану оқулықтарында, зерттеу еңбектерінде жеке мәселе ретінде қарастыра

бастағаны сондықтан. Біз де осы жұмыстың алғашқы бір тарауында тақырып мәселесін қарастырдық. Көркемдік құрал шендестірудің өзі тақырыппен байланысты екеніне көзіміз жетіп отыр. Шәкәрім шығармаларындағы шендестіру тақырыптық-мазмұндық ерекшелігімен өзгешеленеді. Шендестірудің танымдық тобына жататындар: «Мейірімділік» – «зұлымдық», «жан» – «дене», «жастық» – «кәрілік», «қараңғылық» – «жарықтық», «қайғы» – «рахат», «тіршілік» – «өлім» т.б. Шәкәрім үшін шендестіруді бергенде екі жағы да көрініс табуы қажет. Шендестірілетін нәрсенің екі жағы тең болуы, бірінен-бірінің басым болмауына назар аударылады:

Дүниедегі қуаныш –  
Бір азғантай жұбаныш.  
Оның түбі бір налыс,  
Қайғы мен рахат тел еді [115, 252 б.].

Шәкәрім поэзиясында, оның ішінде лирикалық шығармаларында тілдік-бейнелік қолданыстардың соншалықты молдығы, оның терең мазмұнды, құрылымдық жағынан шебер қиюласқаны, бейнелік қуаты сөз жоқ ақындық қуатының көрінісі. Тақырыптың мәні туралы ғалым О.А. Федотов: «...тема есть проблема, явление или предмет, отобранный, осмысленный, домысленный и воспроизведенный определенными художественными средствами; часть действительности или ее аналог, уже преобразованные в перл создания» [110, 43 б.] /«таңқалған, ой елегінен өткен және белгілі бір көркемдік құралдар арқылы бейнеленген, құбылыс немесе ығы, тақырыптың өзі мәселе, шындықтың бөлігі немесе оның аналогы, қайта бейнеленген туынды»/десе, ғалым Л.Н. Крупчанованың жалпы редакциялығымен жарық көрген «Введение в литературоведение» атты оқулықта: «...предметом познания в литературе становятся «вечные темы». Это комплекс значимых для человечества во все эпохи и во всех литературных явлениях – темы жизни и смерти, света и тьмы, любви, свободы, долга и т.д.» /«...эдебиетте танымның пәні «мәңгілік тақырыптар». Бұлар адамзат үшін әр дәуірде және барлық әдеби құбылыстарда маңызды кешенді мәселелер – өмір мен өлім, жарық пен түнек, махаббат, еркіндік, парыз т.б.»/ [122, 170 б.]. Шәкәрім лирикасында бейнеленген «мәңгілік» тақырыптың бірі – өмір тақырыбы. Өнердің барлық жанрында өмір мәңгілік тақырып. Оған әр суреткер өз талабымен келеді. Біреу өмірді бақыт деп қабылдаса, енді бірі оны қайғы деп қабылдайды. Ол тұлғаның таным өлшеміне, адамдық қасиетіне тағы басқа көптеген факторларға қатысты. Шәкәрім қазақ ақындарының ішінде өмірге поэзияда шешімтал жауап берген ақыл:

Үш-ақ түрлі өмір бар, – бәрі де мас,  
Бір рәуішті болады шал менен жас.  
Ең керекті дегенің ортаншы өмір,  
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.

Шәкәрім бірнеше өлеңінде осы ортаншы өмірге ерекше назар аударады. Сол ортаншы өмір «жанталастың» астында қалып қоймасын деген ой айтады.

Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,  
Өкініші қалмайды кетсе ағатың.  
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,  
Қалсын десең артыңа адам атың.

Өмірдің басы бала, ортасы адам,  
Қартайып шал болған соң кетті шамаң.  
Мақтап жүрген өмірің осы болса,  
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам [115, 93 б.].

Мәңгілік тақырып туралы лирикалық шығармада Шәкәрім осылай жауап береді. Өмірдің өзіне сынмен қараған. Басы бала дейді, қартайған соң да істерің шамалы, ал нағыз өмір ортаншы өмір дейді Шәкәрім. Бұл – өмір туралы метафоралық толғам. Шәкәрім өмірге қатысты түрлі метафоралық қолданыс жасаған. Мысалы: «ку өмір», «су өмір», «у өмір», т.б.

Шәкәрімнің көркемдік-эстетикалық қуатына тән астарлы бейнелеудің бір түрі – кейіптеу. Ақын лирикасында жансыз, не абстрактілі заттарды, құбылыстарды тірі жануарлар мен мақұлықтардың қасиеттерімен сөйлету, ойлату, сезіндіру ерекше қолданыс тапқан. Кейіптеуге қатысты мысалдарды ақынның «Ашу мен ынсап» және «Көңіл» өлеңдерінен байқаймыз. Бұл өлеңдердің «кейіпкерлері» абстрактілі ұғымдар, нақтылап айтсақ кейіптелген адам мінездерінің сипаттары: «ашу», «ынсап», «ой», «еріншек», «сабыр», «қайғы», «көңіл», т.б. Сондай-ақ, «Көңіл» деп тақырып қойып, «Басында жас бала едің сен...» деп басталатын өлеңі ақынның тұтас сол көңілге жан бітіріп, әңгімені лирикалық кейіпкер сол көңілге қаратып айтады:

Басында жас бала едің сен,  
Ойың бұзылмаған, көңіл!  
Періштеден таза едің сен,  
Қиянат қылмаған көңіл!

Ата-анаң, махаббатың,  
Бояусыз нұр, кәрәмәтің.  
Жоғары ғарыштан затың,  
Анық шын бұл маған, көңіл! [115, 197 б.].

Ақын көңілдің өзін үлкен танымдық ұғым биігіне көтерген. Шәкәрім лирикалық шығармаларында антропологиялық ұғымдарға ерекше мән береді.

Шәкәрімнің лирикалық шығармалары, жалпы поэзиясы, тіпті тұтас шығармалары мен еңбектері қазақ халқының, қала берді адамзаттың тұтас рухани байлығы. Осыншама құнды дүние кер кеткен заманда қара түнекте ұсталды. Алаш арыстарының ардақты есімдері еліміз тәуелсіздік алған жылдары халқымен қайта қауышты. Сол қиын жылдары данышпан тұлғаның шығармаларының жоғалып кетпеуін қадағалап, оған қиын-қыстау заманда өмірін арнаған Шәкәрімұлы Ахат ақсақал болатын. Ол өзінің «Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім» деген естелігінде сол қиын жылдарды тарата жазып, әкесінің бірінші биографы, әрі рухани дүниесін сақтаушы болды. Осы естелігінде әкесі Шәкәрімнің шығармашылық күйінен хабар беретін сәттер көп, соның бірін келтіріп өтейік: «Жазғұтыры отаулар малмен бауырға көшіп кеткенде әкей мен шешелерім, жас балалармен қорада қалатынбыз. Әкей екеуміз тауға шығатынбыз. Таудың басында отырып, әкей өлең жазып қайтатын. Бір күні «Үштас» деген таудың жотасына шығып отырдық. Құз жартас, ағып жатқан өзен, тоғай, тоғайда сайраған бұлбұл, байғыз, үкі, көкек, сарала қаз дауыстары, таулар жаңғырығы, баулы сайдың жұпар иістері, бәрі адамның ойына-бойына тәтті сезім жүгірткендей әсер беретін көріністер. Әкей жазу жазып отырады. Мен өзенге барып, жуындым. Әлден уақытта қайттық. Жолда әкей дыбыстап, бір сарынды әуез айтып келе жатты. Үйге келдік. Әкей домбыра тартып отырды. Шай ішіп отырғанда әкей айтты: «Балам! Бүгін олжалы қайттық. Мен жаңа ән шығардым. Ол әнді жаратылыстың әнінен, бағанағы сайраған бұлбұл, шақырған көкек, таңдайын қаққан үкі, оларға қосылған таулар жаңғырығы, гүрілдеп аққан өзен дауыстары, осылар қосылғанда жаңалықтың әні болып шықпай ма?», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» – деген өлеңін жазып, әнін де шығарғанын айтып, маған үйретті», – дейді [123, 215 б.]. Байқағанымыздай, Шәкәрім өлең жазған қайсыбір сәттерінде оның әні қатар туған сәттері де болған. Ақындық шабыттың қуаттылығы, даралық стилдің өзгешелігі осы естеліктен-ақ байқалып тұр.

Шәкәрім қазақ өлең құрылысына да жаңалық әкелген ақын. Жоғарыдағы әні мен сөзі қатар дүниеге келген лирикалық шығарма

сондай туынды. Бұл бес шумақтан тұратын өлең. Әр шумағы он алты тармақтан тұрады. Ерекшелігі де сонда. Біз осы өлеңнің бір шумағын келтірейік:

Бұл ән  
Бұрынғы әннен өзгерек,  
Бұған  
Ұйқасты өлең сөз керек  
Өзіне орайлы.

Денең  
Жан нұрлы болса жөнделмек,  
Өлең  
Әнге өлшеп айтса өңделмек,  
Ұйқасса қолайлы.

Шәкәрім осы өлеңінде қазақ поэзиясында бұрын кездеспеген құрылымдық жағынан жаңа өлшемдер әкелді. Ол өлшемдер өлеңдегі айтылар оймен терең қабысуымен де ерекшеленеді. Шәкәрім түр кумаған. Сол түрді мәнге қызмет етуге пайдаланған.

Ән – өлшеуіш,  
Өлең – күміс,  
Қоспаңыз мыс  
Аралас [115, 189 б.].

Артық алу,  
Не кем салу,  
Қарпі қалу  
Жарамас. [115, 190 б.].

Әуенін оқырман бірден сезеді. Бұрын байқалмаған әуен. Жаңалығы оның тармақтарының күрделілігінен де байқалады. Бұл қазақ поэзиясының өрістілігін байқатады. Тынысының тарылмай, құлашын кең алып самғайтының көрсетеді. Шәкәрім өлеңдерінің құрылысын жан-жақты зерттеген Айгүл Үсенова осы өлеңді талдай келіп, мынадай пікір айтады: «Аралас ұйқастың, яғни әртүрлі ұйқастардың араласа келуінен жасалған күрделі, құрылымы қазақ өлеңіне Абайдың «Сегіз аяғындай» жаңалық, қомақты олжа болған өлең «Бұл ән». Бұл өлеңнің жалпы үйлесімін жасауға шалыс ұйқас қатысады. Ол сегіз тармақты бір шумақтың сегіз шумағы абаб ретімен шалыса үйлеседі» [7, 78 б.].

Шәкәрім поэзиясының тіліне деген құштарлық ерекше екенін атап айтқымыз келеді. Көптеген зерттеу мақалаларды айтпағанда, дәл



осы «Шәкәрім поэзиясының тілі» деген атпен 2008 жылы жарық көрген Бағдан Момынованың еңбегін айтсақ та жеткілікті. Ғалым өзінің ғылыми еңбегінің алғы сөзінде мынадай пікір айтады: «Қазақ әдеби тілінің тарихындағы ұлттық жазба әдеби тілдің позициясын нығайтқан Дулат пен жазба әдеби тілдің іргетасын қалаушы Абай қалыптастырған жазба дәстүрді ілгерлетуші Шәкәрім Құдайбердіұлы – тілдік тұлға. Шәкәрім тілін зерттеудегі мақсат – ойшыл ақынды қазақ әдеби тіліндегі жазба дәстүрді алға апарып, әдеби тілдегі функционалды стильдік тармақтарды дамытып, әдеби тіл нормаларының қалыптануына атсалысқан шығармашылық иесі ретінде және өзіндік идиостилі бар тілдік тұлға ретінде тану және таныту» [124, 3 б.]. Шындығында Абайдың ақындық мектебінің ірі өкілі Шәкәрім дәстүрді жалғастырушы ғана емес, оны дамыта жалғастырушы. Ол әсіресе осы поэтикалық тілдің бір көрінісі көріктеу құралдарын пайдалануынан байқалады. Біз оған жоғарғы тарауларда арнайы тоқталдық.

Шәкәрім суреткер ретінде Абайдың поэтикалық мектебінің өкілі, дамыта жалғастырушы ақын. Шәкәрім тіліндегі бейнелеуіш құралдар, мысалы: гауһардай көзі, жүзі бар айдай, мінезі майдай, дариядай мол ақыл, жыландай сусылдау, қасықтай қар, тобықтай тоң, мінсіз бақ, сансыз дәулет, көз тойып, көңіл толу, көз алартып, күресін адырайту сияқты көркемдік теңеу, эпитет тағы басқалар көркемдік тіл қуатының хакім Абайдың бастау алған көркем поэтикалық тілді жетік меңгергендігін, өз поэзиясының керек жеріне, өрнектетулеріне дәл де шебер пайдаланғандығын көреміз. Шәкәрім Абайдың ақындық мектебінің өкілі ретінде ол сияқты бейнелерді сомдағанымен, ақын өзінше даралық стильмен келіп теңеу, шендестіру арқылы беруімен ерекшеленеді, күтпеген өзіндік тың қолданыстар пайдаланғанын байқаймыз. Мысалы, Шәкәрімде өлең – әскер, ән – өлшеуіш, ашу – келіншек, ынсап – кәрі адам, өлең – күміс, қағазы – жолдасы – қаламы – сырласы, сөз сөйлеу – ер қосу, арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат, жан – нәпсі, шатақ – иман, дін – қиянат тәрізді мысалдар ақынның бейнелік қуатының, көркемдік тың ізденістерінің және даралық стилінің нәтижесі. Шәкәрім тілінде жұмсалған тілдік қолданыстар сонылығы жағынан да, саны жағынан да бұрынғылардан өзгеше, жалпыхалықтық тілде қалыптасқандары да, өзі жасаған авторлық түрлері де бар. Мысалы, Шәкәрім өмір, тіршілік дегенді тұрақсыз дүние (тұрақсыз шыр айналған дүние), «дүниені сұм, алдамшы» деп жазады, жалған дүние (қайғы көрсем: «дүниенің жалғандығы, – дедім – алдап, мінеки алғандығы»), сұм дүние («мен де соққы жедім – деп – сұм дүниеден»); өмірді «тұрағы жоқ, алдамшы, су өмір, ия, көлеңке, яки түс өмір, у өмір», дүние – алдамшы, өмір – қу

деп суреттесе, бұларды ақын өзіне дейінгі қазақ сөз өнеріндегі әдеби дәстүрден алған. Шәкәрімнің көркем тіл кестесіндегі ерекшеліктің бірі - авторлық даралық стиль қолданыстары. Мысалы, ақиқатты тану үшін қажетті ұғым ретінде танымдық ұғымды Абай жүректің көзі десе, Шәкәрім көңілдің көзі деп өзінше метафоралық қолданыспен келеді. Сол сияқты балалық, «тазалықты – жүректің ақ нұры сөну, ақылды – өлшеусіз жарық нұр, өкінішті – жүрегін өрт шалу, қуанышты – көңіліне гүлдің нұры орнау, ойқұмарлықты – ақылдың шолғыншысы, туу, өлуді – тағдырдың шын қазасы» деп суреттеп, атауын біз қазақ көркем тіліндегі ақынның айқын даралық стилінің көрінісі дейміз.

Шәкәрім түрлі тілдік көркемдік құралдарды мейлінше шеберлікпен қолдана біледі. Аллитерация мен ассонанс сияқты бейнелік құралдарды лирикада үнді болып шығуы үшін ғана емес, белгілі бір мақсатпен де қолданылады, олар экспрессивтік жүк арқалап тұруы мүмкін. Шәкәрімде аллитерациямен де, ассонанспен де келген өлең жолдары аса мол. Оған мына төмендегі мысалдар айқын дәлел бола алады:

Ащы деп алмай қоймаңыз,  
Аңсағанда, керек су.  
Абайлап артын ойлаңыз,  
Алды ғой алдап өңкей қу [115, 91 б.].

Немесе,

Ел саңырау, надан ғой,  
Естіле ме құр айғай,  
Емделмеген адам ғой,  
Ем бола ма құр ойбай [115, 55 б.].

Ақын Шәкәрім мағынасы жағынан бір-бірімен үйлеспейтін сөздерді тіркестіріп, көбінесе поэтикалық мағына үстейді. Мысалы, одан барып қуатты эпитет пайда болған: ақ жүрек, жаралы ой, улы жүрек, ноқтасыз ой, долы тіл, толқынды көңіл, өлген көңіл тағы басқа осыны байқатады.

Талапқа ноқта тағу «Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды, Бабын таппай мінгенді қылар жынды. Ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық – талапқа алты түрлі ноқта тақтық», айла жамылу «Ар кетіп, айла жамылдым», ғылымнан жалаңаш болу «бұтасыз біткен шоқыдай, ғылымнан едім жалаңаш», ноқтасыз ой, бояулы дін «ноқтасыз оймен тексердім, бояулы діннен сескендім», ұяттан жүген ұстау «Ынсап, рақым, ұяттан жүген ұстап, өзіміз ең түбінде қайда бардық», өлеңнің жесір болуы «жиырма үш жасымда бұл өлең жазылған Басында

табылмай Өзіне лайық ән, мұңлы, күйсіз жесір боп жатыр еді, мінеки, ойланып өз әні табылған» сияқты бейнелердің поэтикалық тілді түрлендіре түскенін көреміз. Шәкәрім шығармашылығында мағынасында жағымсыз реңк бар сөздерді, әсіресе сөз таптарынан етістікті табиғатына сай жиі пайдаланатыны байқалады. Дыбыстардың үйлесімді келуі тіл ерекшелігінің көрінісі. Жоғарыда бірыңғай дауысты дыбыстар қайталанып келсе, Шәкәрімде сондай-ақ, бірыңғай дауыссыз дыбыстардың да қайталанып келуі көрініс береді:

Жанған оттай жалындап,  
Жайлауға қарай ел көшті.  
Жанбақ түгіл жабырқап,  
Жаралы жүрек қайта өшті [115, 88 б.].

Бұл қайталаулар Шәкәрім тіліндегі анафоралық құбылыс. Сонымен қатар, кейде жеке дыбыс емес, тұтас сөздің де қайталанып келетіні бар. Бұл сөздің әр тармақтың аяғында қайталанып келуін тілдік эпифора құбылысына жатқызады. Ақын осы жолдар арқылы өмірдің өзі мәңгілік көш екенін аңғартқан. Ол поэзияда сол сөздің мазмұнын күшейту үшін қолданылады. Соған назар аудартады. Мәселен:

Жасты көксеп кемпір мен шал арманда,  
Өсіп үлкен бола алмай бала арманда.  
Еркектей еркін өмір сүрмедік деп,  
Әйелдер де болады және арманда [115, 42 б.].

Мысалы қалжыңшыл, қалжыңбастарды суреттеген өлеңдерінде ыржақта, қылжақта, жыржақта, бұлғата, былқылда, жылпылда, арсылда, жырқылда, тырқылда сөздерін бір жерде шоғырлап келтіріп, олардың жағымсыз экспрессиясынан өткір бейнелер жасаған. Мысалы Шәкәрімнің «Шедірейіп, шекиіп...» деп басталатын өлеңінде аталған қоғам топтарының шедірейіп, шекиіп, кекиіп, секиіп, қылтақтап деп суреттейді:

Шедірейіп, шекиіп,  
Қасын керіп кекиіп.  
Қолдан пішін жасаған,  
Біреу келер секиіп.  
Шырт түкіріп, шынтақтап,  
Жүз құбылып, қылтақтап.  
Сұлуын-ай шіркіннің,  
Дегізбекші жұрт мақтап... [115, 100 б.].

Шәкәрім шығармашылығының негізгі нысаны – адам, оның ішкі жан дүниесі. Ал, сыртқы пішінін бояп, сұлу атанғысы келген ойсызды Шәкәрім қашан да сынаған. Ақын көңіл, ой, жүрек деген сөздерді адамның символы етіп алып, оларға «жан бітіріп», көп өлеңдерін соларға қарата айтады. Сондықтан бұлар қаратпа сөздер болып келеді. Мысалы, «Шошыма, ойым, шошыма» өлеңінде:

Шошыма, ойым, шошыма,  
Келмейді жындар қасыма.  
Таһаратты жоқ сайтан  
Жоламас менің қасыма.  
Қажыма, ойым, қажыма,  
Қарама тозған жасыма,  
Адаспасаң ақ жолдан,  
Қонады бақыт басыңа.  
Билет бәрін сабырға,  
Кірме ажалсыз қабырға,  
Сырласатын күн туар  
Жан қияр жақын тамырға [115, 172 б.].

Шәкәрім «ойдың» жанды екенін поэзияда еркін көрсеткен ақын. Ойды осылайша бейнелеп, онымен сырласуы ақынның өзіндік сөз саптауының көрсеткіші. Дана ақын «Көңіл» өлеңінде:

Басында жас бала едің сен,  
Ойың бұзылмаған, көңіл!  
Періштеден таза едің сен.  
Қиянат қылмаған, көңіл!  
Ата-анаң махаббатың –  
Бояусыз нұр, кәрәматың.  
Жоғары ғарыштан затың.  
Анық шын маған, көңіл, – [115, 197 б.].

дей келе, балалықты ұрлаған көңіл, асығыс зырлаған көңіл, боялып, сырлаған көңіл, тереңге зымдаған көңіл, дұрыс деп тыңдаған көңіл, ауыспай тұрмаған көңіл, бозторғай шырлаған көңіл, бұлбұлдай жырлаған көңіл, мойны сынбаған көңіл деп суреттейді. Суреткер тілінен қарақаттай көз, қанжардай қас, уыздай келіншек тәрізді халықтық қолданыстағы дағдылы теңеулермен бірге, ақын шындықтан өрбіген, тыңнан табылған «қасы – жай, кірпігі – оқ реттес», «еркектей еркін өмір», «шиқанымды езгендей шықты жаным» деп сөздерді құбылтып шығара қояды. Сондай-ақ, табиғат тынысын адамның ішкі сезім

дүниесімен астастыра суреттеуге егіздеу тәсілін қолданған. Мысалы: «Сен біреудің ғайыбын ашпа, Түн сықылды перде тарт. Күн сықылды аша берме, Жер жүзінің әр сырын. Кісі бағын деме бағым, Өз дененді нұрлы қыл. Ай сықылды болма жарық, Қарыз алып күн нұрын. Күн сықылды көпке білдір». Шәкәрімнің поэтикалық тілінің қуаты оның метафоралық қолданысынан ерекше көрініс табады: жан – қожа, тән – терезе, дәлелсіз сөз – соққан жел, ойым – у, өмірім – су, үмітім – бу, мен бір – тілсіз көлікпін, оларға тал – шымылдық, шалғын – төсек, жүрек таразысы, жүректің тілі деген сияқты дара метафораларды орынды жерде дәл тауып, қолдана білген. Тұрақты тіркестер поэтикалық тілдің қуатын байқататын көркемдік элемент. Шәкәрім лирикасының тілінде қолданылған тұрақты сөз тіркестері көпшілігі жалпыхалықтық тілдік элементтер. Мысалы, Шәкәрім жұмсаған буыны құру, қас қараю, қабағынан қар жауу, көңілі басылу, үмітін үзбеу, көңілі толу, жүз құбылу, соққы жеу тәрізділер жылдар бойы қалыптасқан халықтың тұрақты тіркестер поэтикалық тілдің қазынасы болады. Ақын қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің кейбірінің мағынасын стиль қажетінен, суреттеп отырған оқиға, өмір құбылысына лайықтап, қосымша мағыналық реңк үстеп, жаңартып жұмсайды. Мысалы: Шәкәрім тілдегі «кірпік қағу» деген тұрақты тіркесті қабағыңды қаққанша қас болады деп, «сырты бүтін, іші түтін» деген тұрақты тіркестер «сырты сау, іші науқас елдің дені, сыртыңды сыланасың өң беріп, ішіңнің түзетпейсің қатасын» деп, ауызекі сөйлеу тіліндегі «етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда» мақалының мағынасы кеңейіп, қол тарлығы кезінде қымыз іш, ән сал, мас бол деген үлгіде жаңа мазмұнға ие болып тұр. Бұны тура мағынасында қабылдамау керек. Бұл сопылық поэзияның сарыны. Шәкәрім көбінесе қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді мағынасына жалғастыра өз ой түйдегін тұжырымдап тізіп, мақал мен мәтел тәріздес қанатты сөз тізбегін де жасайды. Мысалы:

Жылы-жылы сөз айтса,  
Жылан ішінен шығады  
Қатты сөзбен бет қайтса,  
Надан дінінен шығады – [115, 146 б.].

деген тұрақты тіркестің өлеңдегі қолданысында пайда болған бұл жердегі өзгерісі ақынның айтпақ идеясын дәл, әрі әсерлі етіп беру үрдісінен шыққан. Ақын шығармаларында сондай-ақ тәңір жолы, алла ісі, құдай қосса, құдай жолы, құдай кешеді, а құдай, тәңірінің алдында, аллаға тапсыру, алланың ақ өлімі, тәңірімбісің, тәңірінің таразысы, жаратқан жәрдем ету тәрізді халықтық тұрақты тіркестер

Шәкәрім лирикасында мол көрініс тапқан. Шәкәрім поэзиясындағы қайсібір тіркестерді, тіл қолданысын тура мағынасында қабылдамау керек. Олар да тұрақты тіркестер сияқты, басқа контексте терең таным үшін пайдаланылған. Шәкәрімнің поэзиялық тілінің тағы бір ерекшелігі осы. Мысалы, Шәкәрімнің «Арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат...» деп басталатын өлеңі немесе осы бағыттағы өлеңдері терең танымымен ерекшеленеді. Ол бірден байқалмайтын философиялық діни танымға меңзейді. Шәкәрім алғашқы жолдары арқылы ол ұғымдарды оқырманға анықтап береді. Яғни, арақ деп отырғаны, арақ емес екен, ол ақыл болып шығады, сол сияқты мастық дегені де мас болуды айтып тұрған жоқ, керісінше ойлану деген мағынада алынып отыр:

Арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат,  
Жан – нәпсі, шатақ – иман, дін – қиянат.  
Маскүнем, әйел сүйгіш, дінсіз ғой деп,  
Сырын білмей сыртымнан қылма ғайбат [115, 262 б.].

Шәкәрім өз ойын осылай астарлап жеткізеді. Ішкі мазмұны, сыртқы формасы, тілдік өрнегі үндесе келіп ерекше лирикалық өрнекпен өз ойын жеткізеді. Ал осындағы сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуын, метафоралық қолданыс деп айтуға болады. Барлық ұғым астарлы мағынасымен берілген. Шәкәрім өлеңдерінің тілдік қуаты бұрын қазақтың дәстүрлі өлеңінде кездеспейтін жаңа өлшемдермен өрнектегенінен де көрінеді.

Шәкәрім тілінде көрнектеп қолдану ерекше орын алады. Соның бірі бейнелік қолданыс – оксюморон. Бұл тәсілдің ерекшелігі сол біріне бірі қарама-қарсы ұғымдарды алып жаңа мағына үстей ой айту. Бір-біріне мағыналық жағынан үйлеспейтін сөздер қатар алынады:

Ойласам, олар – жанды өлік,  
Меңіреу, мисыз бір көлік.  
Осыдан жоқ өңгелік –  
Адаммын деп жүреді [115, 246 б.].

Адамдардың мағынасыз, мақсатсыз өмір сүруін осылай бейнелейді. Адам осы өмірде бар, сонымен қатар жоқ десе де болады. Өйткені, істен азған, тамақ ішіп, ұйықтап еш мақсатсыз, пайдасыз өмір сүретіндердің қатал бейнесін жасаған. «Жанды өлік» деген мағыналық жағынан сәйкес келмейтін сөздердің сәйкес келуі, бұл да көркемдік шешімнің көрініс табуы. Ақын өз өлеңінде «Ас ішіп, аяқ босатарды сынаған». Шәкәрімнің жоғарыдағы оксюмороны шендестіру арқылы жасалса, енді бірде осы тәсіл метонимиялық болып келетін сәті де бар:

Мисыз құлақ тыңдаса,  
Мылжыңдаған бұл бір жыр.  
Ақылға салып шыңдаса,  
Ашылды міне анық сыр [115, 115 б.].

Осы өлең жолдарындағы «мисыз құлақ» қазақтың дәстүрлі танымына салсақ жетесіздер. Тыңдауы тыңдайды, бірақ қабылдамайды. «Бір құлағынан кірсе екінші құлағынан шығып кетеді». Ақын осындай болудан сақтандырады. Ақылға салуға шақырады. Шәкәрім тіліндегі ең бір арналы бағыт ол сопылық сарын. Ол поэтикалық тәсіл ретінде пайдаланылады. Мысалы:

Уайым жоқ, табылды арман,  
Түсіп сәуле асық Жардан.  
Көтерді пердесін әбден,  
Қызыл гүлім ашылған шақ [115, 212 б.].

Бір қарағанда, махаббат лирикасы сияқты болғанымен, бұнда терең астар бар. Шындығында, Жар дегеніміз Жаратушы деп, қызыл гүлдің ашылуын жүрек көзінің ашылуы деп қабылдауға болады. Дегенмен әйелдің жүзінде Жаратушының нұры бар дегенді ескерсек, сопылық сарынды лирикада сезімге орын жоқ деп айта алмасақ керек. Шәкәрім поэзиясында сынға ерекше орын берілген. Ол оның тілдік қолданысында да көрініс тапқан. Ақынның «Елге көнсем, ақ жолдан адасамын...» деген өлеңінің тілдік жағына назар аударайық:

Елге көнсем ақ жолдан адасамын,  
Көнбей жүрсем, көп итпен таласамын.  
Тек отырсам, тепкілеп шыдатпайды,  
Енді қайтып бұл елмен жарасамын [115, 68 б.].

Осы өлеңіндегі ел қамын ойламайтын басшы әкімдердің бейнесін сипаттауға жағымсыз мағынадағы сын есімдерді қолданады (залым, арам, қу, сұм, алдампаз). Осы өлеңдегі «көп итпен таласамын», «тепкілеп шыдатпау» тағы басқа шумақтарындағы етістіктік қолданыстар ауыспалы мағынасымен эмоциялық әсер береді. Шәкәрім лирикасында оқырман назарын өзіне аудару үшін түрлі тілдік тәсілдерді қолданады. Мысалы, ақын «Ескі ақындық» деген өлеңінде «ұландар» деген қаратпа сөз ерекше роль атқарып тұр:

Мұны оқыған ұландар,  
Үмбетей жырын сынаңдар.  
Байқап оқып әрбірін,

Ақылға салып бар сырын,  
Не деп отыр, – көр түрін,  
Абылайдың алдына,  
Салып отыр көрдің бе,  
Басынан кешкен тағдырын.  
Сыртын ұқпа, мұны аңғар! [115, 140 б.].

Өлеңнің кімге арналғаны бірден анықталған. Ұландарға. Неге, өйткені олар болашақ. Сонымен қатар, аңғармай қалу қаупі бар. Шәкәрімнің осы өлеңінің негізгі идеясы ескі ақындықтың таным тереңдігі, поэзиялық қуаты сияқты жақсы ерекшеліктеріне назар аударту. Ескі ақындықтың қуатын мынадай теңеулермен береді: «Жел сағымдай құбылып», «Арыстандай арқырап», «Тәтті сөзі балдай боп», «Жұлдыздай ағар сызылып», «Атылған оқтай аққанын». Ескі ақындықтың қуатын бейнелі етістіктерді пайдалану арқылы да көрсеткен: «Бұлдыр қағып», «арындап», «солқылдатып», «зырқырап», «бұлдырап», «қарғып», «жиілеу басып», «жыбырлап», «күрілдеп», «сарқырап». Шәкәрім осы өлеңі арқылы қазақтың дәстүрлі поэзиясына ерекше баға берген. Шәкәрім өлеңдеріндегі тағы бір ерекшелік қарсы мәндес сөздерді мол қолданған. Оның себебі, ақынның көп өлеңдері жанрлық табиғаты жағынан философиялық лирикаға жатады. Тіпті көптеген өлеңдерінің тақырыбы да қарама-қарсы мағыналы сөздермен берілген. Мысалы: «Мақтау мен сөгіс», «Бай мен кедей», «Піскен мен шикі», «Ашу мен ынсап», «Анық пен танық», «Талап пен ақыл», «Қаншыр мен бөдене» тағы басқа өлеңдерінің тақырыбы осыны байқатады. Шәкәрім қарама-қарсы мәндес сөздерді бере отырып терең танымға барады. Басқаша айтқанда, әрбір тілдік жаңалық өзімен бірге жаңа ой әкеледі:

Бағасы бір халқыма,  
Жабағы мен мамықтың.  
Нанбайды рас антыма,  
Қадыры мол танықтың.  
Айырмайды арасын,  
Бұлдыр менен анықтың.  
Енді қайда барасың,  
Түрі мынау халықтың [115, 51 б.].

Осындағы жабағы мен мамықтың, немесе, бұлдыр менен анықтың деген қарама-қарсы берілген сөздер, сонымен қатар шендестіру де болып келеді. Ақынның поэтикалық тілінің бояуы аса реңкті болып



келеді. Өзгеше тілмен көркем өрнек құрады. Ақынның «Қабағынан қар жауған...» деп басталатын өлеңінде көркем қолданыстар ерекше бейнелілігімен көрініс тапқан:

Күн нұрымен көгеріп,  
Жауқазын шықты жыбырлап.  
Жер жүзіне өң беріп,  
Қызыл гүл бітті албырап [115, 88 б.].

Осы өлеңдегі ұйқастардың өзі мағыналық жағынан да үндестікте болады. Мысалы қыбырлап пен жыбырлап үндессе, жалбырап пен албырап тағы бір оралымда үндесіп жатады. Шәкәрімнің көркем тілі, басқаша айтқанда поэтикалық тіліндегі тілдік қолданыстар көркемдік-эстетикалық құрылымның бөлшегіне айналады. Ақынның даралық стилін айшықтайды. Яғни, ақынның поэтикалық тілі поэзияның негізгі тірегі.

Шәкәрім поэзиясының тілдік ерекшелігін айтқанда ең алдымен Абай дәстүрін жалғастырушы ретінде қабылданады. Ол өлең сөздің құрылымдық түрін түрлендіру арқылы қазақ тілінің көркемдігін дамытқан. Бұл туралы тілші ғалымда да өз ойларын ортаға сала бастады. Тілші ғалым Қаныш Бибеков «Шәкәрімнің поэтикалық тілі» деген зерттеуінде біздің пікірмізді нақтылай түседі: «Шәкәрім Абай дәстүрінің көрнекті өкілі болумен бірге, тынымсыз шығармашылық ізденістер нәтижесінде туған өзіндік идеостилі барынша айқын болып келеді. Поэтикалық тілді талдауда образ жасау мәселесі басты орын алады. Шәкәрім поэтикалық образ жасауда тілдік құралдарды көркемдік-стильдік мақсатқа сай жұмылдырып, эстетикалық бүтінге айналдыра білген. Кез-келген суреткердің өзі өмір сүріп отырған заман, көркемдік дәстүр ықпалында болатыны сөзсіз. Дәстүрдің өзі жалғастық пен жаңалық ұғымын қамтиды. Шәкәрім де өзіне дейінгі ақындық-жыраулық дәстүрдің озығын алып, тозығын қалдырып отырған. Шәкәрім Абай қалыптастырған тілдік дәстүрдің жалғастырушысы дегенде, көркем әдебиет тіліне тың жаңалықтар енгізіп дамытқанын да айта кетуіміз керек» [125, 903 б.]. Шәкәрімнің поэтикалық тілінің көрінісі ретінде көріктеу құралдарының орны ерекше. Біз соларға арнайы тоқталып, осы тарауда жан-жақты талдауымыз сондықтан. Сондай-ақ, Шәкәрімнің тілдік қолданысының тағы бір ерекшелігі бейне жасаудағы ерекшелігі. Шәкәрім поэзиясының тілінің қуаттылығының байқататын экспрессиясы қуатты, тұрақты тіркестер мен фразеологиялық тіркестердің де мол қолданылғанының зерттеу барысында куәсі болдық. Шәкәрім лирикасының тілдік-бейнелілік саласы өзінің көркемдігімен ерекшеленеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің даму сипатын шынайы зерттеуде жеке шығармашылық тұлғалардың алатын орны ерекше. Шәкәрім лирикасы даралық стилімен, көркемдік-эстетикалық, танымдық-идеялық қуатымен қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерді деп айта аламыз. Шәкәрім шығармашылығының, оның ішінде лирикасының дараланып тұратын өзіне тән бір ерекшелігі – тілдік бейнелілігінде, адам мен қоғам өміріндегі сөз өнерінің орны, жалпы идеялық биіктігі, ар ілімін көтере білуінде деп түсінеміз. Шәкәрім өзіне дейінгі сөз зергерлерімен ұлы Абай дәстүрін шығармашылығымен ілгері дамытқан жаңашыл ақын. Қазақ әдебиетіне Шәкәрім шығармалары арқылы тұңғыш рет рухани-діни және қоғамдық-философиялық ұғымдар лирикада ерекше көрініс тапты. Ақын өмір сүрген кезең бір ғасырдың екінші ғасырға алмасуына, қоғамдық жүйенің аласапыранына дөп келді. Бұл кезеңде қазақ халқының өмірінде ірі-ірі тарихи оқиғалар, қоғамдық қарым-қатынаста әлеуметтік өзгерістер әкелген уақыт екені тарихтан белгілі. Қазақ даласындағы сол бір тарихи-қоғамдық мезгіл қазақ халқының рухани өміріне де әсерін тигізбей қойған жоқ. Міне, осы әлеуметтік өзгерістер мен рухани серпіліс Шәкәрім шығармашылығына әсер еткен негізгі факторлар еді. Ақын өлеңдерінде, көбіне, өзі өмір сүрген заманы мен қоғамы тұрғысында ой өрнектейді. Қарапайым адамдарға жоғарыдағылардың көрсеткен зорлық-зомбылығы, әділетсіздік, өмірдегі келеңсіз құбылыстарды шебер, көркем, астарлы оймен жеткізе білген.

Адам болмысы мен оның әлемге қатынасының жалпы негізі – өзін-өзі тануы. Осы арқылы біз ақынның лирикалық шығармаларынан ішкі жан тазалығын, рухани ілімнің қайнар көзін аңғарамыз. Шәкәрімнің даналық ой-толғамдары, ар ілімі бүгінгі біз өмір сүріп отырған заманда адамның жан дүниесіне, оның адамдық болмысы мен мәніне бетбұрыс жасауда бізге ауадай қажет. Ар ілімін болашақ адамзат қоғамын дамытудағы ерекшелігі мен қажеттілігін зерттеу, маңызды мәселе. Сонымен, Шәкәрімнің лирикасы көркемдік-жанрлық, эстетикалық қуаты ерекше қазақ әдебиетінің, жалпы халық мәдениетінен ерекше орын алатын ұлттық құндылық деп айта аламыз. Қазақ лирикасына Шәкәрім философиялық таным, эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелді.

Ғылыми еңбектің бірінші тарауы «Шәкәрім лирикасының тақырыптық-жанрлық мәселесі» деп аталып, ол бөлімнің екі тарауында «Ақын өлеңдерінің идеялық-тақырыптық ерекшелігі» мен «Ақын өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі» қарастырылды. Идея

көркем шығарма үшін аса маңызды көркемдік фактор ретінде жан-жақты сараланды. Шәкәрімнің лирикасындағы ең басты идея, негізгі тақырып – адамдық тақырыбы, адамгершілік мұраты. Шәкәрім адам баласын бөліп қарамаған. Сондықтан болар ақынның лирикалық шығармаларында адамдық қасиет негізгі алтын желінің бірі ретінде көптеген адам бойындағы жақсы қасиеттермен өріліп отырады. Сонымен қатар, адам бойындағы кемшілік атаулыға, әсіресе нәпсінің тойымсыздығымен күрес ақын лирикасында айқын көрініс тапқан. Шәкәрім лирикасындағы тағы бір негізгі идея – халқыңа қызмет қылу негізгі алтын желі ретінде тұтас шығармашылықта көрініс тапқан.

Шәкәрім лирикасындағы тақырып мәселесі өте өзекті мәселе деп айта аламыз. Ең алдымен Шәкәрім «мәңгілік тақырыптарға» ден қойған. Ол қандай мәңгілік тақырыптар десек, жақсылық пен жамандық, болмыс пен дүние, жаратушы мен жаратылыс т.б. ақын лирикасында өріліп келіп отырады. Шәкәрімде имандылық ерекше тақырып. Оған арнайы цикл арнауы осыны байқатады. Ақынның осы өлеңге «Жастарға» деп тақырып қоюы кездейсоқтық емес. Қуатты насихат бар өлең жастарға арналған. Ал, сол жастардың үлгі алатын адамы Абай екені айқын көрініс тапқан. Жастар тұтас адамзаттың болашағы. Бүгінгі тәрбие ертеңнің жемісі екенін сезіну, оған деген жауапкершіліктен қашпау Шәкәрімнің адамдық кредосы.

Шәкәрім шығармашылығында лириканың орны ерекше екені алғашқы тараудағы оның идеялық-тақырыптық мәселесін қарастырғанда байқалды. Ақынның лирикасы молдығымен ғана емес, жанрлық жан-жақтылығымен де өзгеше даралық танытады. Суреткер лириканың барлық жанрлық түрінде қалам тартқан. Сондықтан Шәкәрімнің өлеңдері жанрлық-стильдік табиғаты жағынан жан-жақты болып келеді. Ақын қазақ поэзиясының жанрлық түрін дамыта жаңа бағыттар ашқан. Шәкәрім өлеңдерінің жанрлық түрлері атап айтсақ, мысалы табиғат лирикасы, махаббат лирикасы, әлеуметтік лирика, азаматтық лирика, сондай-ақ, философиялық лирика болып бөлінеді. Шәкәрім лирикасындағы негізгі арнасының бірі, оның философиялық лирикасы. Ақын философиялық лирикасында негізінен мына басым бағыттарға барған. Олар антропологиялық, болмыс, сопылық және жаралыс мәселесі. Әсіресе антропологиялық мәселелерге ден қойғанда адам болмысы философиялық лириканың негізгі объектісі болған. Мәселен, адам бойындағы қасиеттер мен мінездегі өзгерістер. Әлемнің жаралысы, ондағы тіршілік тағы басқалар Шәкәрім лирикасының тақырыптарына айналған.

Шәкәрімнің лирик ақын ретінде стилін қарастыру барысында Абай дәстүрін дамыта жалғастырған, өзіндік даралық стилі бар

суреткер ретіндегі болмысы жан-жақты қарастырылды. Ақынның даралық стильден классикалық стильге дейін көтерілуін нақты шығармаларды талқылау үстінде тануға тырыстық. Жалпы, суреткер стиліне көркемдік элементтердің барлығы кіреді деген ғылымда ұстаным бар. Бұл пікірдің жаны бар. Өйткені көркем шығарманы тұтас мәдени құндылық ретінде көрсететін ең қуатты көркемдік-эстетикалық элементтер стильді құрайды. Біз Шәкәрім стиліндегі таным биігі дегенде өлеңнің терең сырлы қуатын, энциклопедиялық масштабын айтып отырмыз.

Ғылыми зерттеудің екінші тарауы «Шәкәрім лирикасының көркемдік-бейнелілік мәселесі» деп аталып, ол тараудың екі тараушасында «Ақын өлеңдеріндегі лирикалық қаһарман» және «Ақын өлеңдерінің тілдік-бейнелілік ерекшелігі» қарастырылды. Шәкәрім лирикасындағы бейнелі сөздер жүйесінің, суреттеу, мәнерлеу құралдарының, сөз қолдану шеберлігінің, сөз саптау ерекшелігінің сұлулық әлемнің жұмбақ сырлары алабөтен, жаратылысы өзгеше.

Бұл тұрғыдан келгенде поэзиядағы ең арналы сала лирикада лирикалық қаһарман мәселесі бірінші болмағанымен негізгі проблеманың бірі ретінде саналады. Лирикалық қаһарман мен ақынның арақытысы, тұтас әдеби тұлғаның көрініс табуы қоғамдық-әлеуметтік қатынастар мен ақын болмысының, оның дүниеге көзқарасымен, көркемдік шеберлігімен ұштасады. Лирикалық шығармада ақын тұлғасы лирикалық тұлғамен бірігіп, адамзат қоғамындағы әлемнің түрлі көріністерімен астасып жатады. Бұл бағдарда ақынның көңіл-күйі өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның әлеуметтік-тарихи тағы басқа да хал-ахуалымен бірге көрініс табады. Шәкәрімнің өлеңдеріндегі лирикалық тұлға әлемдегі болып жатқан өзгерістерге бей-жай қарамайтын, адамзат баласының өмір салтында болып жатқан қоғамдық қатынастардан сырт қалмайтын ақынның ішкі толқынысымен қатынаста болатынын байқадық. Шәкәрімнің лирикасы жан-жақты зерттеуді қажет ететін үлкен мәдени-көркемдік құбылыс деп танимыз. Мысалы, Шәкәрімнің лирикалық тұлғасын бүкіл әлем және адамзат мәселесі толғандырады. Шәкәрім лирикасындағы дүние туралы, жаратушы туралы, Алла, Жар, Хақиқат туралы, адамның адамгершілік қасиеттері туралы толқыныстар лирикалық тұлғамен біте қайнасып, адресатқа жетіп жатады. Шәкәрімнің лирикалық шығармасындағы лирикалық тұлға халқымен бірге толқып, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді шыңдауға себепкер болады. Адамзат баласына қызмет қылуға шақырады. Лирикалық шығарма арқылы ақынның өз ішкі толқынысы, жан дүниесіндегі өзгерістері мен дүниеге деген көзқарасы айнадағыдай бейнеленіп, бедерленіп қағазға түсіп жатады. Ақынның толқынысынан,

жүрек түпкірінен шыққан лирика қашанда өзі өмір сүрген қоғамның түрлі қатынастарымен астасып көрінетіні мәлім. Лирикалық шығарма ақынның сол қоғамдағы қайшылықтарға деген көзқарасы, ішкі толқынысының көрінісі. Лирикалық тұлға, немесе лирикалық қаһарман ақын мен оқырман – адресат арасындағы байланысты жалғайтын, керек десеңіз біріктіретін феномен.

Сөз өнеріндегі көркемдік-бейнелілік оның ең қуатты эстетикалық құралы, талғам биігінің өлшемі. Басқаша айтқанда, суреткердің сұлулықты көре білуі, сезе білуімен қатар оны шебер бейнелеуіне, даралық өнер тұлғасы ретіндегі шеберлігіне келіп тіреледі. Суреткерлік шеберлік жоқ жерде көркемдік те жоқ. Шеберлік тұтас көркем шығармаға жан беретін негізгі фактор, суреткердің даралық стилінің көрінісі. Түрлі бейнелеуші құралдар арқылы бейнеленген, сөзбен салынған суреттерден сол суреткердің шеберлігін байқаймыз. Ол көркем шығармаға өң беріп, реңкін дамытып қана қоймайды, мазмұнын байытады. Көркем шығарманың ішінде, поэзияға қатысты айтқанда ойлау, түйсіну, сезіну, тану сияқты көркемдік-эстетикалық көру қуаттары кешенді түрде көрініс табады. Содан барып өлеңнің, яғни лирикалық шығарманың көркемдік-бейнелілік қуатының өрісі айқындалып, оның биік өнер ретіндегі табиғаты ашыла түседі. Шындығында поэзия келісті көркем бейненің, құнарлы сөздердің жан бітірер сұлулығы екенін талай данышпан айтқан. Поэзиядағы, әсіресе оның ішінде лирикадағы эстетикалық қабылдау ерекше қуатты. Сондықтан лирикада көркемдік дәстүр ерекше өміршең, түрленіп дамып отырады. Бейнелі сөз поэзияға да поэтикалық өрнек салуға мүмкіншілік береді. Шәкәрім лирикасының көркемдік-бейнелілік жүйесін жан-жақты қарастыру ғылыми мәселе екенін айтып, болашақ зерттеушілерге өріс ашып берген. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрім лирикасындағы көркемдік-бейнелілік мәселесін зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымындағы аса өзекті мәселелердің бірі деп тани отырып, талдадық. Шәкәрім поэзия әлемінде сезім күйін шертер, ой танымын тереңдетер ойшыл-сыршыл із қалдырған суреткер-ақын. Біз, суреткер көркемдік-бейнелеуші құралдарды неғұрлым көп, мол қолданса оның көркемдік-эстетикалық қуаты соғұрлым артады деген ойдан аулақпыз. Дегенмен өз орнында сәтті қолданған әрбір бейнелі сөз бояуын қанықтырып, мазмұнын арттырары сөзсіз. Сондықтан ақын қолданған көркемдік-бейнелілік құралдарды жүйелі түрде қарастыру диссертациялық жұмыстың ажырамас бөлігі болуы заңды құбылыс деп танимыз.

Қорыта келгенде, Шәкәрімнің лирикасындағы көркемдік пен бейнелілік, лирикалық тұлға, соның негізінде ұлттық таным мәселесін

зерттеу тек осы суреткер шығармаларын зерттеуде ғана емес, жалпы көркем шығармадағы көркемдік-эстетикалық ерекшелігін тануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Шәкәрімнің ақын ретіндегі өзіндік даралығын тануға, лирикасының көркемдік қуатын ашуға тілдік, бейнелілік мәселесі арқылы келуіміз өз нәтижесін берді. Ақынның лирикасы ұлттық әдебиетімізде өзіндік орны бар көркем шығармалар екенін зерттеу жұмысы ашып бере алды деген тұжырым жасай аламыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ахметов З. Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі. – 3-15 б. // Жинақта: «Шәкәрім оқулары». Ғылыми конференция жинағы. – Семей, 2002. – 350 б.
2. Сатпаева Ш.К. Шакарим Кудайбердиев. – Алматы: Ғылым, 1993. – 116 с.
3. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2001. – 56 б.
4. Кусакбаева Р. Проблема нравственности и нравственного совершенствования в творчестве Шакарима: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1994. – 27 с.
5. Ізтілеуова С. Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесі. Филол. ғыл. канд. ... дисс. жұмысының авторефераты. – Алматы, 2000. – 28 б.
6. Аюпова Г. Эпическое наследие Ш. Кудайбердиева в свете казахских литературных связей и традиций: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1997. – 27 с.
7. Үсенова А. Шәкәрім өлеңдерінің құрылысы. – Астана: «Фолиант», 2005. – 180 б.
8. Бейбытова К.Д. Эволюция Абаевских традиций казахской поэзии начала XX века: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1997. – 30 с.
9. Ахметова Ж. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі фольклорлық дәстүр (Ш. Кудайбердиев, С. Торайғыров шығармаларының негізінде): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1999. – 29 б.
10. Сейсекенова А.Б. Шәкәрім және Гете: поэзиядағы көркемдік пен таным үндестігі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2003. – 28 б.
11. Құрманбаева Қ. Шәкәрім поэмаларының тарихи және әдеби негізі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.
12. Тілеуханова А. Шәкәрім шығармаларындағы шеберлік пен таным бірлігі: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1995. – 28 б.
13. Қанаева С. Шәкәрім шығармаларындағы көркемдеуіш құралдар: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Астана, 2009. – 27 б.
14. Алипбаев А.М. Мирозрение Шакарима в культурно-историческом контексте: автореф. ... канд. филос. наук. – Алматы, 1990. – 30 с.
15. Айтбаева А. Шәкәрім Кудайбердіұлының діни-этикалық көзқарасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1996. – 25 б.
16. Әбдірасылова Г. Шәкәрім Кудайбердіұлы философиясындағы адам мәселесі: филос. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1998. – 25 б.

17. Рақымжанов Б. Шәкәрімнің дүниетанымы. – Қарағанды: «ҚарМу», 2008. – 155 б.
18. Бөкейханов Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. (1911 жылы басылып шыққан кітап жайлы) // Қазақ. – Қол қойған «Қыр баласы», 1913. – 28 сәуір. – №12. – 112 б.
19. Аймауытов М., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар // «Абай» журналы, 1918. – 203 б.
20. Әуезов М.О. Абай ақындығының айналасы // Кітапта: Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1967. – 391 б.
21. Мұқаметханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: «Дәуір», 1993. – 224 б.
22. Мағауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық., 1960-2002 жж. – Алматы: Қағанат, ҒМО баспасы, 2002. – Б. 122-145.
23. Дербісалин Ә. Шәкәрім поэмалары // Кітапта: Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 350 б.
24. Қаратаев М. Шәкәрім көз алдымызда // «Лениншіл жас» газеті, 1989.
25. Ахметов З. Лирика. // Кітапта: Әдебиеттану терминдер сөздігі. (Құрастыр.: З. Ахметов., Т. Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006. – 398 б.
26. Базарбаев М. Шәкәрім ақын // «Жұлдыз» журналы, 1989. – 621 б.
27. Кәкішұлы Т. Қаскөйлікті жеңген азамат // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 2. – 376 б.
28. Бердібай Р. Елеулі рухани олжа // «Қазақстан мұғалімі» газеті, 1988
29. Елеукенов Ш. Армысыз, Шәкәрім аға! // Кітапта: Елеукенов Ш. Жаңа жолдан, 1989. – 350 б.
30. Әбділдин Ж. Алаш азаматтарының ақталуы // Кітапта: Тағлым мен тағзым. – Алматы, 2002. – 345 б.
31. Рымғали Н. «Еңлік-Кебек» трагедиясы // М. Әуезов тағлымы. – Алматы: «Жазушы», 1990. – 450 б.
32. Жармұхаметұлы М. Әке аманатын ақтаған // Шәкәрімтану мәселелері –Алматы: Раритет, 2007. – Т. 2. – 376 б.
33. Мырзахметұлы М. Абай мен Шәкәрімнің сопылыққа қатысы // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 3. – 376 б.
34. Келімбетов Н. Шәкәрім және қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрінің көріністері // «Шәкәрім» журналы, 2006. – №2. – 445 б.
35. Есім Ғ. Даналыққа құштарлық. – Новосибирск: «Талер Пресс», 2005. – 500 б.



36. Күмісбаев Ө. Шәкәрім және Пушкин // «Шәкәрім» журналы, 2006. – №4. – 233 б.
37. Шәкәрім өлеңдеріндегі азаматтық әуен // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 3. – 376 б.
38. Бисенғали З. Шәкәрімнің «Әділ-Мария» романының көркемдігі // Қазақстан жоғарғы мектебі журналы, 2003. – №3. – Б. 172-176.
39. Исмакова А. Возвращение плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева. А. Байтұрсынова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова и М. Ауезова. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. – 200 с.
40. Сүтжанов С. Алаш және түркі руханияты. – Алматы, 2008. – 326 б.
41. Шәкәрімтану мәселелері // «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 448 б.
42. Шәкәрімтану мәселелері // «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 2. – 376 б.
43. Шәкәрімтану мәселелері // «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 3. – 376 б.
44. Шәкәрімтану мәселелері // «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 4. – 304 б.
45. Вопросы шакаримоведения: Собрание научных трудов // Серия «Атамекен». – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 5. – 480 с.
46. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ // «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2008. – Т. 3. – 304 б.
47. Шаһкәрім. Қажыма, ойым, қажыма. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – Т. 1. – 408 б.
48. Шаһкәрім. Өкінішті өмір. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – Т. 2. – 408 б.
49. Шаһкәрім. Үзілмеген үміт. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – Т. 3. – 664 б.
50. Шәкәрім. Энциклопедия / Бас. ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей: Тенгри, 2008. – 364 б.
51. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Кітапта: Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (Құраст. Шәріпов., Дәуітов С.) – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
52. Әуезов М. Таңдамалы. Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми еңбектер: монография, зерттеулер, мақалалар, сөздер, баяндамалар, хаттар / Бас. ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1997. – 512 б.
53. Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: «Қазмемкөрәдебас», 1960. – 363 б.

54. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
55. Қабдолов З. Жанр сыры. – Алматы: ҚМКӘБ, 1964. – 171 б.
56. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1997. – 504 б.
57. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров және қазіргі қазақ поэзиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1968. – 300 б.
58. Байтанаев Ә. Жамбыл лирикасының идеялық-көркемдік ерекшелігі. – Алматы, 1956. – 221 б.
59. Әбдірахманова Т. І. Жансүгіровтың лирикасы. – Алматы: Жазушы, 1964. – 245 б.
60. Сейдімбеков А.С. Қазақтың халық лирикасындағы қара өлең жанры. – Алматы, 1989. – 124 б.
61. Нұрғали Р. Сырлы сөз. – Алматы, 2000. – 400 б.
62. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Бес томдық шығармалар жинағы // Ғылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – Т. 5. – 760 б.
63. Еспенбетов А.С. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың лирикасы. – Алматы, 1975. – 65 б.
64. Қуандық Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік // Монография. – Павлодар: Павлодар университеті баспасы, 2000. – 382 б.
65. Дәуітов С. Ә.Тәжібаев лирикасының азаматтық-философиялық сарындары. – Алматы, 1982.
66. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 199 б.
67. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты. – Алматы, 1997.
68. Көшенова Т.И. Абайдың өлең жүйесін дамыту дәстүрлерінің ХХ ғасырдың басында жалғасуы. – Алматы, 1998.
69. Тебегенов Т.С. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі: Әдеби процесс. Авторлық поэзия // Ақындық өнер психологиясы. – Алматы: Білім, 2001. – 332 б.
70. Бұзаубағарова Қ.С. Олжас Сүлейменов өлеңі. – Алматы, 1984.
71. Қабдолов З. Идея // Кітапта: Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі, Қазақстан Даму институты, 1999. – 750 б.
72. Ахметов З. Идеялылық // Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі, Қазақстан Даму институты, 1999. – 750 б.
73. Чичерин А.В. Идеи и стиль. О природе поэтического слова. «Советский писатель». – М., 1968. – 374 с.
74. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. – Алматы: Атамұра, 2008. – 336 б.

75. Әбдіғазиев Б. Шәкәрімнің лирикалық шығармалары. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994. – 72 б.
76. Ахметов З. Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ әдебиетінде алатын орны // Жинақта: «Шәкәрім – ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы және дамытушы». Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Семей, 1998. – 158 б.
77. Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда. Ғылыми жинақ // «Шәкәрім әлемі» сериясы. – Алматы: Раритет, 2008. – 184 б.
78. Әбдіғазыұлы Б. Шәкәрім: дәстүр және көркемдік // Монография. – Семей: «Үш биік», 2007. – 225 б.
79. Маралбек А. Хақиқаттың шын нұры (Шәкәрім жырларындағы Шығыс шайырларының желісі) // Кітапта: Шәкәрім. Иманым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000. – 321 б.
80. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк – Пресс, 2008. – 968 б.
81. Ердембеков Б.А. Абайдың әдеби ортасы. – Алматы: Информ-Арна, 2008. – 440 б.
82. Выготский Л.С. Психология искусства / Под ред. М.Г. Яршевского. – М.: Педагогика, 1987. – 344с.
83. Жармұхаметұлы М. Жыраулық һәм ақындық поэзияның даму жолдары // Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. (ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000. – 568 б.
84. Сүтжанов С. Шәкәрім поэзиясындағы сопылық сарындар // Кітапта: Шәкәрім әлемі: таным мен тағлым: Ш. Құдайбердіұлының 150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 30 мамыр. 2008 жыл. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008. – 448 б.
85. Жеменей И. Шәкәрім және парсы әдебиеті Жинақта: Ақын, тарихшы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 150 жыл толуына арналған // «Қазақ халқының рухани мәдениеті: зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері». Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Шымкент, 2008. – Т. 3. – 318 б.
86. Жеменей И. Хафиз – Шәкәрім рухани үндестігі. – Алматы: «Даналық мәйегі», 2008. – 148 б.
87. Жеменей И. «Егер сүйікті ол бала...» // Кітапта: Шәкәрім. Энциклопедия / Бас ред. Е.Б.Сыдықов. – Семей, 2008. – 864 б.
88. Ахметов З. Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. Құраст. Т. Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 360 б.
89. Магомедова Д.М. Филологический анализ лирического стихотворения. Учебное пособие для студентов филологического

факультета выс. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 192 с.

90. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. – Алматы: Атамұра, 2008. – 336 б.

91. Шаңбай Т. Шәкәрімнің философиялық лирикасы // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. (Құрастырған Т. Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Галер-Пресс», 2008. – 1024 б.

92. Ахметов З. Азаматтық лирика // Кітапта: Әдебиеттану терминдер сөздігі. (Құрастыр. З. Ахметов., Т. Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Галер-Пресс», 2006. – 398 б.

93. Минералов Ю.И. Теория художественной словесности (поэтика и индивидуальность): Учеб. Для студентов филол. фак. высш. учеб. Заведений. – М.: Гуман. изд. центр. ВЛАДОС, 1999. – 360 с.

94. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. // Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1967. – 391 б.

95. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 256 б.

96. Қирабаев С. Алашорда және «ұлтшылдық» әдебиет // Кітапта: Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. (Зерттеулер мен мақалалар.). – Алматы: «Ғылым» баспасы, 2001. – 447 б.

97. Квятковский А. Поэтический словарь. – М.: «Советская энциклопедия», 1966. – 375 с.

98. Мағауин М. Абайдың інісі // Кітапта: Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1998. – 256 б.

99. Есім Ғ. Ғашықтық // Кітапта: «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас. ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – 720 б.

100. Гете. Собрание сочинений в 13 томах. – М.: ГИХЛ, 1935. – Т. 7. – 147 с.

101. Соколов А.Н. Теория стиля. – М.: Искусство, 1968. – 210 с.

102. Поспелов Г.Н. Проблема литературного стиля. – М., 1970. – 330 с.

103. Виноградов В.В. Проблема авторства и теория стилей. – М., 1961. – С. 320.

104. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 228 б.

105. Шаяхметұлы Қ. Шәкәрім сөзі және қазақ әдеби тілі // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. (Құрастырған Т. Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Галер-Пресс», 2008. – 1024 б.

106. Малинова-Димитрова Л. Анчар // Кітапта: Лирика А.С. Пушкина: комментарий к одному стихотворению / Отв. ред. Н.И. Михайлова. Науч. Совет РАН «История мировой культуры»; Государственный музей А.С. Пушкина. – М.: Наука, 2006. – С. 237.

107. Мүтитегі З. Фариза Оңғарсынова лирикасы. – Орал: БҚМУ, 2002. – 188 б.
108. Қабдолов З. «Сөз өнері». – Алматы: Ғылым, 1993. – 360 б.
109. Мырзабек Дүйсенов. Жанр сипаты. Қазақ ССР-нің Ғылым Академиясы. – Алматы: «Ғылым», 1971. – 270 б.
110. Федотов О.И. Основы теории литературы: Учеб. Пособие для студ. выс. учеб. заведений: В 2 ч. – М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, Литературное творчество и литературное произведение, 2003. – Ч. 1. – С. 272
111. Қирабаев С. Революция және әдебиет. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1977. – Т. 1. – 376 б.
112. Ахметов З.А. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
113. Веселовский А.Н. «Из истории эпитета» // Кітапта: Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – М.: «Высшая школа», 1989. – С. 406
114. Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
115. Озеров Л. «Ода эпитету» // Озеров Л. Мастерство и волшебство. – М.: «Советский писатель», 1976. – С. 392
116. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. – Алматы, 1970. – 441 б.
117. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: «Мектеп», 1991. – 407 б.
118. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: «Мектеп», 1978. – 192 б.
119. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: генезис. – Алматы: «Ғылым», 2001. – 278 б.
120. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуальды метафоралар. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 385 б.
121. Нұржекеева Л. Метонимияның лингвистикалық табиғаты. (көмекші оқу құралы). – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 78 б.
122. Введеие в литературоведение: Учебник Н.Л. Вершинина, Е.В. Волкова, А.А. Илюшин и др. / Под общ. ред. Л.М. Крупчанова. – М.: Издательство Оникс, 2005. – 416 с.
123. Шәкәрімұлы Ахат. Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім.// Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ // «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 1. – 448 б.
124. Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 256 б.
125. Бибекөв Қ. Шәкәрімнің поэтикалық тілі // Шәкәрімтану мәселелері. (Құрастырған Т. Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2008. – 1024 б.

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	3
<b>I ТАРАУ ШӘКӘРІМ ЛИРИКАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ЖАНРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	
1.1 Ақын өлеңдерінің идеялық-тақырыптық негізі .....	8
1.2 Ақын өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшеліктері .....	51
<b>II ТАРАУ ШӘКӘРІМ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛІЛІК ТАБИҒАТЫ</b>	
2.1 Ақын өлеңдеріндегі лирикалық қаһарман .....	79
2.2 Ақын өлеңдерінің тілдік-бейнелілік сипаты .....	97
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	130
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	135

**Н.Б. Ағалиева**

**ШӘЖӘРІМ ЛИРИКАСЫНЫҢ  
ЖАНРЛЫҚ-КӨРКЕМДІК СИПАТЫ**

*Монография*

Басуға қол қойылды 15.09.2016 г.  
Гарнитура Times New Roman.  
Форматы 29,7 x 42 ½. Офсеттік қағазы.  
Көлемі 6,8 шартты б.т. Таралымы 300 дана.  
Тапсырыс №1001

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының  
ғылыми-баспа орталығы  
140002, Павлодар қ., Мир көшесі, 60